Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина

ЕБҚ бар балалардың мамандық таңдауында отбасы, мектеп және жұмыспен қамту мекемелерінің өзара іс-әрекеті бойынша әдістемелік ұсынымдар

Методические рекомендации по взаимодействию семьи, школы и органов по трудоустройству при выборе профессии детьми с ООП

Нұр-Сұлтан
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 26 қарашадағы № 8 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 26 ноября 2019 года)

ЕБҚ бар балалардың мамандық таңдауында отбасы, мектеп және жұмыспен қамту мекемелерінің өзара іс-әрекеті бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 152 б.

Методические рекомендации по взаимодействию семьи, школы и органов по трудоустройству при выборе профессии детьми с ООП. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 154 с.

Құралда түлектерді жұмысқа орналастыруда жалпы білім беретін мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының рөлі сипатталады. ЕБҚ бар білім алушыларды табысты кәсібилендірудің әлемдік тәжірибесіне сүйеніп, ЕБҚ бар балалардың мамандық таңдауында отбасы, мектеп және жұмыспен қамту мекемелерінің табысты өзара іс-әрекет жолдары ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп басшыларына, мұғалімдерге, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

В пособии раскрывается роль профориентационной работы в общеобразовательной школе для трудоустройства выпускников. На основе мирового опыта успешной профилизации обучающихся с ООП предлагаются пути эффективного взаимодействия семьи, школы и органов по трудоустройству при выборе профессии детьми с ООП.

Методические рекомендации предназначены руководителям, учителям общеобразовательных школ, методистам, специалистам отделов и управлений образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019
Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2019

Кіріспе

Қазіргі заманның жаһандық мәселелері қазақстандық қоғамның дамуында, бірінші кезекте жас ұрпаққа ықпал етуде әсерін тигізуінде көрінеді.

2015 жылы ЮНЕСКО шешімімен қабылданған «Білім беру 2030 немесе Тұрақты дамудың мақсаттары 4» жаңа жаһандық білім беру бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан басқа да қатысушы мемлекеттер секілді «барлық адам үшін өмір бойы білім алу мүмкіндігін ілгерілетуді және толық әрі әділ сапалы білім беруді қамтамасыз етуге міндетті» [1].

Құжатта балалар мен ересектерде жаңа қабілетті – «XXI ғасыр дағдыларын» (21st Century Learning Skills) дамыту міндеттеріне ерекше мән берілген. Жылдам өзгерістер мен белгісіздікке бейімделуі үшін адамдарға бәсекеге қабілетті және сұраныста болуға жәрдемдесетін дағдылар қажет. Әлемде «Soft Skills» – «икемді» (немесе «жұмсақ») дағдылар дегенді білдіреді. Аталмыш дағдыларға «ортақ құзыреттер» (transversal) жатады. Олар өз алдына сыни және инновациялық ойлаудан, эмоционалды интеллекттен, тұлғааралық, тұлғалық дағдылардан, жаһандық азаматшылықтан, ақпараттық сауаттылықтан т.б. тұрады.

Мұндайда білім алушының тұлғасы ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және ұйымдастыруда өзіндік жұмысқа дайындығы, ойлай білу, дәлелдей білу, шешім шығарып, оны орындауға жеткізе білу секілді біліктері бірінші орынға шығады.

Дегенмен білім беру ұйымдары түлектерінің, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар (бұдан әрі – ЕБҚ) балалардың еңбек нарығына әлеуметтік-экономикалық бейімделуінің қазіргі деңгейі сұраныстарға қажеттілікке жауап бермейді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарында ЕБҚ бар түлектерге кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру мен әлеуметтендіру мәселелерін қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Мәселені қарастыра келе еліміздің білім беру жүйесінде әлеуметтік-педагогикалық қарама-қайшылықтардың орын алғандығын байқауға болады: тұлғаны әлеуметтендіруде кәсіби педагогикалық қызметтің қолданыстағы технологиясының жүйесіз болуы мен азамат ретінде жоғары тұлғалық сапаларға ие, бәсекеге қабілетті, сауатты маманды қалыптастыруды қоғамның қажет етуі арасында.

ЕБҚ бар білім алушыларға кәсіптік бағдар беру олардың денсаулық жағдайларын, психофизиологиялық мүмкіндіктерін, психологиялық ерекшеліктерін, қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, кәсіптік білім беруге қабілеттерін анықтау, кәсіптік бағдар беруде қолғабыс ету мақсаттарында жүргізілуі тиіс. ЕБҚ бар балаларды табысты кәсібилендіру үшін оларда өздеріне, өз мүмкіндіктеріне оң қатынасын, өздерінің психофизиологиялық ерекшеліктерін максималды түрде адекватты бағалау қажеттілігін түсінуін дамыту маңызды.

ЕБҚ бар балалар мен жасөспірімдердің дамуындағы ерекшеліктер диапазоны өте ауқымды: қалыпты дамитын, уақытша және салыстырмалы

түрде оңай реттелетін бұзушылықтары бар балалардан бастап орталық нерв жүйесі қайтымсыз ауыр зақымдалған балаларға дейін; арнайы қолдаудың көмегімен өз қатарластарымен теңдей дәрежеде оқи алатын балалардан бастап өз мүмкіндіктеріне жеке білім беру бағдарламасын бейімдеуді қажет ететін балаларға дейін. Жоғарыда аталған ерекшеліктер білім алушылардың аталмыш тобымен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуде қиындықтар тудырады. Себебі қиындықтар диагностика үшін қажетті әдістемелік құралдарды таңдау кезеңінің өзінде-ақ туындап бастайды.

Осыған байланысты ЕБҚ бар балаларға кәсіптік бағдар беруді кешенді түрде іске асыру қажет. Мұндайда процеске ата-аналарды, әртүрлі мамандарды, қосу қажет. Мамандықты таңдаушы тұлғаның типологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін әдістемелік нұсқаулықты ЕБҚ бар жасөспірімнің мүмкіндіктеріне бейімдеу қажет және кәсіби жоспарды кәсіптік бағдар берудің барлық аралығында ЕБҚ бар жасөспірімдердің мүмкіндіктеріне сәйкес түзету керек.

Мұндайда баланың бойында қандай да бір мамандықты меңгеріп шығу үшін қажетті сапаларға тәрбиелеуде психологиялық-педагогикалық жұмысты жүргізілуі маңызды. ЕБҚ бар жасөспірімдерге кәсіптік бағдар берудің маңызды да жауапты бағыттарының бірі – кәсіби психофизиологиялық және психологиялық диагностика. Олар жасөспірімнің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін объективті түрде ақпаратты ұсынады [2].

Жаңа формация педагогы жұмысты жаңаша жасауы келесідей болуы шарт: кәсіби шеберлік пен тәжірибені тиімді дамытудың үздіксіз жұмысына ұзақ мерзімге қосылуы; кезекті жүйелі әрекеттерді тыңғылықты жоспарлай білуі; педагогикалық қызметтің тиімді нәтижелеріне қол жеткізуге шоғырланған болуы.

Аталған аспектілерде жасақталған әдістемелік ұсынымдар ЕБҚ бар білім алушыларға қатысты білім беру жүйесі мен әлеуметтік процестерді жаңғырту бойынша қажет болып табылады және талап етіледі.

Әдістемелік ұсынымдарда түлектерді жұмысқа орналастыру үшін жалпы білім беретін мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының рөлі сипатталған. ЕБҚ бар білім алушыларды табысты кәсібилендірудің әлемдік тәжірибесіне сүйеніп, олардың мамандық таңдауында отбасы, мектеп және жұмыспен қамту мекемелерінің табысты өзара іс-әрекет жолдары ұсынылады.

1 ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕГІ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ РӨЛІ

Қазіргі уақытта еліміздің басты ұлттық байлығы жоғары білікті, білім алуға бейім және икемді кадрлар болып табылады. Жастарға өмірлерінің қай кезеңінде болмасын жұмысқа орналасуда өздерінің бәсекеге қабілеттілігін және ұтқырлығын қолдау бойынша міндеттер қойылып келеді.

Кәсіби жолдың табыстылығы, ал түптеп келгенде адамның өз өміріне қанағаттануы сапалы білім деңгейіне, еңбек нарығындағы конструктивті мінез-құлыққа және бірінші кезекте мамандық таңдауына байланысты. Әрбір нақты тұлға үшін кәсіптік бағдар беру жұмысының маңыздылығы мен қажеттілігін Дейл Карнегидің мына сөздері растайды: «Адам өз өмірінде оның келешектегі барлық өміріне ықпал ететін кем дегенде екі таңдау жасауы керек: өмірлік серігін таңдау және мамандық таңдау».

«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев мүлдем жаңа идеологияны ұсынады. Оның негізінде әрбір қазақстандықтың өндірістік еңбегі әлеуметтік жаңғыру мен жаһандық бәсекелестіктің шешуші ұлттық факторы ретінде ерекше бағыт ретінде Елбасы жас қазақстандықтарды дербес өмірге, бастамашыл еңбекке бейімдеудің тиімді жүйесін құруды атады [3]. Сонымен қатар «Халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына жататын азаматтарды әлеуметтендіру тетігін дамыту қажет. Бұл, бірінші кезекте, ЕБҚ бар балалар, көп балалы отбасы мүшелері, зейнет жасындағы адамдар және т.с.с. Бұл тұрғыда арнайы заңнама, мәселен, әлеуметтік жұмыс орындары туралы заң қажет» міндеті белгіленген [3].

Қазіргі құқық тұрғысынан барлық адамдар тең азаматтық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға ие. Қазақстан Республикасында заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (14-бап) [4].

Жалпы құқықтардан басқа, ЕБҚ бар балаларда олардың мүдделерін жүзеге асыруға арналған арнайы құқықтар да бар. Олар қоғамда лайықты өмір сүрудің қосымша кепілі болып табылады және ЕБҚ бар балаларға осындай қосымша құқықтарды беру әділ, өйткені олар басқа адамдармен әрқашан тең жағдайда бола бермейді. Мемлекет ақыл-ой немесе физикалық бұзушылықтары бар адамдардың олардың өздеріне деген сенімділігіне ықпал ететін және қоғам өміріне белсенді қатысуын жеңілдететін, қадір-қасиетін қамтамасыз ететін жағдайларда толыққанды және лайықты өмір сүруге тиіс деп таниды.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңының 1-бабында келесідей анықтама берілген [5]:

- *кәсіптік бағдар* – білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру

және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңның 15-бап 1-тармағына сәйкес: «Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі» [6].

БҰҰ Бас Ассамблеясымен 1989 жылғы 20 қарашада бірауыздан қабылданған, Қазақстан Республикасында 1994 жылы ратификацияланған «Бала құқықтары туралы» Конвенциясының 2-бабында қатысушы мемлекеттер тарапынан қамтамасыз етілетін баланың келесі құқықтары қарастырылған: «Қатысушы мемлекеттер өздерінің юрисдикциясы шектерінде тұратын әрбір баланың осы Конвенциямен көзделген, оның ата-анасының немесе қамқоршысының қандай да бір кемсітушіліксіз нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына, баланың денсаулығының және туылуының жай-күйіне немесе өзге де жағдайларына қарамастан, барлық құқықтарын құрметтейді және қамтамасыз етеді» [7].

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 ҚР Заңының 1-бап 12-тармағында келесідей анықтамалар берілген:

- мүгедек бала – тіршілік етуінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организмінің функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығына зақым келген он сегіз жасқа дейінгі адам;

- өмірлік қиын жағдайда жүрген бала (балалар) – қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын бала (балалар) [6].

Осы заңнамалық актінің 4-бап 1-тармағына сәйкес «Тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие» [6].

16-баптың 1-тармағында: «Баланың еңбек бостандығына құқығы» туралы 16-бабында: «Әрбір баланың еңбек бостандығына, қызмет және кәсіп түрлерін еркін таңдауға құқығы бар» деп көрсетілген [6].

Инклюзивті білім берудің негізгі идеясы ЕБҚ бар білім алушыларға сапалы білім беру үшін ерекше жағдай жасаумен барлық балаларға тең қарым-қатынас жасау болып табылады. Білім беру сапасының түсінігі көпаспектілі және полисубъектілі. Ол білім алушылардың жеке даму, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу және қоғамдағы өз орнын анықтау қажеттіліктерін қанағаттандыруды бейнелеп қоймайды, сонымен қатар жұмыс берушілерге,

мемлекетке, қоғамға, оның білім беру жүйесіне және жалпы академиялық қоғамдастыққа да қатысты болады.

Білім беру сапасы бірінші кезекте әрбір адамның тиімді әлеуметтенуіне, яғни қоғамдық өмірде жеке, кәсіби және қоғамдық қызметті құру құралдарын иеленуге қажеттілігін қанағаттандырумен байланысты. Әлеуметтену үш негізгі салада жүзеге асырылады: қызмет, қарым-қатынас және өзін-өзі тану. Инклюзивтік білім беруде ЕБҚ бар білім алушыларды, оның ішінде мүгедектігі бар балаларды әлеуметтендірудің осы салаларын толық және тиімді толықтыру жүргізіледі [8, 4 б.].

Сапалы білім алу ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалар үшін өмірлік маңызды, сондықтан сапалы жалпы және кәсіптік білім алу қолжетімділігі мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарының бірі – барлық білім алушылар үшін бірдей академиялық талаптар. Инклюзивті ортада ЕБҚ бар білім алушылардың өз-өзін бағалауы және өз күшіне деген сенімділігі артады, олар саналы түрде дайындық бағытын таңдай алады, нәтижесінде ол келешекте өздерін қызықтырған мамандықтарға жұмысқа орналасуға көмектеседі. Аталмыш ортада ЕБҚ бар білім алушыларда өз қиыншылықтары бойынша уайымдары азайып, қатарластарымен, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жүзеге асады. Сонымен қатар білім беру ортасындағы сыныптан тыс әрекеттер оларға әлеуметтік ортаға бейімделуіне жақсы мүмкіндік береді [8, 4 б.].

ЕБҚ бар білім алушылардың әлеуметтік интеграциясы белгілі бір уақыт ішінде тұлғалық болмыстың кеңеюі; әлеуметтік топпен, қоғаммен, мәдениетпен көпдеңгейлі идентификация; ЕБҚ бар балаларды олардың қажеттіліктерінің кешенін қанағаттандыру мақсатында өзара әрекетті ұйымдастыру негізіндегі әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастарға жүйелі қосылу процесі ретінде қарастырылады. ЕБҚ бар балалардың әлеуметтік интеграциялануының мәні, ғалымдардың пікірінше, бірінші кезекте олардың қоғамға «қосылуына», әлеуметтік өмірдің барлық түрлері мен формаларына қатысу үшін құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту негізіндегі қарапайым тұлғааралық қатынастарға байланысты [9, 5 б.].

Инклюзивті білім беру жағдайында ЕБҚ бар білім алушыларды оқытудың білім беру ұйымының білім беру кеңістігі жағдайында табысты бейімделуін қамтамасыз ететін бейімделу мүмкіндіктерінің дамуына ықпал ететін шарттары мен механизмдерін жетілдіруде тиімді әдістер мен педагогикалық технологияларды анықтап, енгізу қажет.

Инклюзивті білім беруді енгізу ЕБҚ бар балаларды жалпы білім беретін мектептерге интеграциялауды білдіреді. Мектептер болса, білім алушылардың аталмыш контингентімен жұмыс жасау үшін педагогтар тарапынан да, материалдық-техникалық тараптан да, психологиялық тараптан да жеткілікті түрде дайын емес.

Инклюзивті білім беру әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін оқытудың одан да икемді тәсілін жасақтауға бағытталған. Білім алушылар

арасындағы айырмашылықтарды игеруге тиіс кедергілер емес, педагогикалық процеске ықпал ететін ресурстар ретінде қарастыру қажет [10].

Мамандық таңдау мәселесі әр адамның өміріндегі ең басты мәселелердің бірі болып табылады. Негізгі немесе жалпы орта білім деңгейінде оқуды аяқтай отырып, түлектер көбінесе одан әрі білім алу кезеңдерін нақты тұжырымдай алмайды, яғни жеке кәсіптік бағдар құра алмайды. Бұл олардың мектептен кәсіптік білім беру жүйесіне кетуге дайын еместігін, сонымен қатар таңдау бойынша пәндер немесе элективті курстар жиынтығын анықтай алмайтынын білдіреді. Кәсіптік бағдар беру жеке тұлғаны қабілеттері сәйкес келетін қызмет саласына бағыттауды мақсат етеді.

Кәсіби өзін-өзі анықтау – адамның өзінің кәсіби қабілеттерінің даму деңгейін, білімі мен біліктерінің кәсіби уәждерінің құрылымын сезінуі; олардың адамға қойылатын талаптарға сәйкестігін сезінуі; осы сәйкестікті таңдаған мамандыққа қанағаттану сезімі ретінде сезінуі.

Кәсіби өзін-өзі анықтау уақыты – жасөспірім кезең. Осы кезеңге тән баланың өзін-өзі тануының дамып, жаңа деңгейінің қалыптасуы, өз дүниетанымын қалыптастыруы, өмірдегі ұстанымдарды айқындауы кәсіби өзін-өзі анықтау процестерін жандандырады. Сондықтан дәл осы жылдары оқушылардың жеке қасиеттері мен мүмкіндіктерімен сәйкес келуі үшін мамандық таңдауын ақылға қонымды және дұрыс жүзеге асыруға болатын қабілеттері мен «күшті жақтарын» анықтау және мүмкіндігінше дамыту өте маңызды [11, 4 б.].

Кәсіпті таңдауға дайындық жеке тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуының ажырамас бөлігі болып табылатындықтан да маңызды және оны жеке тұлғаның адамгершілік, еңбек, интеллектуалдық, саяси, эстетикалық және физикалық жетілуімен, яғни оқу-тәрбие процесінің барлық жүйесімен бірге және өзара әрекетте қарау керек [12, 187 б.].

Өскелең ұрпақты еңбек етуге дайын, жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыру бойынша жетекші ұйым ретіндегі мектептің рөлі мектеп, отбасы, тұтас қоғам жүзеге асыратын кәсіптік бағдардың бірыңғай көп қырлы процесінде педагогикалық ұжымдардың айқындаушы позициясын негіздейді. Мұғалім оқушыларға олардың бейімділігі мен қабілеттерін түсінуге көмектеседі, олардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, олардың кәсіби қызығушылықтарын дамытуға бағыттайды. Педагог педагогикалық жағдайға, өзінің мүмкіндіктеріне, білім алушының қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне қарай кәсіптік бағдар беру мақсатына жету үшін, мектептің міндеті болып табылатын жастарды кәсіпті таңдауға даярлау міндеттерін жүзеге асыру үшін тұлғаға ықпал етудің педагогикалық құралдары мен әдістерінің кешенін талғауы тиіс.

Сонымен қатар кәсіптік бағдар ересек өмірге қадам басқалы тұрған білім алушының кәсіптік бағытын дамыту мақсатында мамандықты немесе тәрбие жұмысының жүйесін ғылыми негізде таңдауға, білім алушыларға кәсіптік өзін-өзі анықтауға көмек беру деп түсініледі.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының психологиялық-педагогикалық негіздемесін зерттей отырып, келесі тұжырымдарға келуге болады:

- мамандықты таңдау – адамның өзінің мүдделері, қабілеті, мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктері, сондай-ақ қандай да бір кәсіби салада қойылатын талаптар тұрғысынан өз бағытын белсенді іздеуі;

- өзін-өзі тану процесін өзектілендіру қажет, білім алушылардың, оның ішінде ЕБҚ бар балалардың өздерін еңбек қызметінің белсенді субъектісі ретіндегі түсініктер жүйесін дамытуы;

- кәсіптік өзін-өзі анықтаудың маңызды аспектісі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымымен немесе жоғары оқу орнымен танысу нәтижесінде пайда болатын кәсіби қызығушылықты практикамен бекітілген тұрақты сипаты;

- кәсіптік бағдар беру жұмысында нақты таңдауға ғана емес, білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауға, өзінің даму перспективаларын жоспарлауға және іске асыруға дайындығын қалыптастыруға назар аударуы;

- адамдардың көпшілігі кәсіпті емес, өмір салтын, қарым-қатынас аясын таңдайды, мұндайда мамандық ұнамды өмір салтына жетелейтін құралдардың, жолдардың бірі ретінде көрінеді.

Қазіргі уақытта кәсіптік бағдар берудің өзектілігі бұрынғыға қарағанда жоғары. Кәсіптер мен мамандықтарды таңдаудағы алуан түрлілік, білім беру мен оқыту үшін мүмкіндіктер, өмірдің жаңа экономикалық жағдайлары, жаңа кәсіптердің пайда болуы – адамдарды өзінің кәсіби өмірі мен мансабының мәселелеріне барынша назар аударуға итермелейтін себептердің бір бөлігі ғана. Сондықтан инклюзивті практиканы жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдары шеңберінде психологиялық-педагогикалық практика тарапынан осы сұранысты адекватты қамтамасыз етудің маңыздылығы сөзсіз [13].

Осылайша, кәсіптік бағдар беру жеке тұлғаның ішкі психологиялық ресурстарын жандандыруға бағытталуы нәтижесінде тұлға кәсіби қызметке қосылып, өзін кәсіпте толық жүзеге асыра алуы тиіс. Қазіргі уақытта оқушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтау жұмысын күшейту мен өзгермелі жағдайларға байланысты жетілдіріп отыру қажет. Мектеп жалпы білім беру жүйесін экономикалық жүйемен, оқушылардың қажеттіліктерін қоғам қажеттіліктерімен, қазіргі оқушылардың келешегімен байланыстыру маңызды. Осыған байланысты жалпы білім беретін ұйымда кәсіптік бағдар беру білім алушылардың өзі туралы білімін кеңейтуге, өзін-өзі танудың белсенді процесін ынталандыруға бағытталуы тиіс. ЕБҚ бар білім алушыларда еңбек нарығындағы жағдай және нарықтық экономика жағдайында кәсіби өмірдің перспективалары туралы барабар түсінік қалыптастыру қажет [11, 5 б.].

Қазіргі еңбек нарығы күрделі және алуан түрлі. Бір жағынан, ол жеке қасиеттерді жүзеге асыру және кәсіби мансапты құру үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынады, екінші жағынан – кәсіби және жеке қасиеттерге жоғары талаптар қояды, өзін-өзі белсенді жүзеге асыру қажеттілігін талап етеді. Мамандықты дұрыс таңдау табысты әлеуметтендірудің негізгі шарты болып табылады. Бұл проблеманы шешу бірнеше факторларды есепке алуға негізделеді. Мұндай жағдайда:

- қандай да бір жұмысты орындайтын адамға қойылатын талаптар мен кәсіптер әлемін жақсы білу;

- өз мүдделері мен бейімділігін дұрыс анықтау, өз мүмкіндіктерін, денсаулық жағдайын, қабілеттері мен таңдаған мамандық талаптарына сәйкестігін бағалау;

- еңбек нарығының жағдайын, оның қажеттіліктерін және аймақтық ерекшеліктерін зерттеу;

- білім алудың және одан әрі біліктілікті арттырудың нақты мүмкіндіктерін ескеру қажет болып табылады.

Барлық факторларды қамтамасыз еткенде ғана мамандықты таңдау кәсіби әлемде өз орнын оңтайлы табуға жәрдемдеседі.

Ол үшін кәсіптік бағдар беру қызметінің маңызды әдіснамалық негіздерінің бірі ретінде белсенді білім беру ортасын құруды және тәрбие мен өзін-өзі дамытудағы жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін есепке алуды қарастыратын психологиялық-педагогикалық ғылымның жетекші принципі ретінде тұлғалық-әрекеттік тәсілдемеде көрініс табады. Дәл осы принцип білім алушының кәсіптік бағдар беру процесіндегі жағдайын анықтайды, оны белсенді қызмет субъектісі деп тануды білдіреді.

ЕБҚ бар білім алушылардың құндылықты бағдарлары мәселелері кәсіптік бағдар беру қызметі шеңберінде мамандық таңдау процесін тиімді іске асыру үшін ерекше маңызға ие.

Кәсіптік бағдар берудің теориялық ережелерінде аталған қызметті қоғамдық құбылыс ретінде сипаттайтын ерекше қағидаттар бар:

- мамандық таңдауда саналы ұстаным еңбек қызметіндегі жеке қажеттіліктерді өз таңдауымен қанағаттандыруға ұмтылады;

- таңдап алынатын кәсіптің жеке тұлғаның мүдделеріне, бейімділігіне, жеке қабілетіне және сонымен қатар қоғамның белгілі бір кәсіп кадрларына деген қажеттіліктеріне сәйкес болу принципі мамандықты таңдаудың жеке және қоғамдық аспектілерінің байланысын білдіреді;

- тиімділік принципі еңбекке баулап тәрбиелеу мен оқытудың берік негізін қарастыратын ЕБҚ бар білім алушылардың еңбек дайындығына құрылады, өйткені еңбек дайындығынан тыс кәсіптік бағдар абстрактілік, шақыру, практикадан алшақтық, жеке тұлғаның еңбек және кәсіби қалыптасуының жалпы міндеттерінен өзгеше сипаттарға ие болады;

- кәсіптік бағдардағы жүйелілік пен сабақтастық бастауыш сыныптан бастап сыныптан сыныпқа міндетті түрде сабақтастығы жағдайында кәсіптік бағдар беру жұмысын қамтамасыз етеді;

- мектеп, отбасы, кәсіпорындар, ТжКБ ұйымдары мен қоғамның білім алушыларға кәсіптік бағдар беруде өзара әрекеттесуі. Мұндайда ортақ әрекеттің мақсатқа бағытталуы және үйлестірілуі көзделеді;

- жасына және кәсіби мүдделерінің қалыптасу деңгейіне, құндылықты бағдарлары мен өмірлік жоспарларындағы әртүрліліктерге, оқу жетістіктерінің деңгейіне қарай білім алушыларға сараланған және жеке тәсіл. Ерекше қажеттіліктерге байланысты оқушыларды топтар бойынша саралау оларға ықпал ету құралдарын нақты анықтауға мүмкіндік береді, олар бір топта тиімді

бола отырып, екіншісінде тиімсіз болуы мүмкін. Осылайша, саралау жеке тәсілді іске асыру үшін жағдай жасайды;

- дәстүрлі түрде қолданылатын жаппай формаларды пайдаланбай, жұмыстың жеке формаларына назар аударуды күшейту қажеттілігін мақұлдайтын оқушылармен және олардың ата-аналарымен кәсіптік бағдар беру жұмысының топтық және жеке формаларының әртүрлі формаларды пайдаланудың оңтайлы үйлестіреді.

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысының басты мақсаттарының бірі оқушылардың жеке кәсіптік бағдарын құру болып табылады. Жеке білім беру бағыты ғалымдармен мақсатты жобаланатын сараланған білім беру бағдарламасы ретінде анықталады, ол білім алушыға білім беру бағдарламасын таңдау, әзірлеу және жүзеге асыру субъектісі позициясын педагогтардың өзін-өзі анықтау және өзін-өзі іске асыруын педагогикалық қолдауды жүзеге асыруы кезінде қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты био-психо-әлеуметтік модельге негізделген тіршілік тынысы мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектелуінің халықаралық жіктемесі (бұдан әрі – ҚХЖ) тұрғысынан білім алушыларды әлеуметтендіру мәселелерінің маңыздылығын қарастыру қажет. ҚХЖ адам денсаулығының барлық аспектілерін және денсаулыққа, мысалы, маңызды қарым-қатынастардың болуын және сапалы білім алуды қоса алғанда, әл-ауқаттың құрамдас бөліктерін қамтиды.

Ол дискриминация немесе әлеуметтік оқшаулау тек қана әлеуметтік факторлардан туындаған жағдайларды қамтымайды, мысалы, діні, жынысы немесе этникалық қатыстылығы бойынша. Десе де, ол денсаулық пен әл-ауқат контекстінде әмбебап қолданыста бар. ҚХЖ мүмкіндігі шектеулі адамдарға ғана емес, барлық адамдарға қатысты.

Қызмет етудің халықаралық жіктемесі 1970 жылдары пайда болды, ол кезде адам өміріндегі ауруларды диагностикалау емес, ауру салдарын анықтау қажеттілігі туындаған еді. ҚХЖ артықшылығы денсаулық құрамдастарын денсаулық, тіршілік тынысының қызмет етуі мен шектелуі мәселелері және контекстік факторлар арасындағы динамиканы түсіну үшін негіз ретінде алуында. ҚХЖ аталмыш компонеттердің және олардың салдарының динамикасын тексеру үшін стандартталған жалпы тілді ұсынады және мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірлік жағдайын жақсарту үшін ықпал ету құралдарын түсінуде негіз ретінде қызмет етеді.

ҚХЖ адамдардың өздерін емес, адамдардың жағдайын сипаттайды. Тіршілік тынысының шектелуі мен қызмет етуі – ҚХЖ барлық компоненттерінің арасындағы өзара іс-әрекеттің нәтижесін сипаттау үшін жалпылама терминдер. ҚХЖ моделі осы өзара іс-әрекетті түсінуді визуализациялайды. ҚХЖ барлық секторларда және барлық жас топтары үшін пайдаланылуы мүмкін, бірақ оны мүмкіндігі (денсаулығы) шектеулі адамдарға мүмкіндік беру үшін пайдалану қажет.

Бүгінгі таңда тіршілік тынысының шектелуі аурудың салдары ретінде тұжырымдалмайды, адам денсаулығының жағдайы, қоршаған ортаның

факторлары және жеке факторлар арасындағы динамикалық өзара іс-әрекет ретінде түсініледі.

Тіршілік тынысының шектелуі – индивидтің атрибуты емес, шарттардың кешенді үйлесімі, олардың көпшілігі әлеуметтік ортамен қалыптасқан. Демек, жағдайды басқару әлеуметтік шешімдерді талап етеді және көп жағдайда қоғамның қоғамдық өмірдің барлық салаларында мүмкіндігі шектеулі адамдардың толыққанды қатысуы үшін қажетті қоршаған ортаның өзгеруін жүргізу үшін ұжымдық жауапкершілігін болжайды. Сондықтан осы ұстанымның немесе идеологияның нәтижесі әлеуметтік өзгерістер болады, олар саяси деңгейде адам құқықтары мәселесіне айналады.

ҚХЖ екі бөліктен тұрады, олардың біріншісі тыныс тіршілік қызметі мен шектеулері мәселелерін қарастырады, ал екінші бөлігі контекст факторларын қарастырады. Негізгі назар денсаулыққа байланысты аман-саулық құрамдастары ретінде тіршілік тынысы қызмет етуі мен шектелуіне аударылады. Контекстілік факторлар сыртқы (орта) және ішкі (нақты өмірлік жағдайларда қызмет етуге ықпал ететін тұлғалық факторлар) болады.

«Тіршілік тынысының қызмет етуі және шектелуі» ҚХЖ құрамдасы «нерв жүйесінің ақыл-ой функциялары/құрылымы» немесе «ас қорыту, зат алмасу және эндокриндік жүйе»/ас қорыту, метаболиттік немесе эндокриндік жүйелермен байланысты құрылымдар», сонымен қатар «қызмет көрсету аялары» деп аталатын (қызмет және қатысу), мысалы «білім алу және оны қолдану», «қарым-қатынас», «мобильділік» немесе «тұлғааралық өзара ықпалдастық және қарым-қатынастар» айналасында ұйымдасқан. Бірақ жіктеме ретінде «мүгедектік» қалай сипатталуы тиіс немесе бұзушылықтар қалай дамиды дегенді анықтамайды. Ол тек бұл мақсатта қолданылуы мүмкін тіршілік тынысының әртүрлі аялары мен концепцияларын ұсынады.

Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімінде – ББХСЖ-97 (ISCED-97 International Standard Classification of Education) ЕБҚ бар тұлғаларға ЭЫДҰ-ға (OECD) мүше мемлекеттерден алынған анықтама берілген: «адамдардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктері білім алу үшін қосымша қоғамдық және/немесе жеке ресурстарды ұсыну қажеттілігімен айқындалады».

Берілген ресурстық көзқарас ЕБҚ анықтамасына білім алушыларды оқыту кезінде туындайтын қиындықтардың әртүрлі спектрімен біріктіреді. Бұдан бөлек, ЭЫДҰ білім берудегі сәтсіздіктің объективті себептеріне сүйене отырып, көптеген елдерде пайдаланылатын категориялық жүйені әзірледі:

- қиындық тек биологиялық себептерге байланысты болған білім алушылар;

- беймәлім себептерге байланысты оқу кезінде қиындықтарға ұшырайтын білім алушылар;

- қолайлы орта жағдайларының болмауы салдарынан оқуда қиындықтарға тап болған білім алушылар.

Жаңадан қайта қаралған білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімінде (Бас конференция, 36-шы сессия, Париж, 2011 ж.) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған білім беру әртүрлі

себептерге байланысты қосымша қолдауды және білім беру бағдарламаларына қатысу және оқыту мақсаттарына қол жеткізу үшін олармен жұмыс жасаудың бейімделген педагогикалық әдістерін қолдануды талап ететін білім алушыларға бағытталғаны атап өтіледі. Бұл ретте мынадай ықтимал (бірақ осы тізіммен шектелмейтін) себептер келтіріледі: физикалық және ақыл-ой кемшіліктері, мінез-құлық сипатындағы проблемалар, эмоциялық аяның даму проблемалары және әлеуметтік сипаттағы проблемалар.

Қазіргі уақытта елімізде инклюзивті білім беру тәжірибесі қарқынды дамып келеді. Жалпы білім беретін мектептің штатына психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары енгізілуде: психологтар, логопедтер, педагог-дефектологтар. Олар ЕБҚ бар білім алушыларды қолдауда тиімді жұмыс жасау үшін максималды түрде дараландыру технологиялары мен командалық тәсілдемеге ие болу қажет. Оқушыны қолдау мен оқытуда дараландыруда басты рөл мұғалім екендігін ескеру қажет.

Оқытудың жеке тәсілдемесін қамтамасыз ету, нақты баланың ерекшеліктерін есепке алу, мұқият жүргізілген бағалау негізінде оқу бағдарламасы мен жоспарын әзірлеу – мектеп мұғалімдері мен мамандары үшін қиын міндет. Осының барлығы мұғалімдер мен мамандардың өзара тығыз қарым-қатынасын, білімін, тәжірибесін талап етеді.

Нормативтік құқықтық актілермен ЕБҚ бар білім алушыларды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз ету қажеттілігі бекітілген. Мұғалімнен басқа ЕБҚ бар білім алушыларды қолдайтын мамандар тобына келесі мамандар кіре алады: педагог-психолог, логопед-мұғалім, арнайы педагог, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент.

Өз ісінің мамандарының ұйымшыл тобы – жұмыстың мүмкін болуы үшін маңызды шарт. Команда тек білім беру ұйымының қызметкерлерін ғана емес, баланың ата-аналарын да қамтуы тиіс.

Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде ЕБҚ бар балаларға арналған кәсіптік бағдар беру жұмыстарының тәжірибесі әлі жинақталмағанын атап өту қажет, осыған байланысты арнайы мектептердің тәжірибесіне жүгіну орынды деп санаймыз. Келесі бөлімдерде елдің түрлі өңірлеріндегі арнайы ұйымдардың тәжірибесінен алынған материалдар орналастырылған.

Бұдан басқа, ЭЫДҰ елдерінің ұсынымдарына сүйене отырып, қиындықтары тек биологиялық себептерден туындаған және кәсіптік өзін-өзі анықтау кезінде қолдауды қажет ететін білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру мысалдарын келтіреміз.

Осылайша, ЕБҚ бар балалармен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру кезінде олардың даму ерекшеліктерін және олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеру қажет.

Есту қабілеті бұзушылықтары бар білім алушылардың психологиялық ерекшеліктері мен ерекше біліміне:

- қарым-қатынас жасау үшін ымдау тілінің көмегімен қарым-қатынас жасайтын өз нозологиялық тобының өкілдерін таңдау бейімділігіне байланысты, кәсіптік бағдар беруді жүзеге асыру кезінде оған оқушылар арасындағы қарым-қатынасты кеңейтуге ықпал ететін командалық жұмыс элементтерін, сондай-ақ

ЕБҚ бар барлық оқушылардың қарым-қатынасын біріктіретін және ынталандыратын бірлескен қызметті қосу қажет;

- психологиялық қорғауды туындататын алаңдатушылық пен сәтсіздіктен қорқу, олар белсенділікті және креативтілікті шектеуі мүмкін. Осыған орай, өзіне деген сенімділікті дамыту және табысты қызмет тәжірибесіне қол жеткізу үшін мүмкіндік беру, соның ішінде күрделі, бірақ көп тапсырмаларды беру, жетістіктері үшін көтермелеу және қолдау көрсету қажет;

- ойлау мен мінез-құлықтың стереотиптілігін жеңу үшін (егер жаңа міндеттерде ол нәтижесіз болса да, міндеттерді шешудің бір рет пайда болған тәсілі қайта-қайта қолданылады) кәсіптік бағдар беруде спонтандық пен креативтілікті дамытатын жаттығулар мен әдістерді қолдану ұсынылады;

- «барлығы сияқты» болу ниеті, өз идеяларын ашық айтар алдында қорқу, сондықтан кәсіптік бағдар беру жұмысы барысында әлеуметтік өзара әрекеттестіктегі дербестік пен батылдықты, даралықты және оны білдіру қабілетін дамыту қажет;

- айналадағы адамдардың өз жоспарларын, ерекшеліктері мен әрекеттерін бағалаудан және айыптаудан аулақ болу, бұл олардың кәсіптік бағдар беру қызметіндегі белсенділігін шектеуі мүмкін;

- есту қабілеті бұзушылықтары бар білім алушыларға конфронтация мен жанжалдардан аулақ болу тән болғандықтан, бағынышты және пассивті әлеуметтік мінез-құлыққа әкелмей, жанжалға түспеуі ынжықтық емес, құнды қасиет екенін баулу үшін оларда сенімді және табанды мінез-құлық дағдыларын дамыту керек;

- абстрактілі ойлау қабілетінің төмендеуіне байланысты, кәсіптік бағдар беруде көрнекі және бейнелі материалдарға, өмірден алынған мысалдар, нақты кеңестер мен ұсыныстарға сүйену керек, сонымен қатар абстрактілі және түсінікті ойлау қабілетін дамытуға бір мезгілде ұмтыла отырып, сондай-ақ құндылықтарды, уәждерді, идеалдарды, адамгершілік және моральдық категорияларды егжей-тегжейлі талдауды қоса алғанда, білім алушылардың «мәңгілік мәселелер» тақырыбында өз ойларының мүмкін болатын кемшіліктерін өтеу үшін, басқа топтармен жұмыс істеген кезде қарағанда, бұған көп уақыт салуды ұмытпай, мысалдар т.б. келтіру.

Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру кезінде көру қабілеті бұзушылықтары бар балалардың психологиялық ерекшеліктері мен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеру қажет:

- кәсіби бағдар беруде коммуникативтік дағдылар мен біліктердің жетіспеушілігін толықтыратын және коммуникативтік құзыреттілікті, әлеуметтік және эмоциялық интеллектті қалыптастыратын әлеуметтік-психологиялық жұмыс элементтерін енгізу қажеттілігі;

- көзі көретін құрдастарымен өзара қарым-қатынасты орнатудағы қиындықтар мен кедергілер (оқу орнында емес, жеке деңгейде, әуестену және бос уақытты өткізу саласында) жан-жақты әлеуметтену үшін жеткіліксіз қарым-қатынастың шектеулі тәжірибесін негіздеуі мүмкін, сондықтан білім алушылардың осы санатына кәсіптік бағдар беру дайындық жұмысы ретінде командалық қызметті және білім алушылардың арасында бірлескен қызметті

ұйымдастыруды білуі мен көзі көретін, көру бұзушылықтары бар немесе нашар көретін оқушылардың арасында кәсіптік бағдар беруді жүргізуі тиіс;

- көзі көретін балалармен өзара әрекеттен қорықпау керек, үрікпеу қажет, олар теріс әрекет жасауы мүмкін деп ойлмауы тиіс;

Көп жағдайда мұндай алаңдаушылық негізсіз емес, өйткені құрбы-құрдастары көру қабілеті бұзушылықтары бар баланы қалай да бір ренжітіп, мазақ қылғанда т.б. жағдайларда бала кезінде алған теріс тәжірибесі негізінде қалыптасады. Сондықтан қатарластарымен қарым-қатынастың оң тәжірибесіне қол жеткізу үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету арқылы оны еңсеру қажет;

- ақпаратты қабылдау, онымен алмасу, сондай-ақ жеке тұлғадан ақпарат алу қиындықтарын ескеру қажет, бұл ретте компьютерлік технологиялар арқылы ақпаратпен жұмыс істеу қиындықтарын мүмкіндігінше өтеу қажет;

- кәсіптік бағдар беру жұмысына көзі көрмейтін және нашар көретін ЕБҚ бар білім алушылармен қарым-қатынас жасау ережелерін қамтитын қарым-қатынас жасау ерекшеліктері туралы тренингтерді енгізу қажет: қалай қарым-қатынас жасау керек, амандасу керек, қоштасу керек, бірге бір жерге бару керек және т.б.

Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру кезінде ескерілуі тиіс тірек-қимыл аппараты бұзушылықтары бар білім алушылардың психологиялық ерекшеліктері мен ерекше білім беру қажеттіліктері:

- осы санаттағы адамдарда даму бұзушылықтарының көптігі (қозғалыс, сөйлеу, интеллектуалды, тұлғалық бұзушылықтар, көру, есту қабілетінің бұзушылықтары);

- эмоциялық өзін-өзі бақылау және аутотренинг дағдыларын дамыту арқылы еңсеру қажет дистреске ұшырағыштық пен эмоциялық ұшқалақтық;

- қарым-қатынастағы сәтсіздікке әкеп соқтыратын коммуникативтік қабілеттер мен дағдылардың дамымауы нәтижесінде адамдармен қарым-қатынасты болдырмау кезінде қарым-қатынас дағдыларын және сенімді мінез-құлықты дамытумен, жанжалдарды шешумен, айналасындағылармен сенімді және жылы қарым-қатынасты құра білумен еңсерілуі тиіс;

- осы санаттағы адамдардың көбі өзінің әлеуметтік мұқтаждығы мен бір мезгілде басқа адамдарға жоғары қажеттілік арасындағы қарама-қайшылықтар нәтижесінде өзін-өзі дұрыс бағаламайды. Бұл аталмыш санаттағы тұлғалардың «Мені» нақты «Мен» емес, жоғары бағаланған мінсіз «Менмен» сәйкестендірілуіне байланысты. Психологиялық қорғау нәтижесінде олар өздеріне қатысты жағдайда өздері қалағандай қарым-қатынасты күтеді және өздерімен өздері болғысы келетіндей дәрежеге жеткен секілді қабылдайды.

Бір жағынан, тұлғаның мұндай түрі қол жеткізу мен әлеуметтік белсенділіктің жоғары уәждемесін сақтауға, кемшіліктерін сезінуге жол бермеуге көмектеседі, бірақ екінші жағынан – әлеуметтендіруді қиындатуы, мінездегі акцентуация мен патологияларды тудыруы, әлеуметтік инфантильділікті, өзімшілікті, қорғаншылыққа тәуелділікті және шығармашылық қабілеттер мен жоғары рухани сезімдердің дамымағандығымен күрделенуі мүмкін. Бұл белгілер кәсіптік бағдар беру жұмысы және

психологиялық-педагогикалық қолдау жағдайында рефлексияны дамыту, өзін-өзі жүзеге асырудың шынайы жолдарын іздеу және табу, дербестік, ерік-жігерлік өзін-өзі реттеу, жауапкершілік және әлеуметтік белсенділікті қамтитын тұлғаның субъектілік қасиеттерін дамыту жолымен, нақты «Мен» идеалдығына жақындай отырып, сондай-ақ кәсіптік бағдар беру жұмысы мен әлеуметтік-психологиялық тренингтердің нәтижелері бойынша адекватты «кері байланыс» ұсыну бойынша адамгершілік және эстетикалық сезімдерді, альтруизмді, танымға сүйіспеншілікті, мінез-құлықтың моральдық-ерік нормаларын дамыту жолымен түзетілуі тиіс. Алайда психологиялық қорғаудың ұзақтығы мен қуаттылығына байланысты оны түзету әдетте жоғары емес тиімділікке ие екендігін ескеру керек, сондықтан нәтижеге қол жеткізу үшін оған елеулі уақыт пен назар аудару қажет.

Кәсіптік бағдар берудің тиімді процесі үшін көптеген ұйымдардың нақты әртүрлі жоспарлы өзара іс-әрекетін жолға қою қажет. Оқушының кәсіби мансабын қалыптастырудағы әлеуметтік серіктестік және жастардың кәсіби мансабын қолдауда жастардың кәсіби-білім алу қажеттіліктерін зерттеу, жалпы білім беретін мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының кәсіптік бағдарын ұйымдастыру, барлық үлгідегі білім беру ұйымдарында кәсіби мансапты жоспарлау бойынша курстарды әзірлеу және енгізу бойынша іс-шараларды қамтиды. Мұндай жұмыс білім беру бағдарламалары мен түрлі ұйымдардың өзара іс-әрекет жүйесі деңгейіндегі оқу қызметінің жүйелілігі, өзара байланысы жағдайында ғана табысты болады.

Осылайша, жалпы білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар беру жұмысы барысында, ЕБҚ бар балаларды қоса алғанда, келесі міндеттер шешіледі:

- оқушыларға өзін-өзі тануға көмек көрсету, оқушыларды мамандық таңдауға психологиялық дайындау;
- оқушыларға кәсіптік бағдар беру бойынша жүйелі оқу жұмысын ұйымдастыру;
- оқушы тұлғасын, оның кәсіби мүдделерін, ниеттерін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін зерттеу;
- бұқаралық кәсіптердің мазмұнымен танысу, олардың өңірге қажеттісін насихаттау;
- оқушылардың өзіндік «күш сынамасын» жүзеге асыра алатын әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру;
- оқушыларға кәсіптік бағдар беруді жүзеге асыратын басқа ұйымдармен мектептің байланысын орнату және қолдау;
- оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша ата-аналарымен жұмыс;
- сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдердің, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының, білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысының міндеттерін шешетін педагогтардың қызметін үйлестіру [11, 20 б.].

Аталған міндеттерді шешу жолдары келесі бөлімдерде баяндалады.

2 ЕБҚ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ТАБЫСТЫ КӘСІБИЛЕНДІРУДІҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Кәсіптік бағдар берудің шетелдік тәжірибесін зерделеу қажеттілігі бірқатар факторларға байланысты. Біріншіден, кәсіптік бағдар беру еңбек нарығын дамыту саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу маңызды болып табылады. Бұл бөлімде АҚШ, Еуропа және Азия секілді экономикасы неғұрлым дамыған елдерді қарастыруды ұсынамыз. Шет елдердегі қазіргі кәсіптік бағдар тәжірибесін зерделеу кәсіптік бағдар беру қызметін жүзеге асыратын негізгі бағыттар, ең алдымен, кәсіптік ақпарат, кәсіптік кеңес жұмысы, кешенді, тұрақты топтық және жеке кәсіби кеңес беру, кәсіптік өзін-өзі анықтаудың, жұмысқа орналасу, халықтың әртүрлі топтарын әлеуметтік пен өндірістік кәсіптік бейімдеудің барлық процесі жағдайында кәсіптік таңдау және кәсіптік іріктеу болып табылатындығын көрсетеді. Бұл барлық құрамдастары еңбекке қабілетті халықтың тиісті жас топтарына (ең алдымен жастарға) бағдарланған жүйе жұмыс істейді және кәсіби даярлық бейініне, сондай-ақ кәсіпті таңдауға, еңбек ету аясына, сонымен қатар тиімді кәсіби қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді. Жалпы, кәсіптік бағдар беруге еуропалық көзқарас, ең алдымен, Еуропа елдері тұрғындарының құқықтары мен бостандықтарына, оның ішінде кәсіптік өзін-өзі анықтау еркіндігіне деген құндылықтары мен көзқарастарына негізделген, ал кәсіптік бағдар беру қызметін үйлестіру мен қамтамасыз етуді негізінен мемлекет атқарады [14, 34 б.].

Дамыған батыс елдерінде жастармен кәсіптік бағдар беру жұмысы мемлекеттердің әлеуметтік және экономикалық саясатының маңызды бөлігі ретінде қарастырылады, бұл бірқатар халықаралық құқықтық актілерде көрсетілген, олардың қатарына Еуропалық әлеуметтік хартия, Халықаралық Еңбек Ұйымының №142 «Адам ресурстарын дамыту саласындағы кәсіби бағдарлау және кәсіби даярлау туралы» Конвенциясы (Женева, 23.06.1975) және Халықаралық Еңбек Ұйымының № 150 «Адам ресурстарын дамыту саласындағы кәсіптік бағдарлау және кәсіптік даярлау туралы» ұсынысы (Женева, 23.06.1975) жатады. Барлық дамыған елдерде кәсіптік бағдар беру жұмыс күшінің сапасын арттырудың маңызды құралы ретінде түсіндіріледі, бұл жаһандық әлемдегі экономика тиімділігінің маңызды шарты болып табылады.

Батыс елдеріндегі оқушылар мен жастардың кәсіптік бейімделуі жүйелі үлгіге негізделген. Жастарды кәсіптік бағдарлау және жұмысқа орналастыру бірыңғай кешеннің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, оған кәсіптік ақпарат, кәсіптік кеңес пен ұсыныстар беру, кәсіби іріктеу мен кәсіби таңдау, бастапқы жұмысқа орналастыру мен еңбек қызметіне бейімдеу бойынша шаралар кіреді, бұл тұтастай алғанда «өтпелі қызмет көрсету» терминімен белгіленеді.

Кәсіптік бағдар мәселелерімен айналысатын теоретиктердің пікірі бойынша, «өтпелі қызмет көрсету» кешенді жүйесі жалпы білім беретін мектепте оқудан кәсіптік мектепке және одан кейін кәсіптік қызметке ауысқан кезде жастарға қатысты үйлестірілген жүйелі іс-әрекеттердің кең спектрін

білдіруі тиіс. Жалпы білім беру жүйесі еңбек және жұмыспен қамту органдарымен тығыз байланыста болуға және «өтпелі қызмет көрсету» іс-әрекеттерінің барлық кезеңдеріне қатысуға тиіс.

Шетелдік дереккөздерді талдау барысында дамыған елдердегі кәсіптік бағдар беру жүйесінің айқын бірыңғай тәсілдемелері жоқ екенін куәландырады. Әрине, кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруда тарихи дәстүрлер бар. Бірақ әртүрлі елдерде бірдей сұрақтарға жауап іздейді:

- кәсіптік бағдар – ұйымдастырушылық бөліністе, жалпы және кәсіптік білім беру функциясы ма әлде жұмыспен қамту органдарының функциясы болып табыла ма?

- жастарды кәсіптік бағдарлау үшін арнайы мекемелер қажет пе және олардың құқықтық мәртебесі қандай?

- кәсіптік бағдар беру мамандары педагог, психолог па немесе бұл ерекше мамандар түрі ме?

Жалпы білім беру жүйесінде кәсіптік бағдар беруді дамытуда, атап айтқанда, кәсіптік бағдар беру жұмысының жалпы білім беретін орталарда болу маңыздылығына байланысты мектепте мұғалімдердің басқа мамандармен – мектеп психологтарымен, медиктермен, әлеуметтік педагогтармен, сондай-ақ басқа да мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, бизнес-құрылымдарының мамандарымен ынтымақтастығын жолға қою болып табылады.

Сонымен қатар, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін басты жауапкершілік мектептегі білім беру жүйесіне жүктелмеуі тиіс деген көзқарас та кең тараған. Атап айтқанда, жастарды кәсіптік бағдарлау және жұмысқа орналастыру орталықтары үлгісіндегі арнайы агенттіктер өздерінің тиімділігін дәлелдеді. Мектептер орта білімін аяқтағаннан кейін оқушылармен не болып жатқанын ойламау себебінен бұл маңызды болып табылады [15, 360 б.].

Көптеген онжылдықтар бойы мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылған кәсіптік бағдар беру жүйесі табысты жұмыс істеп келе жатқан **Францияны** еуропалық көшбасшы деп санауға болады. Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру еңбек нарығы жағдайы мен олардың отбасындағы ұстанымдарын ескере отырып, бірақ міндетті түрде жеке тұлға мен кәсіби талаптарға сәйкес болашақ еңбек қызметінің түрін таңдаудан басталады. Францияда кәсіптік бағдар беруге көмектесу және қатысу тек оқушыларға ғана емес, ересектерге де қатысты [14, 35 б.].

Франция мемлекеттік деңгейде оқушыларға кәсіптік бағдар беру жүйесі құрылған, оның негізгі құрамдас бөліктері оқу бағдары (іріктеуді оқу орындарының типтері бойынша жүзеге асыратын) және кәсіптік бағдар болып табылатын Еуропаның бірнеше елдерінің бірі екенін ескеру қажет [16, 321 б.].

Францияда оқушылардың кәсіптік бағдары XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап кезең-кезеңімен дамып, өз дамуында үш тарихи үлгіден өтті:

- идеалистік механикалық үлгі (XX ғасырдың 20-50 жылдары);

- технократиялық үлгі (XX ғасырдың 60-80 жылдары);

- тәрбиелілік үлгісі (XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап).

Оқушылардың кәсіптік бағдарының *идеалистік механикалық үлгісінің* негізінде диагностикалық тұжырымдамаға сәйкес кәсіптік бағдар тестілік диагностика барысында алынған оқушының кәсіби талаптары мен жеке сипаттамалары арасында ең жақсы (мінсіз) сәйкестілік орнату ретінде қабылданды. Кәсіптік бағдар тек мектеп түлектері үшін құрылған кәсіптік бағдар бюросының мамандарымен жұмыс іздеу кезінде жүзеге асырылды. Кәсіптік бағдар берудің бұл үлгісі бір жағынан жасөспірімнің кәсіпті дұрыс таңдалмауы салдарынан (өз жұмысына қанағаттанбауы, еңбек өнімділігінің төмендігі, медициналық қарсы көрсетілімдермен байланысты өндірістік жарақаттану және т.б.) қорғау, ал екінші жағынан, экономиканың білікті жұмысшы кадрлары мен ауылдық қолөнершілерге қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатын алға қойды. XX ғасырдың 40-50 жылдарында кәсіптік бағдар беруге осындай тәсілдеменің нәтижесінде Францияда жеке кәсіптік бағдар беру бюролары пайда болды, олар клиенттерді жұмыс берушінің алдында кандидатты неғұрлым тиімді ұсыну үшін тест сұрақтарына «дұрыс» жауап беруге үйретті.

Оқушылардың кәсіптік бағдарының *технократиялық үлгісі* нақты мамандықты таңдауға емес, мектепте оқытудың барлық кезеңінде жүзеге асырылған аталған таңдауға дайындыққа бағытталған. XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы білім беру реформалары Францияның білім беру жүйесінің орталығына кәсіби және оқу бағдарының өзара іс-әрекетін қойды. Технократиялық үлгіге оқу орны тарапынан кәсіптік бағдарды ұйымдастыру мен жүзеге асыруда қатаң басқару, оқушылар мен олардың ата-аналары тарапынан оқушылардың кәсіптік сараланuына ықпал ету мүмкін болмайтындай сипат тән.

Оқушыларға кәсіптік бағдар берудің *тәрбиелік үлгісінің* пайда болуы индустриялық-ақпараттық қоғамға көшумен байланысты, ол еңбек нарығында көптеген инновациялық процестердің пайда болуына әкеп соқты, сонымен қатар жұмыссыздық мәселесін шиеленістірген ұзақ экономикалық дағдарыстың ауырлығына әкелді. Еңбекті ұйымдастырудың жаңа экономикалық моделі жоғары білікті, бастамашыл, ұтқыр, жаңа білім алуға дайын қызметкерлерді талап етті. Сондықтан да кәсіптік бағдар берудің негізгі мазмұны оқушының жеке тұлғалық қалыптасуында, өз болашағын анықтауда, соның ішінде кәсіби қалыптасуында үздіксіз қолдау болып табылады. Бұл ретте қолдау мектепте білім алуды бітірумен аяқталмайды, түлекті жұмысқа орналастыру және оның еңбек әлеміне кірігуіне дейін жалғасады. Осы кәсіптік бағдар беру үлгісіне оқушылардың бейімделуге, ұтқырлыққа, креативтілікке қабілетін дамытуға бағытталған жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, педагогикалық және психологиялық қолдау технологияларын қолдану шарт.

Осылайша, оқушылардың Франциядағы кәсіптік бағдары білім беру жүйесіне біртіндеп интеграцияланды және мемлекеттің кадрлық мұқтажын қанағаттандырудан оқушылардың кәсіби мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға қайта бағдарланды [17, 35 б.].

Қазіргі уақытта Францияда кәсіптік бағдар беру мәселелерімен айналысатын үш ұлттық агенттіктің параллель құрылымы жұмыс істейді: білім беру және кәсіби ақпарат жөніндегі ұлттық бюро, кәсіби ақпарат және бағдар беру орталықтары, ұлттық жұмыспен қамту агенттігі. Жоғарыда аталған агенттіктердің жұмысын Білім және Еңбек министрліктерінің өкілдерінен құрылған комитет үйлестіреді.

Мұнда мүгедектерге қатысты саясаттың негізі «empowerment» – олардың жеке белсенділігін ынталандыру болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін бұл өзін-өзі бақылау, қоршаған ортаға әсер ету, өз мәселелерін шешуге қатысу, өз құқықтары мен мүдделерін қорғау дегенді білдіреді [27].

АҚШ-та мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруда мемлекеттік емес агенттіктер үлкен рөл атқарады. Мемлекеттік құрылымдар осындай ұйымдардың қызметін қаржыландырады және жұмыс іздеу мен жұмыс орнын сақтауда елеулі қиындықтарға тап болған азаматтарды бағыттайды. Осындай екі агенттіктің жұмыс үлгісін келтіруге болады. Олардың бірі – мүгедектігі бар адамдарға лайықты бос жұмыс орнын табуға көмектесетін Дороти Крет жеке агенттігі, жұмыс берушілерге арнайы еңбек жағдайларын жасау жөнінде кеңес береді және қызметкердің бастапқы жұмыс кезеңінде әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етеді. Басқа – BeaconGroup коммерциялық емес ұйымы, ол кеңселік және өндірістік алаңдардың көлемі бойынша үлкен бизнес-корпорацияға ұқсайды. Ол менталдық мүгедектігі және психикалық аурулары бар адамдарды жұмысқа орналастыруға маманданған. Қызметкерлер BeaconGroup-ке тиесілі «Айрбас» компаниясы үшін күрделі емес бөлшектер өндірісінде және тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратуда практикалық жұмыс тәжірибесін алады және одан әрі басқа ұйымдарға жұмысқа орналасады. Тағы да ескере кететін жайт, мемлекеттік құрылымдар тарапынан қоғамдық бірлестіктер мен бейінді коммерциялық ұйымдарға өкілеттік беру тиімді болып табылады [28].

Канада кәсіби бағдар беру жүйесін құрудағы қызықты тәжірибесімен ерекшеленеді. Осылайша, Канадада постмодернистік бағдардағы кәсіби кеңес берудің мықты ғылыми мектебі пайда болды. Бұл мектептің көшбасшылары (D.Tiedeman, R.V. Peavy, A. Collin, R.A. Young және т.б.) бірінші болып постиндустриялық қоғам жағдайында кадрларды кәсіптік даярлау процесіне жаңа тәсілдемелердің қажеттілігін түсінді. Мамандар кәсіптердің «өмір сүру мерзімі» қысқаруына, бұрын алған білім мен дағдының тез ескіруіне, халықтың түрлі санаттарының қажеттіліктеріне байланысты неғұрлым жаппай және

бейімделген жүйеге қажеттілік туындайтыны белгілі болды. Десе де, қазіргі жағдайда орта оқу орындары өз күшімен кәсіби бағдарды тиісті деңгейде ұйымдастыра алмайды – жастарға еңбек қызметінің барлық түрлері туралы, жаңа мамандықтар туралы, олардың қайсысы неғұрлым сұранысқа ие және қажетті арнайы дайындықтан қалай алуға болатыны туралы барабар түсінік беру қиын.

Осыған байланысты 1980 жылдары Канадада бұрын соңды басқа принциптермен құрылған кәсіптік бағдар берудің көп сатылы жүйесі құрылды. Оқушылармен жұмыс ерте жасөспірімдік жаста басталады, бірақ мектеп қабырғасында ғана қалып қалмай, формасы бойынша әртүрлі болады. Барлық ауыртпалық осы мақсат үшін арнайы құрылған мекемеге ауыстырылған.

Мектептердегі алғашқы кәсіптік бағдар реформасының өзегі – оның жұмыс күшіне деген нақты қажеттіліктермен өзара байланысын күшейту. Атап айтқанда, шағын қалалар мен ауылдық жерлердегі мектептерде кәсіптік бағдарламалардың құрылымы жергілікті билік өкілдерінен, оқу орындарынан, кәсіпкерлерден, неғұрлым ірі жергілікті компаниялардың басшыларынан тұратын еңбек ресурстары жөніндегі өңірлік комитеттердің ұсынымдарын ескере отырып өзгертіледі. Комитеттердің негізгі міндеттерінің бірі – жергілікті жерлердегі жұмыс күшіне ағымдағы және перспективалық сұранысты зерделеу мен осы кадрларды даярлау процесіне сәйкес басқару.

Болашақ мамандықты таңдау және өзіндік еңбек өміріне дайындалу үшін жасөспірімдердің жазғы демалыс кезінде жұмысқа тұруы маңызды болып саналады. 13-14 жас аралығындағы оқушылардың уақытша жұмысы отбасының жағдайына қарамастан кең таралған тәжірибе болды. Бірақ кәсіптік бағдар берудің жаңа жүйесі аясында білім алушыларды жұмысқа алуды ұйымдастыруға еңбек жөніндегі мемлекеттік органдар белсенді қосылды. Жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы ақпаратты жұмысқа орналасуға көмектесу орталықтарының ақпараттық бөлімдерінен алуға болады. Канадада мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің тұрақты жұмыс істейтін 400-ден астам орталығы бар, олардың негізгі міндеті – бос жұмыс орындары мен бос жұмыс күші туралы ақпаратты жинау және тарату, кәсіптік бағдар беру, жұмысқа орналастыру мен кәсіптік оқыту мәселелері бойынша консультация беру, сондай-ақ жұмыс күшін пайдалануға байланысты түрлі мәселелер бойынша кәсіпкерлерге консультация беру.

Бірақ жазғы демалыс кезінде білім алушыларды жұмысқа орналастыруда басты рөлді уақытша (сәуір айынан қыркүйек айына дейін) орталықтар атқарады, олардың қызметкерлері – колледждер мен университеттердің жоғары курстастары студенттері мен соңғы түлектері – жұмыспен қамту қызметінің консультанттарының көмегімен қысқа дайындық курстарынан өтеді. Олар жұмыстардың мерзімдері, көлемі мен ақы төлеу туралы келісе отырып, түрлі мемлекеттік және жеке ұйымдармен (кейде ішінара немесе толық ақы төлеу жазғы кезеңде жастарды жұмысқа орналастырудың арнайы бағдарламаларына бөлінетін мемлекеттік қаражат есебінен жүзеге асырылады) келісім-шарттар жасасады. Жоғары сынып оқушылары сондай-ақ кішкентай балаларды қарау,

қарттар үйлері мен ауруханалардағы қызметкерлерге көмек көрсету үшін тартылады [15, 365 б.].

Оқушыларға кәсіптік бағдар берудің канадалық жүйесі АҚШ-қа қарағанда мектептегі оқытудың негізгі процестеріне неғұрлым интеграцияланған. Әр мектепте кәсіптік бағдар беру бөлімі бар, онда кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша кеңес берумен қатар оқушылар пәндерді таңдау және өз кестесін құру бойынша ақпарат ала алады. Бұл кәсіптік бағдар бөлімдері облыс тарапынан 385 оқушыға 1 кәсіптік бағдар беру консультанты қатынасына қарай қаржыландырылады.

Мансаптық оқытудың басты құралы бірнеше жыл бұрын енгізілген «Individual Pathway Plan» (IPP) жеке оқыту жоспары болып табылады, ол мектепте 7-12 сыныптар аралығында қолданылады (Ontario Ministry of Education website, 2016). Бұл оқушы үшін барлық қажетті ресурстар орналастырылған веб-құрал. IPP құралын пайдалану кәсіптер банкіне қолжетімділікті қамтамасыз етеді, пайыздық қатынаста өзінің мансаптық жоспарының орындалуын қадағалауға мүмкіндік береді, сондай-ақ көптеген қосымша модульдерге, оның ішінде онлайн-режимде жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді. IPP көмегімен шамамен төрт мың мамандық туралы ақпарат алуға болады. Олардың әрқайсысы бойынша лауазымдық талаптар, қажетті жеке тұлғалық қасиеттер және жалпы білімнің талап етілетін деңгейі, мансаптық өсу мүмкіндіктері, жергілікті және жалпыұлттық еңбек нарықтарында осы мамандық мамандарына сұраныс деректері (Ontario Ministry of Education website, 2016) сияқты мәліметтер беріледі. Білім министрлігі IPP-ды «Табысқа жету жолы» мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру мен мансаптық білім беру бойынша канадалық бағдарламаны табысты жүзеге асыруға жәрдемдесетін құрал ретінде қарастырады [18, 10 б.].

Мүгедектігі және ЕБҚ бар тұлғаларға кәсіптік бағдар беруге қатысты айтар болсақ, Канадада білім беруді дамыту саясаты жалпы алғанда инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға ықпал етеді. Канадада білім берудің әртүрлі деңгейлері мен әртүрлі дәрежелері бар, мұнда балалардың барлығы бірдей білім беру бағдарламалары бойынша оқи алмайтыны (мүгедектігі бар немесе жоқтығы маңызды емес) туралы идея көрсетіледі, осыған байланысты жеке жоспар құру тәсілі қолданылады. Білім беру мекемесіне қабылдау кезінде Канадада мектеп кеңесі ерекше қажеттіліктері бар оқушыға сыныптағы басқа өзге оқушылармен бірлесіп оқуға мүмкіндік беретін білім беру бағдарламасын ұсынуы тиіс. Бірегей қажеттіліктердің өлшемдері мынадай деңгейлер бойынша анықталады: біріншісі көптеген қажеттіліктері бар оқушыларды қамтиды – тәуелді мүгедектер немесе құлағы естімейтін – көзі көрмейтін мүгедектер, екінші деңгей ақыл-ой мүмкіндіктерінің орташа/ауыр бұзушылықтары бар, физикалық бұзушылықтары бар немесе созылмалы аурулары бар, көру қабілеті бұзушылықтары бар, аутистік спектрі бұзушылықтары бар немесе саңырау немесе нашар еститін оқушыларды қамтиды және үшінші деңгей мінез-құлық

бұзушылықтары бар және қарқынды араласуды қажет ететін оқушыларды немесе күрделі психикалық аурулары бар оқушыларды қамтиды [14, 41 б.].

Швеция үкіметі мүгедектерді жұмысқа қабылдайтын жұмыс берушілерді ынталандырады, оларға әрбір осындай қызметкерге қосымша қаржы төлейді. Заңнамада мүгедектерді жұмысқа қабылдау бойынша жұмыс берушінің міндеті бекітілген [30].

Швецияда 1993 жылы «Стенста-Центр»деп аталатын ЕБҚ бар тұлғаларды кәсіби оңалту орталығы құрылды. Бұл орталықта кәсіптік бағдар беру, кәсіптік оқыту, әлеуметтік және медициналық оңалту, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу арқылы кәсіптік кеңес беру, мүгедектерді кәсіптік оңалту бойынша іс-шаралар өтеді. Мұндай оңалтудың ұзақтығы шамамен 2 жылды құрайды.

Швецияда және мемлекеттік кәсіпорындарда мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін ЕБҚ бар тұлғалармен 1980 жылдан бастап көптеген филиалдары бар «Самхалл» кәсіпорны жұмыс істейді. Осы кәсіпорында қолдау көрсетіп жүрген жұмыспен қамту кезеңінен өтіп, мүгедектер ашық еңбек нарығына өтеді. Мүгедек аталған кәсіпорын қызметінің бағыты бойынша жұмыспен қамту үшін азаматтары бола тұра, кәсіптік оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес іс-шараларды әлеуметтік және медициналық оңалтудан өтеді [31, 210 б.].

Швецияда соңғы онжылдықтар ішінде жұмысқа орналастыру және мүгедектер үшін еңбек нарығында жұмыс орындарын сақтау туралы бірқатар заңдар қабылданды.

Швецияда және кейбір басқа мемлекеттерде үкіметтер жұмыс берушілерді кәсіпорындарға салық жеңілдіктерін берумен емес, әрбір жұмыс істейтін мүгедекке жеке демеу қаражатын төлеумен ынталандырады. Мүгедектің өзі мүгедектік бойынша жәрдемақы мен жалақыны алады, бірақ төлем сомасы белгілі бір шектен аспайды.

Швецияда мүгедекке қозғалу, спортпен айналысу үшін техникалық құралдар беру заңмен белгіленген. Бұдан басқа, мүгедектерге арналған пәтерлерді арнайы бейімдеу құрылғыларымен жабдықтау қарастырылған [32].

Көп жағдайда мемлекет пен қоғамның мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қатынасы мүгедектіктің ашық және толыққанды статистикасымен айқындалады. Мысалы, **Аустралияда** мүгедектігі бар адамдардың жалпы саны бойынша статистикалық деректерді табу, олардың ауру себептері бойынша және жасы бойынша бөлінуі аса қиындық тудырмайды. Сонымен қатар Аустралияда мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту бағдарламаларын жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдардың кең желісі бар, олардың көпшілігі бірегей болып табылады. Табысты қоғамдық ұйымдасуға оқыту, жұмысқа орналастыру, қолжетімділік, туризмді жатқызуға болады. People With Disability (PWD) ұйымы көптеген стандартты бағыттар бойынша мүгедектігі бар адамдарды оқыту, жұмысқа орналастыру, кеңес беру қызметтерімен айналысады. Оның тәжірибесі жұмыс берушілер үшін арнайы ағартушылық бағдарламалар жасап, оларды мүмкіндігі шектеулі адамдармен ұжымда жұмыс істеуге үйретеді.

You’re Welcome коммерциялық емес ұйымы өзінің ресми сайтында мүгедектігі бар қоршаған адамдардың инфрақұрылымдарға – қоғамдық көлікке, жағажайларға, дәретханаларға және басқа да нәрселерге қолжетімділігі туралы ақпаратты ұсынады. Inclusive Recreation For Australians of All Abilities – негізінен мемлекет тарапынан қаржыландырылатын, мүгедектігі бар адамдарға демалысты және туризмді ұйымдастыру мәселелері бойынша ақпараттық қызметтер көрсететін ұйым. Disability Services Australia – мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған қоғамдық ұйым. Ол мүгедектігі бар адамдарды оқыту және жұмысқа орналастыру бағдарламаларын жеке-бағдарлы тәсілдеме арқылы жүзеге асырады. Оларға резюме жазуға, телефон арқылы сөйлесуге, іскерлік хат жазуға үйретеді және бұларды мүгедектігі бар немесе жоқ адам екеніне қарамастан жұмыс іздеген кез келген адам білуі тиіс. «Аустралияның көзі көрмейтін адамдарының қоғамдық бірлестігі» (Blind Citizens Australia) аптасына бір рет жаңа Horizons бағдарламасы бар радиода сөз сөйлейді.

Мемлекет тарапынан ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдауды атап көрсете отырып, аустралиялықтар үшін үкіметтің маңызды ақпараттық ресурсын атап өту қажет: www.aystralia.gov.au. Ол елде және оның түрлі өңірлерінде мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық ұйымдары туралы ақпаратты ғана емес, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін көптеген басқа да пайдалы ақпаратты ұсынады. Мысалы, сайтта мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы жабдықталған қоғамдық дәретханалардың интерактивті картасын табуға болады. Сонымен қатар Аустралияда мүгедектігі бар адамдар үшін Australian Disability Parking Scheme арнайы бағдарламасы әзірленді. Осы ресурстың әр бетінде мәтін өлшемін, түс параметрлерін өзгерту, мәтінді тыңдау мүмкіндігі бар. Бұл мүгедек адамдарға интернет желісінде бола отырып, барлық мүмкін болатын жағдайда ақпарат алуға кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді. Елде мүгедектігі бар адамдарды қолдаудың көптеген мемлекеттік бағдарламалары іске асырылуда: Job Access (Қолжетімді жұмыс), Better Start (Жақсы бастама), Disability Employment Services (Мүгедектерді жұмыспен қамту бағдарламасы), Family Living Initiative (Отбасылық өмір) және басқалар. Әртүрлі жастағы мүгедектігі бар адамдар мемлекеттік бюджеттен ай сайынғы және жылдық өтемақы төлемдерін алады. Сондай-ақ Аустралия үкіметі мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсететін үздік жеке компанияға түрлі номинациялар бойынша жыл сайын байқау өткізеді [29, 56 б.].

Аустрияда мүгедектерді әлеуметтік қорғау және оңалту бойынша кең заңнамалық база бар. Мәселен, «Мүгедектерді интеграциялау туралы» АКТ, «Мүгедектерді қорғау туралы» АКТ, «Соғыс құрбандарына медициналық қызмет көрсету туралы» АКТ, «Туберкулез жөнінде» АКТ, «Әлеуметтік қамсыздандыру туралы» жалпы Заң, «Әлеуметтік сақтандыру туралы» жалпы Заң, «Жұмысқа орналастыру кезінде көмек көрсету туралы» Заң бар.

Аустрияда мүгедектерді әлеуметтік қорғау жөніндегі қызметті Әлеуметтік істер министрлігі мен мүгедектер істері жөніндегі провинциялық агенттіктер

ұйымдастырады. Бұдан бөлек, мүшелері федералдық және өңірлік үкіметтердің, кәсіби қауымдастықтардың, сақтандыру ұйымдарының, мүгедектердің қоғамдық ұйымдарының өкілдері болып табылатын екі үйлестіруші орган жұмыс істейді. Олардың негізгі қызмет саласы – министрлік аппаратына консультациялық қызметтер. Әрбір провинциялық басқарманың мүгедектерді оңалту жөніндегі комиссиясы болады.

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін квоталар мен субсидиялар жүйесі арнайы цехтар мен кәсіпорындар құру ынталандырылады. Мүгедектерді кәсіптік бейімдеу орталықтары ұйымдастырылған.

Бельгияда заңнамамен мүгедектерді медициналық және әлеуметтік оңалту жүзеге асырылатын ауқымды әлеуметтік сақтандыру жүйесін құру бекітілді. Медициналық оңалту қызметтерінің әртүрлі қызметтерін көрсететін мекемелер негізінен жеке секторға жатады. Қызметтерге ақы төлеу ішінара (шамамен 10-15 пайыз) мүгедектер есебінен жүзеге асырылады, қалған сома сақтандыру қаражаты есебінен төленеді. Мүгедектерді әлеуметтік жұмысқа орналастыру туралы заң мүгедектерді әлеуметтік оңалтудың ұлттық қорын құруды көздейді. Қор кәсіптік оңалту орталықтары мен қызметтерін құру үшін субсидия беруі тиіс. Кәсіптік оқыту жалпы және арнайы бағдарламалар бойынша жүргізіледі. Заңнамада мүгедектерді міндетті жұмысқа жалдау қағидаты көзделген. Мүгедектерді жұмысқа орналастыратын кәсіпорындарға жеңілдіктер беріледі. Сондай-ақ заңда мүгедектіктің ауыр дәрежесінен зардап шегетін адамдарды арнайы цехтарда жұмысқа орналастыру көзделген. Осы саладағы қызметті бақылауды Денсаулық сақтау министрлігі, Әл-ауқат министрлігі, Еңбек және жұмыспен қамту министрлігі және Ауруы мен мүгедектігі бойынша ұлттық сақтандыру институты жүзеге асырады [33].

Данияда осы бағытта әртүрлі қызметтер көрсететін, оның ішінде әртүрлі нозологияларға жататын мүгедектігі бар және ЕБҚ бар адамдарға кәсіптік бағдар беруді қолдау бойынша жеке ресурстық орталық қызметінің тәжірибесі бар. Сонымен қатар Данияда оқушыларға кәсіптік бағдар беру оқу-тәрбие процесінің арнайы бөліміне бөлінген. Мектептерде «Мамандық таңдау туралы мәліметтер» арнайы пәні оқытылады, ал арнайы педагог қызметкер оқушыларды тиісті мамандықтар туралы хабардар етіп қана қоймай, түлектермен бірге жұмыс іздеуге және орналасуға қатысады. Данияда арнайы жалпы мемлекеттік, сондай-ақ жеке кәсіптік бағдар беру қызметтері белсенді жұмыс істейді. Арнайы ғылыми орталықтар кәсіптік бағдар беру жұмыстарына арналған әдістемелерді әзірлеумен айналысады.

Кәсіптік кеңес беру пункттерінің құқықтарында арнайы психологиялық зертханалар да бар. Данияда оқыту процестерінің білім алушылардың жеке қажеттіліктері негізінде ұйымдастырылатынын, білім алуды жалғастырудың түрлі жолдарына қолжетімділік кеңейтілгенін, акценттердің біліктіліктен құзыреттілікке қарай ойысқандығын атап өтуге болады. Данияда оқытуда құзыреттілік тәсілді дамыту жөніндегі ұлттық орталық жұмыс істейді, бұл орталық жалпы елдегі білім беру жүйесінің табыстылығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ арнаулы ресурстық орталық мүгедектігі бар және ЕБҚ бар адамдарға

кәсіптік бағдар беруді қолдау бойынша қызметтер көрсетеді. Мемлекет есебінен мүгедектерге арналған 60 оқу орны құрылған, бұл мүгедектердің білім беру басымдығын көрсетеді. Білім берудегі негізгі бағыт мүгедек балаларды қарапайым мектептердегі жалпы оқу процесіне біріктіру арқылы әлеуметтік ықпалдастыру болып табылады. Жалпы Еуропада өмір бойына кәсіптік бағдар беру саясаты жүргізілуде. European Lifelong Guidance Policy Network (ELGPN) арнайы құрылған желісі Еуропалық Одақ (ЕО) елдерінің үздіксіз кәсіптік бағдар беру саласындағы ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдеседі және білім беру, жұмыспен қамту саласындағы тиісті ұлттық және өңірлік құрылымдарды құруды қолдайды. Өмір бойы оқу және тұрақты жұмыспен қамту мүддесінде ELGPN кәсіптік бағдар саласында халықаралық білім және тәжірибе алмасу бойынша жобаларды ұйымдастыра отырып, халықаралық мансапты дамыту орталығымен (ICCDPPP) ынтымақтасады [14, 38 б.].

Израильдің тәжірибесінде жалпы кәсіптік бағдар беру жұмысына да, инклюзивті білім беруді дамытуға да назар аударуды ұсынамыз, өйткені мектепте білім беру жүйесі кәсіптік бағдар беру принципі бойынша ұйымдастырылған және белгілі бір мектепті таңдау болашақ мамандықты таңдаудың бастамасы болуы мүмкін. Орта мектептердің көпшілігінде жалпы білім беру бағдарламаларынан басқа кәсіптік бағдар беру бойынша арнайы курстар енгізілген. Кәсіби мамандандырылған мектептер жұмыс істейді, оларға балаларды психологиялық тестілеуден өтіп, ағылшын тілі мен математикадан білімдерін тексерген соң кәсіби және тұлғалық дамуы жөніндегі ұсыныстармен мектеп білімінің үшінші сатысына өткенде ауыстырады.

Израильде қарапайым мектепте ерекше назар ЕБҚ бар балалардың қалыпты бейімделуіне, табысты әлеуметтендіру арқылы кәсіптік бағдар берудің әдістері мен технологияларын дамытуға бөлінеді. Осылайша, оқу жылының басынан бастап мектепте «жеке жоспар» құру бойынша мамандар мен ата-аналарға кеңес беру жүргізіледі, ол жерде баланы тұлға ретінде қалыптастырудың барлық жақтары, қажет болған жағдайда жүргізілген түзету динамикасы, арнайы даму бағдарламалары және тиісінше ұсынымдар белгіленеді. Мүгедек балаларға кәсіптік бағдар берудің мәні балалардың денсаулығы бойынша шектеулеріне байланысты кәсіптік өзін-өзі анықтау мүмкіндіктерін түсінуі болып табылатындықтан, Израильде мектептерде ата-аналардың, психологтардың және басқа да мамандардың белсенді қатысуымен балалардың хабардарлығын арттыру бағдарламалары іске асырылуда. Орта және жоғары мектепте бала өзінің жағдайы туралы презентация жасайды. Аутистік спектр бұзушылықтары бар балалармен жұмыс істеу үшін ата-ана араласуын қажет ететін жеке практика стратегиясы қолданылады. Сондай-ақ сыныптастары бұл қарапайым отбасы екенін түсінуі үшін сиблингпен (туған ағалары мен әпке-сіңлілері) – бүкіл отбасымен бірге мектепке бару жақсы дәстүр болып табылады. Мұндай бағдарламалар баланың әлеуметтенуін айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік береді, бұл өз мүмкіндіктерін бағалауға, өз қабілеттерін талдауға және қолдануға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Израильде барлық білім беру жүйесі әр балаға қолайлы форматта білім алуға мүмкіндік

береді: Орта білім туралы Израиль заңы бойынша мектепке бармайтын балалар кешкі мектепте білім алуға міндетті, сонымен қатар қандай да бір мамандықты меңгеруі қажет; оқыту үш жылдан төрт жылға дейін созылады, жоғарғы курстарда таңдаған мамандығы бойынша жұмыс қарастырылған (аспаз, темір ұстасы, шаштараз және т.б.).

Израильдік білім беру жүйесінің негізгі ерекшелігі ең инновациялық жүйелердің бірі болып табылуында. Мамандық таңдауды қалыптастыру, даралықты және өздігінен кәсіптік бағдар беруді қолдау израильдік білім беру жүйесінің ерекшелігі болып табылады [14, 39 б.].

Еуропалық және американдық елдермен қатар Азия елдерінің де осы бағыттағы тәжірибесіне жүгінуімізге болады. Қазіргі уақытта Оңтүстік Кореяның Үкіметі ЕБҚ бар адамдардың өмірін жақсартуда айтарлықтай жұмыс істеуде. Бұл қолжетімді инфрақұрылым құру, медициналық қызмет көрсету және басқа да әлеуметтік қамтамасыз ету сапасын арттыру. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бағдарламасын іске асыруға қатысты заңнамалар Еңбек министрлігімен тұрақты түрде қабылданып тұрады. Фирмалар мен кәсіпорындарға Оңтүстік Корея үкіметі мүгедектігі бар адамдарға жалақы төлеуге салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар береді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектер арасында жұмыспен қамту деңгейін арттыру жоспарын ұсынды. Ол жұмысқа мүмкіндігі шектеулі адамдар жалданған ірі компаниялар филиалдарының санын арттыруды көздейді. Бұл көрсеткішті қазіргі 44%-дан 76%-ға дейін арттыру жоспарлануда. Мүгедектердің жұмыспен қамтылу деңгейі жеке компанияларды осындай адамдардың белгілі бір санын жалдауды міндеттейтін ережелердің арқасында үнемі өсуде. Алайда 30 ірі компанияда бұл көрсеткіш 1,9%-ды құрайды, бұл заңда белгіленген көрсеткіштен 2,7%-ға төмен. Сонымен қатар Үкімет мүгедектердің кәсіби біліктілігін арттыруға маманданған мекемелер желісін кеңейтуге ниетті. Сонымен қатар олардың жұмыс жағдайларын жақсарту бойынша шаралар да қабылданатын болады. Сеул әкімшілігі мүгедектігі бар адамдардың 10%-ын жаңадан құрылған мемлекеттік қызметшілер лауазымдарына қабылдауға шешім қабылдады. Мемлекет есебінен мұндай кадрларды даярлау жөніндегі арнайы орталықтар ашылуда. Мысалы, 2008 жылы астаналық Сонпхагу муниципалдық округінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарды оңалту орталығы ашылды. Ол ақыл-ой кемістігі бар мүгедектерге жұмысқа орналасуға көмек көрсетеді. Орталық директоры Чон Чжа ханым мүгедектер алдымен болашақ қызметкерлер ретінде пошта бөлімшелеріне, кітапханаларға және басқа да қоғамдық мекемелерге жұмысқа жіберілетінін айтады. Содан кейін олар кәсіби орталықтарда дайындықтан өтеді, онда оларды мемлекеттік қызметшінің этикеті ережелеріне үйретеді. Олар дұрыс киінуді, жұмысқа уақытында келуді және бастықтың өкімдерін дұрыс түсінуді үйренеді. Соңғы жылдары Сеулдің бес жүзге жуық тұрғыны физикалық және зерде бұзушылықтары бар мемлекеттік және коммерциялық кәсіпорындардан жұмыс тапты [34, 208 б.].

Жапониядағы кәсіптік бағдар беру жүйесінің басқа үлгілерден басты ерекшеліктерінің бірі кәсіптік бағдар беру орта мектептің кіші сыныптарынан бастап оқу бағдарламасына енгізіледі. Мысалы, мемлекеттік негізде жұмыс істейтін жапон мектептерінде кәсіптік бағдар беру 9-сыныпты бітіргенге дейін екі жыл бұрын міндетті толық емес орта мектепте басталады. Мектеп жоспарында кәсіптер әлемімен танысу курстары қарастырылған.

Әрбір жапон оқушысы міндетті түрде үш жылда кемінде 48 рет жұмыстың әр түрі бойынша 16 бекітілген еңбек саласынан кәсіби тәжірибелерге тартылады. Оларға мыналар жатады: өсімдік шаруашылығы; мал шаруашылығы; балық шаруашылығы; екі үлгідегі заттарды дайындау: а) өнеркәсіптік өндіріс саласына; б) қызмет көрсету және қолөнер саласына; механизмдермен жұмыс; кеңсе жұмысы; бизнес; адамдармен қарым-қатынасты қамтамасыз ету; азық-түлік өнімдерін дайындау; жобалау және сызу жұмыстары; тамақ дайындау; адамдарды күту; көпшілік алдында сөйлеу; спорт сабақтары; зерттеу жұмыстары. Бөлінген топтар Жапониядағы еңбек нарығын көрсетеді. Онда барлық қызмет түрлері келесідей ұсынылған: адаммен, техникамен, табиғатпен, белгі жүйелермен, көркем суреттермен [18, 12 б.].

Жапонияның денсаулық сақтау, еңбек және әл-ауқат министрлігінің деректері бойынша, 2013 жылы физикалық немесе психикалық бұзушылықтары бар адамдардың жалпы саны 7411 мың адамды немесе халықтың 5%-ға жуығын құрады. Жапонияда мүмкіндігі шектеулі адамдарды еңбек нарығына тарту өмір сүру жағдайын жақсартып, осындай адамдардың әлеуметтік мәртебесін арттырып қана қоймай, елдегі экономикалық жағдайды да жақсарта алады деп санайды. Еңбекке жарамды халықтың қысқаруы мен әлеуметтік мұқтаждарға арналған мемлекеттік шығындардың өсуі жағдайында Үкімет асырауындағы адамдардың санын қысқартуға және оларды жұмыс істеп тұрған салық төлеушілерге айналдыруға мүдделі. Мәселен, Денсаулық сақтау, еңбек және әл-ауқат министрлігінің бағалауы бойынша, егде жастағы адамдарды және мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру саласында белсенді саясатты жүзеге асыру жағдайында жұмыс күшін қысқарту 2020 жылға қарай 3,5 млн. адамға, ал 2030 жылға қарай 6,3 млн. адамға айтарлықтай шектелуі мүмкін.

Осындай саясатты жүргізуге ықпал ететін факторлар қатарында жапон медицинасының жоғары даму деңгейін және мүмкіндігі шектеулі адамдардың мұқтаждықтары үшін бейімделген қалалық инфрақұрылымның болуын атап өту қажет. Дегенмен Жапония мүмкіндігі шектеулі адамдарға жұмысқа орналастыру саласында тең құқықты қамтамасыз етуден әлі алыс. Көп жағдайда бұл жапон үкіметі бастамашылық еткен шаралардың тұрақты сипатқа ие болмауымен және қазіргі жағдайды түбегейлі өзгертуге мүмкіндік бермеуімен байланысты.

Жалпы алғанда, Жапонияда мүмкіндігі шектеулі адамдардың жұмыспен қамтылу деңгейі ЭЫДҰ-ға мүше басқа да көптеген дамыған елдерге қарағанда жоғары. Алайда мүмкіндігі шектеулі жұмыс істейтін адамдардың 20%-дан астамы «әл-ауқаттың өсуіне ықпал ететін жалдау» шартымен жұмыс істейтінін

атап өту қажет, бұл қайырымдылық пен волонтерлік ұйымдардағы немесе жалақысы төмен және еңбек қатынастарының даму деңгейі төмен шағын шеберханалардағы жұмысты білдіреді. Әсіресе, психикалық және даму бұзушылықтары бар адамдар үшін бұл көрсеткіш жоғары: Денсаулық сақтау, еңбек және әл-ауқат министрлігінің деректері бойынша, 2006 жылы ол 54%-ды құрады.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жұмыс орындарын ұсыну мәселелесінде, қарт адамдарды жұмысқа жалдау мәселесіндегідей, мемлекет компанияларды жалдау үшін кедергілерді азайту бойынша белгілі бір қадамдарға баруға міндеттейді. Әлемдік тәжірибеде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жалдаудың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге қатысты екі тәсілі бар:

- кемсітушілікке қарсы қатаң заңнаманы әзірлеу;
- мемлекеттік және жеке кәсіпорындар үшін квоталау жүйесі.

Жекелеген кемсітушілікке қарсы шаралар Жапонияда да қолданылуына қарамастан, бұл елде екінші тәсілге – квоталарды бөлуге сүйенеді. Атап айтқанда, 2013 жылдың 1 сәуірінен бастап күшіне енген Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды жалдауға жәрдемдесу туралы заңға сәйкес 50-ден астам адам жұмыспен қамтылған компаниялардағы штаттың 2%-ын мүмкіндігі шектеулі адамдар құрауы тиіс. Мұндай квоталар Жапонияда бұрыннан болған, бірақ жеке компаниялар үшін жалпы штаттың 1,8%-ын және мемлекеттік мекемелер үшін 2,1%-ын құраған [35].

Еуропалық үлгілермен салыстырғанда, АҚШ пен Канададан айырмашылығы Жапониядағы кәсіптік бағдар беру қызметінің барлық практикасы орта мектепте шоғырланған. Орта 12 жылдық мектептің өтпелі сыныптарында білім берудің маңызды бөлігі кәсіптік бағдар беру немесе кәсіби басшылық болып табылады, онда мамандықтар туралы негізгі білім беріледі және оқушылардың мансапқа дайындау мақсатында кәсіби дағдыларын дамытады. Мемлекет мүгедектер мен ЕБҚ бар адамдарға физикалық оңалту және білім алу үшін барлық жағдай жасайды. Жапонияда түрлі нозологиясы бар мүгедектерге кәсіптік бағдар беруде көзі көрмейтін адамдарды еңбек және кәсіптік бағдарлаудың жақсы тәжірибесі жинақталған. Мәселен, Жапонияда массаж көзі көрмейтін адамдардың негізгі кәсібі болып табылады, ал XX ғасырдың басында дүниежүзілік соғыс кезінде бұл мамандыққа көзі көрмейтін әскери адамдарды оқыта бастады және ұзақ уақыт бойы массажшы мамандығы көзі көрмейтіндердің монополиясы болды.

Жапонияда жыл өткен сайын мемлекеттік кәсіпорындарда жұмыс істейтін ЕБҚ бар адамдардың саны біртіндеп ұлғаюда, бұл жұмысшылар мен қызметшілерді тікелей жұмыс істейтін кәсіпорындарда даярлаудың кәсіптік бағдар беру проблемасын өзектілендіреді.

Осылайша, шетелде кәсіптік бағдар берудің қазіргі заманғы жүйелерін талдау осы жүйенің кейбір даму процестерін қадағалауға мүмкіндік береді:

- кәсіптік бағдар беру процесінің барлық қатысушылары арасында өзара әрекеттестіктің бірыңғай жүйесін құруға;

- кәсіптік бағдар берудің жас шектерін төмендетуге;

- кәсіби бағдар беру процесінде психодиагностиканың рөлін төмендету және оның кәсіби ақпарат сияқты бағытын арттыруға;

- оқушылардың кәсіпті неғұрлым адекватты таңдауы үшін оларды қызықтыратын мамандық бойынша практикалық тәжірибе алуына;

- кәсіптік бағдар беру саласына ақпараттық және коммуникациялық технологияларды тартуға (кәсіптік бағдар процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-әрекетін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер мен желілік деректер базасын құру үшін);

- мүгедектердің толыққанды кәсіптік білім алуға құқықтарын кеңейтуге және мүгедектердің кәсіптері мен еңбек түрлерінің мүдделерін барынша шектейтін мамандықтарды игеруге;

- өз мүмкіндіктеріне байланысты өндірістік еңбекке қатыса алмайтын ЕБҚ бар тұлғаларға олардың қабілеттері мен қызығушылықтары деңгейінде жұмыспен қамтылады.

Беларусь Республикасында Беларусь Республикасында жастарға кәсіби бағдар беруді дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі – тұжырымдама) әзірленді, оны 2014 жылы үш министрлік: Еңбек және әлеуметтік қорғау, Экономика және Білім министрліктері бекітті. Тұжырымдама экономиканы құрылымдық қайта құру және жұмысшы мамандығының беделін қалыптастыру қажеттілігі жағдайында жастарды кәсіптік бейімдеу бойынша жұмысты қалыптастыру мен жүзеге асыруға біртұтас көзқарасты қалыптастыру мақсатында әзірленді. Тұжырымдама кәсіптік бағдар берудің біртұтас жүйесін құруға бағытталған, ол тұрақты кәсіби бағыттылықты қалыптастыруды айқындайтын негізгі факторларды терең білуіне, нарықтық қатынастар жағдайында іс-әрекетке психологиялық дайындығына, білім алушылардың кәсіби қызметіне уәждемесіне сүйенуі тиіс.

Бұл құжатта кәсіптік бағдар беру жүйесінің негізгі мақсаты ретінде қоғамның, мемлекеттің және тұлғаның азаматтар үшін, әсіресе жастар үшін олардың жеке басының мүдделеріне, бейімділігіне, қабілетіне, сондай-ақ еңбек нарығының білікті, бәсекеге қабілетті кадрларға деген қажеттіліктеріне оңтайлы сәйкес келетін кәсіби қызметті еркін және саналы таңдау мүмкіндігі мен қабілетін қанағаттандыру белгіленген.

Сондай-ақ жастарды мамандық таңдауға дайындау бойынша мақсатты қызмет ретінде кәсіптік бағдар беру тұжырымдамалық сипаттағы идеяға – диагностикалық және тәрбиелік тәсілдердің өзара байланысына негізделеді. Ол барлық кадр саясатының ажырамас элементі және екі ұштасқан жүйенің: үздіксіз білім беру мен тиімді жұмыспен қамтудың бір бөлігі болуға тиіс.

Жастарға кәсіптік бағдар беру бойынша қызметтің негізіне мынадай принциптерге енгізілген:

- өз таңдауын тек қана еңбек қызметіндегі жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға ғана емес, сонымен қатар қоғамға барынша көп пайда әкелуге ұмтылысын білдіретін азаматтардың мамандық таңдаудағы саналылық принципі;

- тұлғаның мүдделері мен мүмкіндіктерінің басымдылығында кәсіптік бағдар берудің гуманистік принципі;

- мамандық таңдауда қажетті кәсіби және өзге де ақпаратқа, оқу және жұмысқа орналасу формасына қолжетімділік принципі;

- тұрғылықты, оқу немесе жұмыс орнына, жасына, жынысына, ұлтына және діни дүниетанымына қарамастан, кәсіптік бағдар беру қызметтерін алудың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету принципі;

- жеке тұлғаны біліктілікті арттыруға, тәжірибе мен кәсіби шеберліктің өсуіне қарай табысты арттыруға, қоғамдық жұмысқа белсенді қатысуға, тұлғаның мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға, тұрғын үйге, демалысқа және т.б. қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін мамандықты таңдау идеясын болжайтын даму принципі;

- еңбек нарығының білікті кадрларға қажеттіліктерімен үйлесімде азаматтың болашақ мамандығын таңдауына көмек көрсетуді көздейтін кәсіби бағдар беру жұмысының практикамен өзара байланыс принципі;

- мектепке дейінгі, кіші, орта және аға мектеп жасындағы, білім алушы және жұмыс істейтін жастар секілді әртүрлі жас кезеңдерінде кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін кәсіптік бағдар берудегі жүйелілік пен сабақтастық принципі;

- кәсіптік бағдар беру қызметіне мүдделі барлық әлеуметтік партнерлердің өзара байланыс принципі, ол бірлескен қызметте мақсатқа бағытталғандықты және үйлестіруді күшейтуді көздейді.

Бұл құжатта жастарға кәсіптік бағдар беруді ұйымдастыру құрылымына сипаттама берілген. Мысалы, Денсаулық сақтау министрлігі, облыстық атқару комитеттерінің денсаулық сақтау басқармалары (қалалық атқару комитетінің денсаулық сақтау комитеті), бағынышты денсаулық сақтау ұйымдары үшін келесілерді жүзеге асырады.

Мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға қатысты Медициналық-оңалту сараптама комиссиясының (бұдан әрі – МОСК) құрылымдық бөлімшесі болып табылатын медициналық-кәсіптік оңалту кабинетінің мамандары мынадай функцияларды атқарады:

- мүгедек балаларға олардың денсаулық жағдайына, қызығушылығына, бейімділігіне, кәсіптік қабілеттеріне, еңбек нарығының конъюнктурасына және оларды кейіннен жұмысқа орналастыру мүмкіндігіне сәйкес келетін кәсіптік диагностиканы, кәсіптік іріктеуді, кәсіптік кеңесті жүргізеді.

- еңбекке қабілетті жастағы мүгедектерді кәсіптік даярлау, қайта даярлау және кейіннен жұмыспен қамту мүмкіндіктерін анықтау мақсатында кәсіптік бағдар беруді жүргізеді, ол мыналарды қамтиды: кәсіптік ақпарат беру және кеңес беру;

- бұрын алынған білімі, бұрын игерілген кәсіптер негізінде еңбек (кәсіби) қызметінің қолжетімді түрлерін кәсіптік таңдау;

- аурудың асқынуына, мүгедектіктің күрделенуіне алып келетін факторларды болдырмау мақсатында еңбек және демалыс режимі мен оңтайлы жағдайларды таңдау;

- өндіріске жеке бейімдеу;

- мүгедекті қоғамға интеграциялау мақсатында оны өндіріске кәсіби даярлау, қайта даярлау, жеке бейімдеу бойынша жоспар құрады;

- кәсіптік оқыту формаларын іріктейді;

- мүгедектерді оқытумен, кәсіптік даярлаумен және қайта даярлаумен айналысатын педагогикалық қызметкерлермен, еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау органдарының қызметкерлерімен, сондай-ақ мүгедектердің қоғамдық ұйымдарының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды;

- өз құзыреті шегінде консультациялық қорытынды шығарады, оны МОСК қорытынды шығару және мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасын, өндірістегі жазатайым оқиға немесе кәсіби ауру салдарынан зардап шегушіні оңалту бағдарламасын қалыптастыру кезінде қолданады.

Білім беру мекемелерінде әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру және кәсіптік бағдар беру жұмысын басқару мәселелері бойынша кабинеттер, кәсіптік бағдар беру бұрыштарын, сондай-ақ кәсіптік бағдар беру бойынша қоғамдық кеңестер құру қажеттігі туралы көрсетілген. Қажет болған жағдайда ұйымдар білім беру мекемелерімен, басқа да мүдделі ұйымдармен кәсіби бағдар беру бойынша біріккен кеңестер құра алады.

Тұжырымдамада мектепке дейінгі деңгейден бастап жоғары біліммен аяқталатын жастардың кәсіби және жеке тұлғалық қалыптасуының барлық кезеңдерінде кәсіптік бағдар беру процесінің ерекшеліктері айқындалған. Құжатта арнайы білім беру мекемелеріне арналған бөлім жеке бөлінген, ол жерде мыналар көрсетілген: «психофизикалық даму ерекшеліктері бар білім алушыларға кәсіптік бағдар беру міндеттерін шешу олардың физикалық және (немесе) психикалық даму бұзушылықтары (зияткерлік жетіспеушілігі, сөйлеу қабілетінің ауыр бұзушылықтары, есту қабілетінің бұзушылығы, көру қабілетінің бұзушылығы, психикалық дамуының бұзушылығы (оқудағы қиындықтар), тірек-қимыл аппараты функцияларының бұзушылығы) және қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде әрбір білім алушыны медициналық, психологиялық, педагогикалық тексеру деректерін есепке алумен жүзеге асады.

Тұжырымдама еңбек нарығының негізгі проблемаларына сәйкес азаматтарға кәсіптік бағдар беру саласындағы бағдарламаларды, іс-шаралар жоспарларын әзірлеуге негіз ретінде қызмет етеді. Тұжырымдаманы іске асыру мемлекеттің, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қоғамдық ұйымдардың және кәсіптік бағдар берудің кешенді процесіне тартылған басқа да әлеуметтік институттардың біріккен және үйлестірілген іс-қимылдарымен қамтамасыз етіледі.

Қазіргі уақытта Беларусь Республикасында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілерге мемлекеттік көмектің нақты қолданыстағы тетігі бар, алайда мұны негізінен мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің кәсіпорындары пайдаланады. «Қарапайым жұмыс берушілер» үшін мемлекеттік субсидия алу мүмкіндігі көру қабілеті бұзушылықтары бар мүгедекті жұмысқа қабылдауға стимул бола алмайды.

Мұның негізгі себебі, ең алдымен, субсидия алу кезіндегі бюрократиялық қиындықтар болуы мүмкін, ал мүгедекке қатысты жоғарыда аталған әлеуметтік стереотип – жұмыс берушінің мүгедектігі бар қызметкердің өзінің сау әріптестерімен тең деңгейде жұмыс істей алатындығы жөнінде сенімінің болмауына байланысты [36, 18 б.].

Ресейде кәсіптік бағдар беру мәселелері РФ Еңбек министрлігінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі қаулысымен бекітілген «Ресей Федерациясындағы халыққа кәсіптік бағдар беру және психологиялық қолдау туралы» Ережеде анықталған.

Кәсіптік бағдар берудің мақсаты ретінде Ережеде төмендегілер айқындалған:

- мамандықты еркін таңдауда әлеуметтік кепілдіктерді, жұмыспен қамту формаларын және нарықтық қатынастар жағдайында жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру жолдарын қамтамасыз ету;

- адамның кәсіби мүдделері, оның психофизиологиялық ерекшеліктері мен еңбек нарығының мүмкіндіктері арасындағы теңгерімділікке қол жеткізу;

- еңбек қызметінің қандай да бір саласында кәсіби табыстылықты болжау;

- жеке тұлғаның кәсіби шеберлігінің үздіксіз өсуіне оның еңбегімен және өзінің әлеуметтік мәртебесімен қанағаттануының маңызды шарты, жеке әлеуетті іске асыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру және лайықты әл-ауқатты қалыптастыру.

Ресейдегі Халыққа кәсіптік бағдар беру мен психологиялық қолдаудың құқықтық негізін тиісті халықаралық құқықтық актілер, Ресей Федерациясының «Білім туралы» Заңы, Ресей Федерациясының «Ресей Федерациясындағы халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы, Ресей Федерациясының азаматтардың денсаулығын қорғау туралы заңнамасының негіздері, Ресей Федерациясының Еңбек министрлігінің 1995 жылғы 29 тамыздағы №47 қаулысымен бекітілген «Ресей Федерациясында халыққа кәсіптік бағдар беру мен психологиялық қолдаудың мемлекеттік жүйесін дамытудың негізгі бағыттары», өзге де нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

Мемлекеттік жүйені дамытудың басым бағыттарын айқындауды, атқарушы биліктің мүдделі федералдық органдары мен Ресей Федерациясы субъектілерінің атқарушы билік органдарының халыққа кәсіптік бағдар беру және психологиялық қолдау саласындағы келісілген іс-қимылдарын қамтамасыз етуді Халыққа кәсіптік бағдар беру және психологиялық қолдау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия жүзеге асырады.

РФ Еңбек және әлеуметтік даму министрлігінің Халыққа кәсіптік бағдар беру және психологиялық қолдаудың бүкілресейлік ғылыми-практикалық орталығы Халыққа кәсіптік бағдар беру және психологиялық қолдау саласында жұмысты жүзеге асырады, халыққа кәсіптік бағдар беру және психологиялық қолдаудың барлық аумақтық орталықтарының ғылыми-әдістемелік, ұйымдастыру-тәжірибелік қызметін үйлестіреді және қамтамасыз етеді.

Халыққа кәсіптік бағдар беру және психологиялық қолдаудың аумақтық орталықтары: еңбек нарығы жағдайында жастарды, халықтың басқа да

санаттарына кәсіптік бағдар беру және психологиялық қолдау бойынша қызметтер көрсетеді, тегін психологиялық-кәсіптік бағдар беру қызметтерінің кепілді минимумын қамтамасыз етеді; кәсіби ақпараттандырудың, кәсіптік кеңес берудің, психофизиологиялық іріктеудің (таңдаудың), психологиялық қолдаудың тиімді әдістері мен құралдарын енгізеді, тиісті аумақтағы халыққа кәсіптік бағдар беру және психологиялық қолдау саласындағы қызметке әдістемелік басшылықты және үйлестіруді және басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары, жұмыссыз азаматтарды және жұмыспен қамтылмаған халыққа кәсіптік бағдар берудің өңірлік орталықтары қызмет саласын, кәсіби даярлау, қайта даярлау және жұмысқа орналастыру түрін таңдау (ауыстыру) мақсатында жұмыспен қамту қызметіне өтініш білдірген азаматтарды хабардар ету және кеңес беру секілді міндетті тегін кәсіптік бағдар беру қызметтерін ұсынады.

Білім беру мекемелері (білім берудің жалпы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта (толық) және дамуында ауытқулары бар білім алушыларға арналаған арнайы (түзету) мекемелері мемлекеттік стандарттар мен нормативтер негізінде білім алушылардың жергілікті жағдайлары мен мүдделерін ескере отырып, денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесе отырып:

- жалпы оқу бағдарламаларының, оқу құралдарының және оқу-тәрбие процесінің кәсіптік бағдарға бағытталуын қамтамасыз етеді, осы жұмысқа педагогикалық ұжымдардың, ата-аналар қоғамдастығының, тиісті ұйымдар мен мекемелер мамандарының қатысуын қамтамасыз етеді;

- жүйелі, білікті және кешенді кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізеді;

- жалпы білім беретін мекеме оқушыларының әр оқушының қызығушылығына, денсаулық жағдайына және ерекшеліктеріне сәйкес мамандық таңдауына саналы көзқарасты қалыптастырады;

- оқушыларды сабақтан тыс уақытта техникалық және көркем шығармашылыққа тартады, оның мамандық таңдаудағы рөлін арттырады;

- оқушылардың кәсіптік білім алуын және кеңес беруін ұйымдастырады, олардың жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін, денсаулық жағдайын, сондай-ақ өңірдің кадрларға қажеттілігін ескере отырып, жеке тұлғаны кешенді зерттеу негізінде кәсіптік ниеттерін қалыптастырады;

- оқушылардың жеке қызығушылықтарын, қабілеттерін және бейімділігін толық ашу үшін саралап оқытуды ұйымдастырады;

- психологиялық-педагогикалық және медициналық консультацияның, кәсіптік білім беру мекемелеріне түсетін жастарды кәсіби іріктеудің (таңдаудың) бірлігін қамтамасыз етеді;

- кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу үшін білім беру мекемелерінде ұйымдастырылатын психологиялық қызметтердің мүмкіндіктерін пайдаланады.

Нарықтық экономика жағдайында жастарды еңбекке дайындаумен, өсіп келе жатқан ұрпақтың еңбекке деген тиісті уәждемелерін қалыптастырумен, болашақ кәсіби қызмет түрін саналы жоспарлау мен таңдаумен және жеке

мүдделерін, денсаулық жағдайын, әркімнің жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, сондай-ақ кәсіптер мен еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, жұмыспен қамту нысанын байланыстыруда кәсіптік бағдар беру барлық үлгідегі білім беру мекемелерінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Кәсіптік кеңес беру, кәсіптік іріктеу (таңдау), психодиагностика және түзету саласындағы жұмысқа тиісті білімі бар және белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өткен адамдар ғана жіберіледі.

Тегін психологиялық-кәсіптік бағдар беру қызметтерінің кепілдік берілген минимумы жалпы білім беру мекемелерінің оқушыларына, мектеп-интернаттар мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне, мүгедектерге, кәсіптік білім беру мекемелерінің оқушыларына, еңбек қызметінің алғашқы үш жылында жұмыс істейтін жастарға, еңбекке қабілеті шектеулі адамдарға, жұмыссыз, мәжбүрлі қоныс аударушы немесе босқын мәртебесі бар азаматтарға жеке психологиялық-кәсіптік көмек көрсетуді де қамтиды.

Ресейде, сондай-ақ РФ субъектілерінде жас мүгедектерді кәсіптік білім алу кезінде қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру және 2016-2020 жылдарға жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша ведомствоаралық іс-шаралар жоспары әзірленді. Осы құжаттың соңғы іс-шарасы 2020 жылға қарай жұмысқа орналастыру мәселелерін шешу кезінде жас мүгедекке ілесіп жүру бойынша қызметтің бірыңғай стандартын әзірлеу болып табылады. Сонымен қатар РФ-да 2016-2020 жылдарға арналған мүгедек балалар мен ЕБҚ бар тұлғаларға кәсіптік бағдар беру жүйесін дамыту мәселесі бойынша ведомствоаралық кешенді іс-шаралар жоспары құрылды [37, 52 б.].

Жоғарыда айтылғандармен қатар табысты кәсібилендірудің үлгісі ретінде Халықаралық Абилимпикс Федерациясының (Халықаралық Абилимпикс Федерациясы) тәжірибесі негізінде мүгедектігі бар адамдар арасында кәсіби шеберлік конкурстарын қолдауды ұйымдастыруды зерттеу қорытындылары бойынша талдамалық есептің материалдарын ұсынамыз [38].

Белгілі болғандай, статистика бойынша, Абилимпикс қозғалысына қатысушы елдер мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру және мотивация беру мәселелерін анағұрлым тиімді шешеді.

2011 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Дүниежүзілік банк тобы әзірлеген «Мүгедектік туралы дүниежүзілік баяндаманың» деректері бойынша, бір миллиардтан астам адам немесе әлем халқының шамамен 15 пайызы мүгедектіктің қандай да бір түрімен өмір сүреді. Олардың ішінде 200 миллионға жуығы жұмыс жасауда елеулі қиындықтарға тап болып отыр. Бұл ретте халықтың қартаюына байланысты мүмкіндігі шектеулі адамдардың саны үздіксіз өсуде, тиісінше халықтың осы тобында жұмыссыздар саны да артып келеді.

«Денсаулық сақтау саласындағы дүниежүзілік шолу» деректері бойынша, мүгедек ерлер арасындағы жұмыспен қамту деңгейі 35 пайызды және әйелдер арасында 20 пайызды құрайды. Ал мүгедектігі жоқ адамдар арасында бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары: ерлер – 65, әйелдер – 30 пайыз.

Абилимпикс халықаралық қозғалысы жетекші әлемдік державалар көшбасшыларының назарын мүгедектерді жұмысқа орналастыру проблемасына, мүгедектердің елдің әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысуына аударады. Үндістанның Премьер-Министрі Атал Бихари Ваджпаи, 2003 жылы Абилимпикстің халықаралық чемпионаттың ашылуында: «Мүгедектердің 80%-дан астамы дамушы елдерде өмір сүреді және олардың көпшілігі өсіп келе жатқан кедейліктің, әлеуметтік оқшаулаудың және күйзелістің құрбанына айналуда. Олардың мәселелері біздің даму стратегиямызда басымды сипатқа ие болуы тиіс...»,- деп тұжырымдаған.

2003 жылы Үндістанда халықаралық Абилимпикс чемпионатын өткізу үнді билік өкілдерінің мүгедектердің проблемаларына назарларын аудартып, тарихта алғаш рет сауда орталықтары, стадиондар, қонақүйлер, қоғамдық орындар, мұражайлар, теміржол станциялары, қоғамдық көлік секілділердің қолжетімді болуына алып келді.

Үндістанда Абилимпикс қозғалысы 2001 жылдан бері дамыған. Қаржылық қолдауды әлеуметтік әділдік министрлігі (Ministry of Social Justice & Empowerment) көрсетеді. Абилимпикс қозғалысының арқасында Үндістанда көптеген кәсіпорындар мүгедектерді жұмысқа орналастыруда. Мысалы, The National Thermal Power Corporation (NTPC) атты Үндістанның ең ірі энергетикалық компаниясы мүгедектерді компания қызметінің 50 санаты бойынша жұмысқа қабылдайды.

Ескеретін жайт, Абилимпикс қозғалысы мүгедектің өзінің еңбек әлеуетін іске асыру мүмкіндіктері заңнамалық деңгейде бекітілген елдерде дамыған. Осылайша, Франция заңнамасында мүгедектердің қайта оқыту және кәсіптік даярлау, сондай-ақ мүгедектерді квоталанған жұмыс орындарына міндетті түрде жұмысқа орналастыру құқығы көзделген. Мүгедектер үшін жұмыс орындарын дайындаумен айналысатын кәсіпорындарға мемлекет қаржылық көмек көрсетеді. Көмек беру нысандары Үкімет қаулыларымен белгіленген. Мүгедектерді жұмысқа орналастыруға бағытталған жеңілдетілген еңбек режимі бар мамандандырылған кәсіпорындар бар. Басқа қызметкерлерге қатысты мүгедектер еңбек шартында бекітілген артықшылықтарға ие. Бұдан басқа, мемлекет оларға өзін-өзі жұмыспен қамтуға жәрдем көрсетеді.

Сондай-ақ Францияда шағын бизнеспен айналысуға ниет білдірген еңбек етуші мүгедектерге несие беру мүмкіндігі қарастырылған. Францияда Еңбек министрлігі Абилимпикске жетекшілік етеді. Мұның барлығы нәтиже алып келуде: Францияда мүгедектердің 80%-ы жұмысқа орналасты, мүгедектердің 33%-ы жоғары оқу орындарында оқиды, Франциядағы мемлекеттік және жеке компаниялардың тек 8%-ының ғана өз штатында мүгедектері жоқ.

Германияда мынадай қағидатты негізге ала отырып жұмыс істейді: мүгедектерді оңалту, әлеуметтік бейімдеу мен кейіннен жұмысқа орналастыру; оларды зейнетақымен және жәрдемақылармен тұрақты қамтамасыз етуге қарағанда экономикалық жағынан тиімді. Мемлекет мүгедекті «асыраушы» ретінде тұрақты асыраудан гөрі жұмысқа орналастыруды тиімді санайды. Заңнамаға сәйкес мүгедекті еңбек жолына әлеуметтік интеграциялауды

қаржыландыру зейнетақымен қаржыландыру алдында әлеуетке ие. Мемлекет сондай-ақ мүгедектерді кәсіптік оңалтуды көтермелеуге бағытталған шараларды белсенді қолданады. Мәселен, жұмыс істейтін мүгедектерге жұмысқа барып-қайтатын жолға көлік шығындарының өтемақысы төленеді. Мүгедектіктің ауыр түрлері бар мүгедектер залал өтемақысын алады және салықтарды төмендетуден, жұмыстан босатудан және т.б. қорғау бөлігінде бірқатар басқа да жеңілдіктерге ие болады.

Нидерланд мемлекетінде әлеуметтік жұмысқа орналасу туралы заң қабылданды, оның негізгі сипаты мүгедекке жұмыс орнының болу-болмауына емес, оның қалауы мен мүмкіндіктеріне байланысты жұмыс табуға талпынысы болып табылады. Осы Заңның күші қызметкерлердің санына қарамастан, мемлекеттік және жеке сектордың барлық кәсіпорындары мен ұйымдарында қолданылады. Бұл ретте кәсіпкерлерге мүгедектер жұмыс істейтін өз кәсіпорнында жұмыс орындарының пайызын өзі анықтауға құқық берілген. Мемлекеттен өндірісті кеңейтуге қаржылай көмек алатын кәсіпорындар мүгедектердің белгілі бір санын жұмысқа орналастыруға міндетті. Мүгедектерді жұмысқа алатын кәсіпкерлерге жұмыс орындарын түрлендіруге және мүгедектердің еңбегін оңтайландыру үшін қажетті басқа да бейімдеу шараларына қосымша шығындарды төлеу үшін жеңілдіктер мен субсидиялар беріледі.

Аустралияда мүгедектер үшін жұмыс орындарын құруды көздейтін квота жүйесі жоқ. Мүгедектерге жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ұйымдар әлеуметтік қамсыздандыру департаментінен субсидия алады.

Жапония заңнамасы квота және мүгедектерді жалдауды мемлекеттік субсидиялау жүйесін қарастырады. Мемлекет мүгедектердің еңбегін пайдаланатын жұмыс берушілерге өтемақы төлейді. Бұл өтемақылар мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау туралы заңның талаптарын орындамайтын компаниялардың аударымдарынан құралады.

Канада өзінің Конституциясына мүгедектердің теңдігі туралы ережені енгізген бірінші ел болып табылады: «Әрбір адам ешқандай кемсітусіз, оның ішінде нәсіл, ұлт, дін, жыныс, жас, ақыл-ой немесе физикалық бұзушылықтары бойынша заң алдында тең». Канадада мүгедектердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған заңаманалар көп. Атап айтқанда, «Көру бұзушылықтары бар мүгедектер туралы акт», «Мүгедектер туралы акт», «Мүгедектерді кәсіби оңалту туралы акт», «Канададағы адам құқықтары туралы заң», «Еңбек туралы заң», «Жалдамалы қызметкерлерге өтемақы беру туралы заң» т.б.

Заңдар мүгедектерді кемсітуге тыйым салады және мүгедектерге тауарлар мен қызметтер, тұрғын үй, жұмыс және т.б. ұсынуда кемсітушіліктен қорғауды дамытуды көтермелейді. Канадада мүгедектерді оңалтудың түрлі аспектілері бойынша көптеген федералдық, провинциялық және жергілікті мақсатты бағдарламалар бар. Канадада білім беру жүйесі білім алушыларды білім берудің барлық деңгейлерінде – мектептен университетке дейінгі білім алуын заңды тәртіпте қадағалайды. Интеграциялық білім берудің формасы басымырақ келеді, арнайы техникалық құралдар мен жеке бағдарамалар қолданылады.

«Жастарды жұмысқа орналастыру стратегиясы» арнайы бағдарламасы 30 жасқа дейінгі мүгедектерді жұмысқа орналастырушы жұмыс берушілер үшін белгілі бір жеңілдіктерді көздейді, бұл ретте оларға қажетті арнайы жабдықтардың құны өтеледі. «Әріптестіктегі әлеуметтік даму» бағдарламасына сәйкес оқу орындарына, әлеуметтік кеңестерге, ерікті ұйымдарға, үкіметтік емес ұйымдарға және мүгедектермен жұмыс істейтін пайда табу мақсатында құрылған агенттіктерге арнайы жобаларды ұйымдастыруға және қаржыландыруға көмек көрсетіледі. Мүгедектерге қатысты әлеуметтік бағдарламалар мен төлемдердің көпшілігі Канада Федерациясының (провинциялардың) билік органдарының қарамағында. Алайда 1996 жылдан кейін федералдық және провинциялық үкіметтер мүгедектерді өзінің ұжымдық басымдығымен қамтамасыз ету мәселелерін жариялады және 1998 жылы Канада үкіметі және провинциялар мен аумақтар үкіметі «Бірге. Мүгедектер мәслесіне қатысты Канада саясаты» жоспарына қол қойды. Бұл жоспарда үш идея негізінде құрылатын ұзақ мерзімді саясаттың негізгі бағыттары көрсетілген:

- мүгедектер канадалық қоғамның толыққанды мүшелері болып табылады;
- мүгедектердің қоғам өмірінің барлық салаларына қатысуға мүмкіндігі болуы тиіс;
- мүгедектерді қоғамның ең жоғары тәуелсіз мүшелеріне айналдыру үшін жағдай жасау қажет. Бұдан әрі қабылданатын бағдарламалардың сипатына қарамастан, мүгедектер толыққанды тәуелді емес, қатысушы, мемлекеттік дотацияларды пассивті алушылар болып табылатындығына акцент қойылған.

Еуропа, Германия, Франция және Венгрия сияқты елдерде 20-дан астам қызметкері бар ұйымдар мүгедектерді жалдау үшін квота бөлуге міндетті, квота мөлшері 5-6%-ды, Польша мен Австрияда 25 қызметкерді құрайды. Испанияда міндетті квотаға жататын ұйым қызметкерлерінің ең аз саны – 50, бұл ретте квота 3%-ды құрайды. Жапонияда квота мөлшері 2%-ға дейін.

Абилимпикс қозғалысы дамыған елдердің тәжірибесі өткізілген іс-шаралардың мүгедектердің кәсіптік білім алуына, ЕБҚ бар адамдардың және мүгедектердің қоғамға азаматтық қатысуын дамытуға мемлекеттік, сондай-ақ бюджеттен тыс инвестицияларды тартуға ықпал ететінін көрсетеді.

Абилимпикс Халықаралық федерациясына (International Abilympic Federation) қатысушы елдерде Абилимпикс:

- мүгедектердің кәсіби дағдылары мен біліктерінің деңгейін арттыру;
- мүгедектердің еңбек уәждемесін дамыту;
- қоғам мен жұмыс берушілер арасында мүгедектердің кәсіби қабілеттерін танымал ету;
- мүгедектерді кәсіптік өзін-өзі анықтау жүйесін дамыту;
- мүгедектерді кәсіптік бейімдеу шеңберінде мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен стратегиялық серіктестікті дамыту;

- өзара іс-қимылды ұйымдастыру, кәсіптік білім беруде, мүгедектерді жұмысқа орналастыруда идеялар мен тәжірибе алмасу, мүгедектердің тіршілік әрекетін ұйымдастыру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Абилимпикс халықаралық қозғалысының негізгі құндылықтары тұтастық, ашықтық, әділдік, серіктестік және инновация болып табылады.

Алғашқы рет мүгедектер арасында кәсіби шеберлік олимпиадасын өткізу идеясын жапондықтар ұсынды. Жапониядағы Абилимпикс дамуымен қарт адамдарды, мүгедектерді және жұмыс іздеушілерді жұмыспен қамту мәселелері бойынша Жапон ұйымы (Japan Organization for Employment of the Elderly, Persons with Disabilities and Job Seekers, JEED) айналысады, ол 1971 жылы құрылған, 45 жыл бойы ұйым өз атауын бірнеше рет өзгертті.

Жапониядағы Абилимпикс жарысы мүгедектердің дағдыларына, әлеуетіне және қабілетіне қатысты дәстүрлі көзқарастарды өзгертуге көмектесті, бұл мүгедектерді жұмыспен қамту және кәсіби жұмысқа табысты орналастыру саласындағы мүмкіндіктерді арттыруға алып келді.

1981 жылы дәл осы Жапония Бірінші Халықаралық Абилимпикс чемпионатын өткізудің иесі болды. Жапониядағы алғашқы халықаралық Абилимпикс чемпионаты ең жоғары деңгейде қолдау тапты. Кәсіби қабілеттер мен дағдылар байқауларынан басқа, мүмкіндігі шектеулі адамдар мен мүгедектердің кәсіби мүмкіндіктері тақырыбына әртүрлі тұсаукесерлер, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі адамдар мен мүгедектердің кәсіби мүмкіндіктері мәселесі бойынша жұртшылықтың ақпараттандырылуын арттыруға ықпал еткен көрмелер мен халықаралық семинарлар қоғамға мүмкіндігі шектеулі адамдар мен мүгедектердің қоғам өміріне қосқан зор әлеуеті мен үлесін көрсетті.

Жапон ұйымы қарт адамдарды, мүгедектерді және жұмыс іздеп жүргендерді жұмыспен қамту мәселелері бойынша Абилимпикс өңірлік және ұлттық чемпионаттарын өткізуді ұйымдастыру мәселелерімен айналысады, Халықаралық Абилимпикс Федерациясында жетекші ұйым болып табылады.

Қарт адамдарды, мүгедектерді және мүмкіндігі шектеулі адамдарды кәсіби оңалту және жұмыспен қамту бойынша жапон ұйымы ерекшелігі жақын жерде кәсіби даярлау мен жұмыспен қамту бойынша жергілікті және аймақтық орталықтардың болуында.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар мен мүгедектерді жұмыспен қамтудың жапондық жүйесі бірқатар ерекшеліктерге ие:

- компанияларға қолдау көрсетіледі, олар алдағы жұмыс үшін еңбекке қабілеті шектеулі адамдарды оқыту жөнінде ұсыныстар алады, оларға мүгедектік сипатын ескере отырып, жұмыстың неғұрлым қолайлы түрін анықтауға көмектеседі;

- оқыту курсын, мүгедектерді алдағы жұмыс үшін дайындауды, мүгедектер үшін жұмысқа және үйге қоғамдық көлікті пайдалануды үйрену мүмкіндігін көздейтін еңбекке қабілеттілігі шектеулі адамдарды қолдау;

- жұмыс орнында денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігіне қатысты ережелерді меңгеру, жұмыс орнында қарым-қатынас жасау;

- жоғары тұрған инстанциялармен және т.б. өзара іс-қимыл схемасы; еңбекке қабілеттілігі шектеулі адамдардың отбасыларына қолдау көрсету, ұйқыға, тамақтануға маңызды мән бере отырып, мүгедектерге отбасы тарапынан қажетті көңіл бөлуге және осылайша, оларда қоғамның толыққанды мүшелері болып табылатындығын және оның дамуына өз үлесін қосатындығын сезінуге ықпал етеді [39].

Қазақстан Республикасында мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында экономиканы дамыту және әлеуметтік проблемаларды шешу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

ҚР Президенті Қ. Тоқаев білім беру сапасын арттырудың маңызды бағыты ретінде мыналарды атап өтті [40]: «Біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ. Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған. Жыл сайын 21 мыңға жуық мектеп түлегі кәсіби және жоғары оқу орындарына түсе алмай қалады. Жастардың бұл тобы жұмыссыздар мен маргиналдардың негізін құрайды. Олар амалының жоқтығынан қылмыстық және экстремистік ағымдардың ықпалына түсуде. Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет. Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс».

Қазақстан Республикасында «Білім туралы» Заңының 1-бабында мынадай анықтама берілген:

- кәсіптік бағдар – білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру [5].

ҚР «Білім туралы» заңының баптарында білім алушылардың тиісті білім беру бағдарламаларына тең қол жеткізуін, түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды, ЕБҚ бар балалардың барлық деңгейдегі білімге қол жетімділігін көздейтін білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні мен принциптері ашылған.

2016 жылы Қазақстан Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны және Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялады. Конвенцияларды ратификациялағаннан кейін ҚР Үкіметі заңнамалық және нормативтік базаны жетілдіру жолымен мүгедектерді жұмыспен қамту саласында бірқатар шаралар қабылдады.

Конвенциялардың барлық ережелері елдің заңнамасында, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында белгіленген. Барлығы үшін сапалы оқытудың қолжетімділігі толық теңдік негізінде әркімнің қабілеттері мен қалауына қарай қазақстандық білім берудің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек және жұмыспен қамту саласындағы Конституцияда және базалық заңдарда, Еңбек кодексінде көрсетілген құқықтары мен кепілдіктері толық көлемде мүгедектерге қолданылады және мүгедектердің еңбек ету құқығын барлығымен тең дәрежеде тану жөнінде Конвенцияның 27-бабының 1-тармағына сәйкес келеді және осы құқықты іске асыру үшін құқықтық негіз жасайды.

ҚР Конституциясында (24-баптың 1-тармағы) және Еңбек кодексінде (5-бап) мүгедектер үшін ешбір шектеусіз қолданылатын еңбек қатынастарын құқықтық реттеу негіздері анықталған: еңбек бостандығы, өзінің еңбекке қабілеттілігіне еркін иелік ету, мамандық және қызмет түрін таңдау құқығы, жұмыссыздықтан қорғау құқығы және жұмысқа орналасуда көмек көрсету, еңбек саласында кемсітушілікке тыйым салу. Бұл ретте әрбір адам қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін жағдайларда еңбек етуге, ешбір кемсітусіз еңбегі үшін сыйақы алуға, сот қорғауын қоса алғанда, еңбек құқықтары мен бостандығын қорғауға құқылы.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңның 31-32 бабында мүгедектерді ашық еңбек нарығында жұмысқа орналастыру кезінде кемсітудің алдын алу мақсатында мүгедектерге басқа азаматтармен тең еңбек қызметінің мүмкіндіктерін құруға бағытталған қосымша шаралар жүйесі, сондай-ақ жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар бекітілген:

- Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмай, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу;
- жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру;
- мүгедектерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысқа орналастыру үшін арнаулы, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарын құру;
- мүгедектерге кәсіптік оқуды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етеді [41].

2018 жылдан бастап Қазақстанда мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау енгізілді. Бұл норма мүгедектерді жеке секторда жалдауды ынталандыру бойынша Конвенция бөлігінде міндеттемені орындау үшін енгізілді.

ҚР «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес «жұмыссыздар»:

1) халықты жұмыспен қамту орталықтарынан:

- лайықты жұмыс іздестіру және жұмысқа орналасуға, оның ішінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына жәрдемдесу бойынша;
- консультациялық;
- ақпараттық;
- қызмет (кәсіп) түрін таңдау немесе өзгерту мақсатында әлеуметтік кәсіптік бағдарлау бойынша халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін

қызметтерді, сондай-ақ еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасында қамтылған өзі туралы мәліметтерді тегін алуға;

2) егер ол міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылса, жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер алуға;

3) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек алуға;

4) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырылуға құқығы бар (15-бап) [42].

Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында жұмыспен қамтуға мемлекеттік жәрдемдесу шаралары шеңберінде азаматтардың жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін квоталар белгіленді.

Сонымен қатар 2018 жылдан бастап мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау қағидалары мен шарттары өз күшіне енді.

Қағидалар мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орнын жабдықтауға байланысты жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау жолымен арнайы еңбек жағдайларына мұқтаж мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру мәселелерін шешу жөніндегі шараларды көздейді.

Жұмыс берушілерге субсидиялар мынадай шарттарды сақтаған кезде ұсынылады:

- құрылып жатқан арнайы жұмыс орындарының мүгедектің жұмыс орны стандарттарына сәйкес келуі;

- мүгедектерді жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуын тұрақты жұмыс орны құрылған сәттен бастап сақтау;

- жұмыс берушіде жалақы бойынша берешектің болмауы;

- есептелген салықтар, алымдар және бюджетке өзге де міндетті төлемдер бойынша берешектің болмауы;

- жұмыс берушінің құрылған арнайы жұмыс орындарында атқарып отырған лауазымына сәйкес мөлшерде жалақы төлеуін қамтамасыз етуі [43].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 150 бұйрығымен «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды диагностикалау және анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдар» бекітілді [44].

Ұсынымдарда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) кәсіптік бағдар – білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру;

2) кәсіптік бағдарды диагностикалау – білім алушылардың кәсіптік қызметте икемін өлшеу және анықтау процедурасы.

3) кәсіптік сынақ – білім алушылардың болашақ мамандығына сәйкестігіне, таңдаған кәсіптік қызметке дайындық деңгейін анықтау мүмкіндігіне, нақты кәсіпте жұмысты орындауына мүмкіндік беретін жеке қабілеттерін қолдану мен ашылуына бағытталған кәсіптік қызмет түрінің элементтерін модельдеу.

Ұсынымның мақсаты мен міндеті:

- қоғамның кадрлық сұранысы мен адамның жекелей ерекшеліктеріне сәйкес білім алушыларда өз бетімен кәсіптік анықтауды қалыптастыру;

- кәсіп таңдауда өзіндік мақсаттары қалыптасуын анықтайтын негізгі факторлардың білім жүйесіне сүйене отырып білім алушылар арасында мақсатты кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу;

- кәсіптік бағдар, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыру, кәсіптік қызметті, денсаулық жағдайы, өзіндік бейімділігі және жеке қызығушылығын есепке ала отырып жұмыс түрлерін таңдау және жоспарлау.

Әдістемелік кабинеттердің басшылары мен мамандарына, орта білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтарына және ата-аналарға арналған осы ұсынымдарда мемлекеттік органдардың, орта білім беру ұйымдарының, отбасының, техникалық және кәсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының және басқа да әлеуметтік институттардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында кәсіптік бағдар берудің кешенді жүйесін әзірлеу жолдары ұсынылады.

Білім алушылардың кешенді кәсіптік бағдар беру диагностикасына жатады:

1) психодиагностикалық зерттеу;

2) психологиялық портрет жасау;

3) мамандыққа бейімділігін анықтау;

4) ұсынылған мамандықты негіздеу;

5) білім беру ұйымдарын географиялық орнына, жоғары оқу орындары арасындағы рейтингісін ескере отырып таңдау;

6) білім алушылар мен ата-аналарға кәсіптік ұсыныстар беру.

Білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды диагностикалау және анықтау жүйесіне жатады:

1) кәсіптік ағарту;

2) кәсіптік диагностика;

3) кәсіптік кеңес беру.

Кәсіптік диагностиканың міндеттері:

1) мамандықты меңгеруде білім алушының бейімділігін және жеке қабілеттерін анықтау;

2) кәсіптік білім бағдарын таңдауда 7 сыныптан бастап Үлгілік оқу жоспарынан пәндерді, кәсіптік білім беру ұйымдарына түсу кезінде Бірыңғай ұлттық тестілеуден өтуге арналған екі пәнді және 10-11 сыныптардағы қорытынды аттестацияны тапсыру үшін бесінші пәнді таңдауға көмек көрсету;

3) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мамандықтарын таңдауға көмек көрсету;

4) болашақ жоспарларды анықтау, мамандық туралы идеяларды қалыптастыру деңгейі, мотивация деңгейі, жеке сипаттамалары.

Басқа елдердегідей Қазақстанда да қазіргі уақытта ЕБҚ бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша түрлі жобалар іске асырылуда.

Мысал ретінде Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласындағы «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Ақ ниет» мектеп-интернаты» КММ жұмыс тәжірибесін қарастыруды ұсынамыз. «Рухани жанғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Ақ ниет» мектеп-интернатында «Ақ ниет» құзыреттілік орталығы – «FAB LAB – Abilympics» ашылды. Орталықтың мақсаты – «Абилимпикс» халықаралық қозғалысының кәсіби шеберлік конкурстарының бағыттары бойынша тәрбиеленушілерде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

Мектеп-интернат педагогтары атап өткендей, арнайы білім беру ұйымдарының оқушыларын әлеуметтендірудің маңызды бағыты болашақ мамандықты таңдауға және одан әрі кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсету бойынша іс-шаралар кешенін көздейтін олардың кәсіби бағдарлануы болып табылады. Осындай бағыттардың бірі «Абилимпикс» халықаралық қозғалысының кәсіби шеберлік байқауларына қатысу болып табылады. 1972 жылы Жапонияда құрылған «Абилимпикс» халықаралық қозғалысының идеясы – кәсіптік бағдар беру, ынталандыру, әлеуметтендіру, сапалы білім беру және мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру.

Бүгінгі таңда оқу-өндірістік зертхана халықаралық стандарттар бойынша келесі бағыттар бойынша жабдықталады:

- инженерлік дизайн;
- электронды жабдықтарды құрастыру-бөлшектеу;
- электромонтаж;
- сәндік-қолданбалы өнер (көркем кестелеу, бисермен кестелеу);
- шығармашылық мамандықтар (көркем дизайн, маникюр сервисі);
- қысқа мерзімді тұрмыстық жөндеу (киім, тұрмыстық құралдар, әшекейлер, жиһаз).

«Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Ақ ниет» мектеп-интернаты» КММ базасында Қазақстанда алғаш рет «Abillimpics» құзыреттілік орталығының ашылуы мүмкіндігі шектеулі оқушылар мен студенттерге құзыреттіліктерді меңгеру және кәсіби конкурстарға қатысу арқылы кәсіби дайындық жүйесіне қосылуға мүмкіндік береді.

«Абилимпикс» құзыреттілік орталығы білім беру ұйымының базасында құрылған оқу орталығы болып табылады, оның міндетіне конкурстық тапсырмаларды әзірлеу, оларды жұмыс берушілермен келісу, жарыстар үшін сарапшыларды дайындау және аккредиттеу, кәсіптік инклюзивті білім беру жүйесіне үздік әлемдік тәжірибені енгізу кіреді.

Осылайша, жүргізілетін жұмыс кейіннен кәсіби өзін-өзі анықтау үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың уәждемесі мен кәсіби бағдарына жәрдемдесетін болады.

2017 жылғы 2-4 мамырда «КӨРМЕ» сауда орталығында ABILYMPICS KAZAKHSTAN алғашқы таныстыру чемпионаты өтті. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орайластырылған «FAB LAB – Abilympics» құзыреттілік орталығының ашылуы 2017 жылғы 14 желтоқсанда өтті.

«FAB LAB – Abilympics» құзыреттілік орталығы барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған және ұсынылатын қызметтердің барлық нормалары мен талаптарына сәйкес келеді. Бүгінгі таңда тәрбиеленушілер «Маникюр сервисі», «Бисермен кестелеу», «Көркем кестелеу», «Заманауи дизайн, декор және тігу», «Көркем өңдеу және ағашпен ою», «Тұрмыстық техниканы қысқа мерзімде жөндеу», «Электроника, электромонтаж және робототехника», «Баспа ісі және полиграфия», «Массаж», «Визаж», «Қазіргі заманғы фотосурет», «Әлеуметтік желілер мен блогерлік» құзыреттіліктеріне оқытылады.

ЕБҚ бар білім алушыларды әлеуметтендірудің тағы бір мысалы ретінде интернет технологияларының инновациялық мектебін – «INNOVATIVE SCHOOL OF INTERNET TECHNOLOGIES» келтіреміз. IT білім берумен айналысатын ISIT мектебі адамдарды басынан бастап оқытады, мамандықты ауыстыруға көмектеседі. ISIT-мектебінде интернет-маркетинг, веб-дизайн, бағдарламалау және мобильді қосымшаларды әзірлеу бағыттары бойынша күндізгі және онлайн оқыту жүргізіледі.

Мектеп барлық ниет білдірушілерді оқытады, бұл ретте халықтың әлеуметтік осал топтарына және мүмкіндігі шектеулі адамдарға жеңілдіктер қолданылады. Мектептің негізін қалаушы жас кәсіпкер Әмір Сүлейменов (Қосымша 10). Апатқа ұшырап, жүру мүмкіндігінен айырылған жас жігіт беделді компанияларда бағдарламашы мамандығын игереді. Бұл білім оған ТМД-ның ірі компанияларына жұмысқа тұруға мүмкіндік берді.

Мектепте жүздеген адам білім алды. Оның 70-і – мүмкіндігі шектеулі жандар. Әмір Сүлейменовтың пікірінше, жоба экономикалық нәтиже береді, өйткені бүгінгі таңда Қазақстанда 625 мың адамның мүгедектігі бар, оның 439 мыңы еңбекке қабілетті, бірақ негізінен жәрдемақыға өмір сүреді.

Әмір Сүлейменовтің жоспарында – жобаны масштабтау. Оның идеясын БҰҰ ДБ мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қолдады. Қазір онлайн режимінде ол шалғай өңірлердің, станциялар мен кенттердің 50 тұрғынын оқытады.

Пилоттық жоба Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп өткізілді. Жобаға мүмкіндігі шектеулі адамдарды, ЕБҚ бар балаларды, зейнеткерлік жастағы адамдарды арнайы іріктеді. Нәтижелер бойынша оқудан өткен адамдардың 80%-ы табыс табуда, олардың кейбір бөлігі жеке кәсіпкерлер болды.

Бұл жоба цифрлық технологиялардың арқасында алыс ауылда тұрып, бүкіл Қазақстанға жұмыс істей алатынын дәлелдейді. Бұл ретте ол клиенттерді таба алады, тауарларды, қызметтерді бүкіл Қазақстан бойынша және тіпті шетелде сата алады [45].

Курс түлектері терең де өзекті практикалық білім алады, сондықтан әңгімелесуден өтуге дайын және өз бағыты бойынша лауазымға сенімді түрде үміткер болып әлемнің кез келген жерінен қашықтықтан жұмыс істей алады.

Мектептің ерекшелігі – қажетті кәсіби дағдыларды алуға және бірден жұмысқа кірісуге мүмкіндік беретін қысқа мерзімді кәсіби курстар. Осы курстардан өту үшін арнайы білім, алдын ала дайындық немесе техникалық білім қажет емес.

Белгілі бір уақытта сарапшымен қашықтықтан оқыту өтеді, сол уақытта білім алушылар сұрақтар қоя алады. Егер білім алушы қандай да бір себептермен онлайн сабаққа қатыса алмаса, онда ол ұзақтығы 30-50 минут бейне сабақ алады. Бейне сабақ жаңа тақырыпты егжей-тегжейлі түсіндіруді және нақты мысалдарда алған білімдерін тәжірибелік көрсетуді қамтиды.

Барлық оқу материалдарын IT мектебінің кәсіби жаттықтырушылары – жұмыс істейтін сарапшылар ғана әзірлейді.

Әрбір бейне сабақ соңында білім алушылар өз бетінше орындау үшін үй тапсырмасын алады. Тапсырмалардың көлемі тәжірибені негізгі жұмыспен немесе оқумен ұштастыра алатындай етіп есептелген.

Кейбір бағдарламалар бойынша онлайн қатысу белгілі бір уақыт ішінде талап етілмейді, бұл күні бойы бейне сабақты көруге және практикалық міндеттерді орындауға мүмкіндік береді.

Курстардың барлық қатысушыларына туындаған сұрақтарға жауаптар және үй тапсырмаларын тексеруді қамтитын оқытушылар мен мен менторлардан онлайн қолдау көрсетіледі [46].

ЕБҚ бар адамдардың табысты әлеуметтенуінің келесі үлгісі ретінде Нұр-Сұлтан қаласындағы «Emoji» деп аталатын кафені атай аламыз. Бұл мекемені қарапайым кафе деп ойлап қалуға болады, алайда оның ерекшелігі – мекемеде ешкім сөйлемейді, ал тапсырыстар тек ымдау тілінің көмегімен қабылданады. Ерекше әлеуметтік жобаның авторы – астаналық дәрігер-анестезиолог Азамат Базылов. Жаңа, ерекше кафенің табалдырығын аттаған келушілерді «Күлімдеңіз, Сізге ерекше адамдар қызмет көрсетеді» маңдайшасы қарсы алады. Кафенің аты да ерекше, себебі соңғы уақыттарда біз өз эмоцияларымызды көбіне смайликтер арқылы білдіреміз.

Бұл мекемеде барлық жерде музыка ойнайды, бірақ оны тек келушілер ғана естиді. Аспаздар мен даяшылар естімейді және сөйлемейді, қонақтар олармен ым-ишара арқылы сөйлеседі. Қонақ тағамды таңдап, оны даяшыға көрсету керек – тапсырыс дайын. Егер клиент неғұрлым күрделі диалогқа көшуді шешсе, оған көмек ретінде мәзірдегі кеңестер ұсынылады. Азамат Базылов медициналық мекемеде мамандығы бойынша жұмыс істейді, ал қалған уақытта ол кафені дамытуға арнайды. Сонымен қатар ол жұбайымен екі бала тәрбиелеп отыр [47].

Кафеде жұмыс істеу үшін қызметкерлер астаналық жұмыспен қамту орталығы арқылы қабылданды. Осылайша мүмкіндігі шектеулі адамдарға жұмыс орындары ұсынылды және жұмыспен қамту орталығы тарапынан жалақының бір бөлігі қамтамасыз етілді. Сонымен қатар дәмхананың қызметкерлері тегін тамақтанады, ал жұмыстан кейін оларды кафенің иесі өз көлігімен жеткізіп салады [48].

Халықтың әлеуметтік осал топтары (мүмкіндігі шектеулі адамдар, жалғыз басты аналар, балалар үйінің түлектері) арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады. Әлеуметтік осал топтардан адамдарды жұмысқа орналастыру үшін негізгі кедергілер қажетті білімнің болмауы және жұмыс берушілердің «қиын» қызметкерлерді жалдамауы болып табылады. Дәл осы мәселені шешу үшін 2015 жылы Green TAL кәсіпорны – әлеуметтік шеберхана құрылды.

Эмин Аскеров – Green Tal әлеуметтік шеберханасының жетекшісі және әлеуметтік кәсіпкерлік мектебінің негізін қалаушы. Эмин бес жылдан бері әлеуметтік маңызды жобалармен белсенді айналысып келеді және бұл трендті бүкіл ел көлемінде табысты дамытуда.

Green TAL мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқытады және оларға жұмыс орындарын ұсынады. Әлеуметтік жобаның негізгі мақсаты халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмысқа орналастыру болып табылады (мүгедектер, балалар үйінің түлектері, жалғыз басты аналар, бұрынғы қамаудағылар).

Қазіргі уақытта шеберханада:

- шеберхана цехы – ағаштан жасалған бұйымдар: үстелдер мен орындықтар, бизибордтар, дамытушылар, Монтессори, күркелер, ЛДСП-дан жасалған жиһаз;
- тігін шеберханасы: тоқымадан және киізден жасалған бұйымдар, сөмкелер мен төсек-орын жабдықтары, құрылысшыларға арналған арнайы киім, кестелеу және монша керек-жарақтары және логотип енгізумен т.б.;
- полиграфия: кружкалар мен футболкаларға, термокружкаларға, қаламдарға, күнтізбеге және визитницаға сурет салу;
- декорациялау: кез келген күрделіліктегі қабырғалардың коммерциялық декоры, тапсырысқа арналған суреттер.

«Green TAL» әлеуметтік жобасы халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтендіру және жұмысқа орналастыру мәселелерін жүйелі шешуге бағытталған. Шеберханада 42 қызметкер жұмысқа орналастырылды, оның 36-сы әлеуметтік санатқа жатады. Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласының психикалық денсаулық медицина орталығымен меморандум жасалды. Әлеуметтік кәсіпорынның арнайы білімі жоқ барлық қызметкерлері алдымен оқудан өтеді, содан кейін шеберлер командасына қосылады. Қызметкерлер үшін үнемі біліктілікті арттыру курстары өткізіледі. Әлеуметтік шеберхана оларға өз әлеуетін жүзеге асыруға көмектеседі.

Сондай-ақ Назарбаев университетінің кампусында екінші жыл жұмыс істеп келе жатқан Education for all – инклюзивті білім беру орталығын атап өту қажет. Камила Роллан, орталықтың негізін қалаушы және идеялық

шабыттандырушы, Назарбаев Университетінің Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі мен жоғары білім беру мектебінің түлегі, «Education For All» – EFA қоғамдық ұйымын құрды. Сонымен қатар EFA базасында командамен бірге инклюзивті оқыту орталығын іске қосты. Олар академиялық, спорттық, шығармашылық пәндерді, сондай-ақ кәсіптік бағдар беру бойынша курстарды бірге оқиды. Оқушылар арасында Даун синдромы бар, аутистік спектрдің бұзушылықтары бар, гипербелсенді балалар, дарынды балалар, аз қамтылған отбасынан шыққан балалар бар. Академиялық курстар орталықта тек мүмкіндіктері бар білім алушылар үшін ақылы. Табыс есебінен орталық осал отбасылардан шыққан балаларды тегін оқытуды қаржыландырады, сондай-ақ тегін кәсіби бағдар беру курстарын және инклюзивті театр студиясын жүргізеді. Сондай-ақ жобаны қазір жеке компанияда жұмыс істейтін Назарбаев Университетінің түлектері қолдайды [49].

Осылайша, ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды табысты бейімдеудің және жұмысқа орналастырудың әлемдік тәжірибесін талдай отырып, шет елдердің осы мәселе бойынша айтарлықтай ілгерілегенін дәлелдеуге болады: мемлекеттік органдардың функциялары заңнамалық деңгейде үйлестірілген және нақты жүйелендірілген, осы проблеманы шешуге тартылған әртүрлі мемлекеттік емес ұйымдар бар, инклюзивті мәдениет әлдеқайда дамыған және сіңіп кеткен.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы әр елде түрліше ұйымдасқанымен, барлық дамыған елдерге тән ортақ сипат – білім беру жүйесінің әртүрлі институттарының мемлекеттік және жеке агенттіктер желісімен оқушыларға кәсіптік бағдар беру мен жастарды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру құрылымының басты элементтері болып табылуында.

Елімізде ЕБҚ бар балаларға мамандық таңдауда жоғарыда аталған дамыған елдердің табысты тәжірибесін ескеріп, пайдалану қажет.

3 ЕБҚ БАР БАЛАЛАРДЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫНДА ОТБАСЫ, МЕКТЕП ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ТАБЫСТЫ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдайлар білім алушылардың кәсіптік бағдар беру проблемаларына тұрақты мониторинг жүргізуді талап етеді. Адамның өз мамандығын бірнеше рет ауыстыруы секілді әлеуметтік құбылыс нормаға айналды. Алған білім одан әрі жұмысқа орналасуға, табысты кәсіптік өзін-өзі іске асыруға, мансапқа кепілдік бермейді. Осыған байланысты білім беру ұйымдарын бітірерде түлектер алдағы өмірлік жолдарында не күтіп тұрғанын білмейді, өздерінің кәсіби болашақтарын адекватты түрде бағалай алмайды. Осының барлығы жасөспірімдерге алдағы өмірлік жолдарын айқындаудың өзектелігін, кәсіптердің сұранысқа ие болу-болмауы және қандай да бір еңбек түрін атқаруда өздерінің нақты мүмкіндіктеріне бейімделе білу өзектілігін анықтайды.

Мамандық таңдау – күрделі және ұзақ мотивациялық процесс. Ол ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға одан да қиынға соғады.

ЕБҚ бар балаларға кәсіптік бағдар берудің басты міндеттері – жеке тұлғаны жан-жақты дамыту және өзін-өзі анықтау процестерінде балалардың өздерін, кәсіптер әлеміндегі өз орнын жандандыру, балаларды өз бетінше, саналы кәсіби және өмірлік таңдауға дайындау, өз мүдделерін, мүмкіндіктерін, құндылық-адамгершілік бағдарларын және қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, өмір жолын жоспарлау қабілетін қалыптастыру, социумға табысты интеграциялау.

Білім беру іс-әрекеті процесінде таңдап алынатын кәсіптің жасөспірімнің нақты денсаулық жағдайына және шектеулеріне, қызығушылықтарына, бейімділігіне, қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес болу принципін сақтау қажет. Бұл істе ЕБҚ бар балаларды одан әрі табысты бейімдеу үшін отбасының, мектептің және жұмыспен қамту мекемелелерінің өзара іс-қимылын дұрыс ұйымдастыру маңызды [50].

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды диагностикалау және анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдарда» білім алушылардың кәсіптік бағдар беруін анықтау және диагностикалау жүйесімен бірге кәсіптік өзін-өзі анықтаудағы білім алушылардың кәсіби диагностикасын ұйымдастырудың маңыздылығы атап көрсетілген [44].

Ұсынымдарда ЕБҚ бар балаларға акцент қойылмағанымен, кәсіптік бағдар беру бойынша мектептердің қызметін іске асыруда әрбір баланың ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескерілуі тиіс.

Ұсынымдарға сәйкес, орта білім беру ұйымы кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша қызметті құра отырып, білім алушыларды оқытуды және оқу-өндірістік қызметті қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдары мен кәсіпорындардың ресурстарын біріктірудің үйлестірушісі болып табылады, сондай-ақ кәсіптік диагностика нәтижелеріне мониторингті жүзеге асырады.

Білім алушылардың кәсіптік бағдарына орта білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымы қатысады (1-сурет).



1 сурет – Білім алушының кәсіби диагностикасына қатысатын педагогикалық ұжымның өзара байланысы

Әдістемелік ұсынымдарда кәсіби бағдар беру жұмысына қатысатын педагогикалық ұжым мүшелерінің функционалдық міндеттері анықталған [44]:

1) директордың тәрбие жөніндегі орынбасары жауапты:

- жауапты тұлғалардың өзара әрекеттесу стратегиясын әзірлеу және білім алушылардың өздігінен анықтауын педагогикалық қолдау үшін олардың қызметін үйлестіру;
- білім алушылардың өз-өзін анықтауына ықпал ететін әлеуметтік әріптестер мен орта білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылын ұйымдастыру;
- білім беру ұйымының тұжырымдамасына және білім беру бағдарламасына сәйкес мамандандырылған оқыту мен кәсіптік өзін-өзі анықтауға білім алушылардың дайындығын қалыптастыру бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жоспарлау;
- осы саладағы педагогикалық ұжымның қызметін талдау және түзету (білім алушылардың өзін-өзі анықтауына бағытталған тәрбие жұмысының жүйесін ұйымдастыру бойынша пән мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің кеңес беруі: кәсіптік білім беру, кәсіптік кеңес беру, кәсіптік диагностика, жеке білім беру траекториясын анықтау;
- жоғары сынып оқушыларын даярлау, арнайы дайындық және кәсіптік өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша педагогикалық кеңестерді, өндірістік кездесулерді өткізу;
- пәндік олимпиадаларға дарынды балалардың қатысуын ұйымдастыру;

- сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне және оқушылардың өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша мектеп психологына біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

- сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің және мектеп психологының жұмысының бақылау функцияларын жүзеге асыру;

- алдын ала даярлау және арнайы білім беру жүйесінде оқушыларға арналған сабақтар ұйымдастыру;

2) сынып жетекші:

- оқушылардың өзін-өзі анықтауы үшін педагогикалық қолдау жоспарын, оның ішінде оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін белсендіретін әртүрлі нысандарды, әдістерді және құралдарды әзірлейді;

- жеке және топтық қызметте жоғарылауға бағытталған әңгімелерді, пікірталасты, конференцияларды ұйымдастырады;

- білім алушылардың бейімділігін психологиялық-педагогикалық бақылауды жүргізеді (бақылау, сауалнама, тестілер білім алушының жеке картасында жазылады);

- білім алушыға жеке білім беру траекториясын құруға, бейінді оқыту нұсқаларын модельдеуге, жетістіктерді талдауды жүзеге асыруға, өзінің портфолиосын жасауға көмектеседі;

- университеттерде және орта кәсіптік оқу орындарында білім алушылардың ашық есік күндерін ұйымдастырады;

- білім алушыларға кәсіпорындарға тақырыптық және жан-жақты экскурсиялар ұйымдастырады;

- мектеп психологына сауалнама жүргізуде, білім алушылар мен олардың ата-аналарына өздігінен анықтауға көмектеседі;

- білім алушылардың кәсіптік және кәсіптік өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастыру бойынша ата-аналармен жиналыстар өткізеді;

- мектеп түлектерімен – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларымен кездесулер ұйымдастырады.

3) пән мұғалімдері:

- семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, пәндік апталар, конкурстар, элективті курстар, қабырға газетінің конкурстары, үйге арналған жұмыстар т.б. әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдалана отырып, білім алушылардың тұлғалық шығармашылық бағыттылығын қалыптастыруға көмектеседі;

- білім алушыларға қызметте жоғарылауға бағдарланған бағдар беруді қамтамасыз ету, білім алушылардың жалпы еңбек және кәсіптік маңызды дағдыларын қалыптастыру;

- мектеп оқушылары арасында дербес өздігінен бағалауды қалыптастыруға үлес қосу;

- білім алушылардың қабілеттері мен ерекшеліктерін анықтау үшін бақылау жүргізеді.

4) кітапханашы:

- үнемі мамандықты таңдауға көмектесетін әдебиеттерді таңдайды;

- оқушылардың оқуға қызығушылығын зерттейді және мамандық таңдау туралы әдебиеттерді ұсынады; мамандықтар мен оқырмандар арасындағы пікірталас, конференциялар туралы кітап көрмелерін ұйымдастырады;

- әдістемелік материалдардан және басқа да материалдардан (суреттер, кесінділер, диаграммалар, проспектілер, мамандықтардың сипаттамасы) аймақтағы қажетті мамандықтар туралы анықтамалық деректерді жинақтайды және жүйелейді;

- салалар бойынша (көлік құрылысы, құрылыс, өнер әлемі т.б.) мамандықтар көрмелерін ұйымдастырады.

5) әлеуметтік тәрбиеші:

- кәсіптік және өмірлік бағытын анықтау процесінде риск тобындағы балаларды педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді;

- білім берушілерге әлеуметтік кеңес береді;

- білім алушының өзін-өзі анықтау процесіне кедергі келтіретін әлеуметтік факторларды талдау мен бағалауда сынып жетекшісіне көмектеседі.

6) педагог-психолог:

- білім алушылардың кәсіптік қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін зерттеуді ұйымдастырады;

- білім алушылар мен олардың ата-аналарына сауалнама жүргізу арқылы оқушының кәсіптік және мамандықты өздігінен анықтауға дайындығын бақылайды;

- білім алушыларға кәсіптік бағдарлау бойынша тренингтер өткізеді;

- ата-аналар мен мұғалімдерге таңдау тақырыбына арналған әңгімелер, психологиялық білім береді;

- білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық консультациялар жүргізеді;

- білім алушылар арасында өздігінен бағалауды қалыптастыруға ықпал етеді;

- ата-аналарды өз мамандығы туралы айтуға шақырады, оларды топтардың көшбасшылары ретінде жұмысқа тартады;

- білім алушылардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін талдау және бағалау кезінде сынып жетекшісіне көмектеседі;

- кәсіптік диагностика деректер базасын жасайды.

7) медицина қызметкері:

- салауатты өмір салтын орнатуды қалыптастыруға ықпал етеді;

- қызметтегі кәсіптік табыстарға денсаулық әсері туралы тыңдаушылармен сөйлеседі;

- денсаулықтың қызметтегі кәсіптік табыстарға әсер етуі туралы кеңес береді;

- сынып оқушыларына, психологқа және әлеуметтік тәрбиешілерге білім алушылардың қызметін талдауда көмек көрсетеді.

Әдістемелік ұсынымдарда жалпы білім беретін мектеп оқушыларының кәсіби диагностикасы бойынша педагогикалық ұжымның функциялары

берілген. ЕБҚ бар білім алушыларды кәсіптік бағдарлау процесінде шектеулердің болуына байланысты бұл функциялар толықтырылады (қосымша 1).

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, жалпы орта білім беру ұйымын техникалық және кәсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) мектеп мәселелерін шешуде орта, техникалық және кәсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының іргелі және арнайы білім негізінде өзара қарым-қатынасы;

2) болашақ кәсіптік білім алуға дайындалу үшін білім алушылардың кәсіптік бағдарлануы мен өзін-өзі анықтауы;

3) білім мазмұнын мамандандырылған пәндерді оқуға бағдарлау;

4) факультативтік сыныптарға және өзін-өзі оқытуға арналған бірлескен оқу-әдістемелік оқу құралдарын әзірлеу;

Техникалық және кәсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының міндеттері:

1) еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар мен кәсіптерді насихаттау;

2) білім алушылардың кәсіптік диагностикасы, кәсіптік бағдарлануы және өзін-өзі анықтауы;

3) білім алушылардың кәсіптік шеберліктері мен қабілеттерін оқып-үйрену, кәсіптік мүмкіншіліктер, мамандықтың түрлері туралы хабардар ету мақсатында тренингтер, элективті курстар мен курстар өткізу.

Жұмыс берушілер кәсіптік бағдарлауға қатысады, олардың базалық білімдерін, кәсіптік қызметтің дағдылары мен қабілеттерін игеруге, өндірістік ортадағы мамандардың қызметін көрсете отырып, білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды келесі бағыттар бойынша жүргізеді:

1) мамандыққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында білім алушылардың кәсіптік бағдарлануына және диагностикасына қатысу;

2) оқу-өндірістік кешендер мен кәсіпорындар базасында білім алушыларды кәсіптік даярлауды ұйымдастыру.

Әлеуметтік әріптестік техникалық және кәсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, әлеуметтік қызметтер, жұмыспен қамту орталықтары және ұйымдармен жүзеге асырылады, орта білім беру ұйымдарының түлектеріне кәсіптік перспективаларды қалыптастыру, танымал мамандықтарға бағдарлау және қызмет бабымен өсуді жоспарлау үшін жағдайлар жасайды.

Кәсіптік бағдар беру жұмысын көптеген авторлар түрлі әлеуметтік институттардың өзара іс-қимыл жүйесі ретінде қарастыруды ұсынады. Бұл ретте мектеп әлеуметтендіру агенттерінің өзара қарым-қатынасының бірыңғай жүйесінде кәсіптік бағдар беру қызметінің барлық субъектілерінің ресурстарын біріктіру орталығының, жүйенің үйлестіру орталығының бастапқы және екінші рөлдерін атқарады (кесте 1) [51].

Кесте 1 – Әлеуметтендірудің бірыңғай жүйесіндегі кәсіптік бағдар беру қызметінің субъектілері

Бастапқы әлеуметтену	**Екінші әлеуметтену**
Бастапқы әлеуметтендіруді адаммен тығыз жеке қарым-қатынастағы адамдар, ал екінші әлеуметтендіруді формальды-іскерлік қарым-қатынастағы адамдар жүзеге асырады. Алғашқы әлеуметтендіру агенттері *ата-аналар, отбасы мүшелері, достар, құрдастары, мұғалімдер, жаттықтырушылар, дәрігерлер, жастар ұйымдарының көшбасшылары* т.б. болып табылады. Кәсіби бағдар беру жұмысы әртүрлі серіктестермен өзара әрекеттестікте жүзеге асырылады. Оқушылардың ата-аналарының пікірінше, отбасы мектеппен бірге баланың өзін-өзі анықтауда маңызды рөл атқарады. Отбасы тәрбиесінің басты міндеті – баланың рухани және физикалық тұрғыдан қалыпты дамуы мен өзін-өзі дамыту үшін барлық қажетті жағдайлар жасау. Тиісінше, ата-аналардың басты міндеттерінің бірі –балалардың кәсіпті дұрыс таңдауына ықпал ету, оларға ақыл кеңесімен көмек көрсету. Мектептің міндеті – ата-аналардың балаларды еңбекке баулу мен кәсіптік бағдар беруде отбасының рөлі туралы түсініктерін қалыптастыруға ықпал ету. Мектеп жұмысының негізгі бағыттары: жалпы мектептік ата-аналар комитеті, сыныптағы ата-аналар комитеттері және т.б.	Екінші әлеуметтену агенттері – *мектеп, университет, кәсіпорын әкімшілігінің өкілдері, БАҚ, партия т.б. қызметкерлері.* Басқа да әлеуметтік серіктестерге маңызды рөл беріледі. Олардың әрқайсысы бірлескен қызметтің белгілі бір бағыттары арқылы өз функцияларын орындайды. *Жалпы білім беретін ұйымдар* балалардың қоршаған әлем туралы түсінігін байытуға ықпал етеді. Құрдастарымен қарым-қатынаста бала өзіне, өз күштеріне сенім артады, оның проблемалары басқалармен бірдей екенін түсінеді, осы мәселелерді шешуде көмек табады. Ынтымақтастық қызметтің түрлі формалары мен бағыттары: кездесулер, сапарлар, интернеттегі қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады. Әсіресе, мектептердің өңіраралық ынтымақтастығы маңызды. Қосымша білім беру ұйымдары баланың қызығушылықтары аясын кеңейтеді, оның қабілеттерін дамытады (балалар шығармашылығы үйі – техникалық үйірмелер, хореография, эстрада, телестудия; балалар өнер мектебі – музыкалық білім беру, көркем-безендіру, театр, хореография; балалар-жасөспірімдер спорт мектебі – спорттық секциялар, түрлі деңгейдегі жарыстар).

1 - Кестенің жалғасы

Балаларға кәсіптік бағдар беру бойынша дәстүрлі ата-аналар жиналыстарымен қатар («Біздің балаларымыз таңдаған мамандықтар», «Жасөспірімдердің мамандық таңдаудағы бейімділігі мен қызығушылықтары», «Жоғары сынып оқушыларын еңбекке тәрбиелеу мен кәсіптік бағдар беру») отбасымен жұмыстың қызықты түрлеріне ата-аналар рингтері, тренингтер, оқу, кештер, жеке кеңестер т.б. жатады.	*Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары, жоғары оқу орындары* мектеппен бірге жұмыс істейді, Ашық есік күндері, оқытушылар мен студенттермен кездесу, жоғары сынып оқушыларына арналған олимпиадалар мен конкурстарды ұйымдастыру, экскурсиялар, сұрақтар мен жауаптар кештері, баспасөз конференциялары, экспресс – емтихандар, түлектер күндерін өткізу, мұғалімдерге арналған ЖОО оқытушыларымен семинар-практикумдар, оқушылармен жеке жұмыс. *Бұқаралық ақпарат құралдары* мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының ағартушылық жұмыстарына белсенді қатысып, эфирде және басылым беттерінде кәсіптік кеңес беруді ұйымдастырады. Олар кең аудиторияның алдында кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтаудың маңызды мәселелерін қызықты және пікірталас түрінде қарастыра алады, социумға әсер етуде шешуші рөл көрсете отырып (газеттердегі т.б. айдарлар) жасөспірімдердің кәсіптік бағдар беру мәселесіне қоғамдық қызығушылығын үнемі қолдай алады. *Жұмыспен қамту қызметі* жоғары сынып оқушыларын жұмысқа орналастыруда нақты көмек көрсетеді. *Мәдени-ағарту мекемелері* оқушылардың мамандық әлемі туралы түсініктерін кеңейтеді, өзін-өзі анықтау себептерін қалыптастырады (кино, көрмелер, кездесулер).

1 - Кестенің жалғасы

	Қоғамдық ұйымдар оқушыларға кәсіптік бағдар беруде үлкен рөл ойнауы мүмкін. Сондықтан мектеп пен түрлі қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмысы қажет. *Кәсіпорындар, ұйымдар, фирмалар* кәсіптік бағдар беру жұмыстарындағы басты серіктестердің бірі болып табылады. Кәсіпорындарға экскурсиялар, ашық есік күндері, мектеп оқушыларын өндіріс ерекшеліктерімен, сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру, өз ісінің кәсіпқойларымен кездесу, мектеп оқушыларын тағылымдамашы ретінде жұмысқа тарту, демалыс кезінде жұмыс орындарын ұсыну, тапсырыс ұйымдастыру, оқушылардың зерттеу жұмыстарына көмек көрсету, әртүрлі кәсіптік бағдар шараларына қатысу, мектепке қамқорлық көрсету – қызметтің мүмкін бағыттары. *Жергілікті өзін-өзі басқару органдары* мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстарына қолдау көрсетеді. Олар жұмысқа қажетті ақпаратты ұсынады, келісім-шарт жасауға көмектеседі, мектептің кәсіби бағдар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.

ЕБҚ бар балаларға кәсіптік бағдар беруде ең маңызды сәттердің бірі – отбасы мен мектептің өзара іс-әрекеті. Қазіргі уақытта көптеген елдерде отбасының, балалар мен ата-ана қатынастарының дағдарысы байқалады, бұл қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы мемлекеттердің даму процестеріне және олармен байланысты себептерге байланысты болуы мүмкін. Ата-аналар көбінесе материалдық әл-ауқатқа назар аударуға мәжбүр болады, сәйкесінше, отбасыдағы қарым-қатынасқа аз уақыт жұмсайды, бұл жақын адамды түсінумен байланысты эмоционалдық компоненттің әлсіреуіне әкеп соғады. Әрине, білім алушының жеке басын дамытуға бағытталған жұмыс, егер оқыту мен тәрбиелеу процесіне білім алушылардың ата-аналары тартылған жағдайда ғана пәрменді және тиімді болады.

Ата-аналармен жұмысты екі бағытта қарастыруға болады:

- педагогикалық және психологиялық мәдениетті, денсаулық мәдениетін арттыру бойынша ата-аналар жиналысы шеңберінде барлық ата-аналармен;

- ата-аналардың бір бөлігімен бірінші кезекте ата-ана-бала жүйесіндегі сындарлы өзара іс-әрекетпен байланысты дағдылар мен іскерлікті қалыптастыру бойынша сабақтар түрінде.

Мектептің ата-аналармен жұмысының мазмұны:

- ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру (дәрістер, семинарлар, жеке кеңестер);

- ата-аналарды білім беру процесіне тарту (ата-аналар жиналысы, әлеуметтік желілердегі топтар, бірлескен шығармашылық жобалар);

- ата-аналардың басқару мәселелеріне қатысуы (қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, әлеуметтік желілердегі топтар).

Ата-аналармен жұмыстың тиімді әдістеріне мыналарды жатқызуға болады: бақылау; әңгімелесу; тестілеу; сауалнама. Сынып жетекшісінің білім алушылардың ата-аналарымен, оның ішінде ЕБҚ бар балалардың жұмыс жүйесінде психологиялық-педагогикалық ағарту маңызды орын алады. Бұл ретте ата-аналармен жұмыс кезінде қолданылатын психологиялық-педагогикалық ағарту нысандарына келесілерді жатқызуға болады:

- дәріс (тәрбиенің қандай да бір проблемасының мәнін жан-жақты ашатын дәрістердің әр түрі. Дәрістің маңызды аспектілерін ескеру қажет (оқушылармен жұмыс кезінде пайда болатын құбылыстарды, жағдайларды талдау);

- конференция (балаларды тәрбиелеу туралы білімді кеңейтуді, тереңдетуді және бекітуді көздейді. Конференцияны ұйымдастыру кезінде ата-аналар, оның ішінде ЕБҚ бар балалардың ата-аналары арасында балаларды тәрбиелеу тәжірибесімен алмасу, ЕБҚ бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері туралы білім алу маңызды сәт болып табылады);

- практикум (ата-аналардың балаларды тәрбиелеу бойынша педагогикалық іскерліктерін қалыптастыру, туындайтын педагогикалық жағдайларды кеңейту, ата-аналардың педагогикалық ойлауын жаттықтыру үшін тиімді практикалық іс-әрекеттің әртүрлі түрлері болжанады);

- жеке тақырыптық консультациялар (баланың жетістіктері туралы, жеке мәселелерді шешу туралы нақты түсінік беретін ақпарат алмасу). Жеке кеңестер – сынып жетекшінің отбасымен өзара іс-қимылының маңызды формаларының бірі. Әсіресе ол ЕБҚ бар балалар оқитын сыныпта қажет.

Ата-аналардың мазасыздығын, өз баласы туралы сөйлесуден қорқуды жеңу үшін ата-аналармен әңгімелесуді дұрыс ұйымдастыруға назар аудару қажет. Педагог ата-аналарға бейресми жағдайда баланы оқыту мен тәрбиелеудің бірлескен тәсілдерін, атап айтқанда: бала денсаулығының ерекшеліктері; оның қызығушылығы, мүдделері; отбасында қарым-қатынас жасауға ықыласы; мінез-құлық реакциялары; мінез-құлық ерекшеліктері; оқуға уәждемесі; отбасының моральдық құндылықтары туралы бөліскісі келетіндердің барлығын айтуға мүмкіндік беру қажет.

Жалпы білім беретін мектепте инклюзивті мәдениетті дамыту мақсатында ата-аналарға келесі кеңес беру тақырыптарын ұсынуға болады:

- Балалардың алаңдаушылығын қалай жеңуге болады?
- Баланың жадын дамыту.
- Ұялшақтық және оны жеңу жолдары.
- Балаларды достасуға қалай үйрету керек т.б.

Мектептердегі ата-аналар жиналысы балалардың оқу жетістіктерін көрсету үшін жиі қолданылады. Бірақ жиналыста әңгіме әр баланың жеке жетістіктері туралы емес, олардың танымдық және адамгершілік мотивациясына сәйкес келетін интеллектуалдық күш-жігері туралы болуы тиіс. Ата-аналар жиналысына оқушылардың оқу қызметін ғана емес, шығармашылық жұмыстарының, олардың жетістіктерінің көрмесін дайындау орынды.

Ата-аналар жиналысын ұйымдастыру және өткізу кезінде келесі ұсыныстарды сақтау қажет:

- ата-аналар жиналысы балалардың қателіктері мен сәтсіздіктерін анықтамай, ата-аналарды ағартуға бағытталуы тиіс;
- жиналыстың тақырыбы балалардың жас ерекшеліктерін ескеру керек;
- жиналыс теориялық және практикалық сипатта болуы тиіс: жағдайларды талдау, тренингтер, пікірталастар т.б.;
- жиналыс білім алушылардың жеке басын талқылаумен және айыптаумен өтпеуі тиіс.

Осылайша, педагогтың білім алушылардың ата-аналарымен өзара іс-қимылының барлық әдістері мен формалары сыныптың барлық балаларына, оның ішінде ЕБҚ бар балаларға қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Көкшетау қаласының «№1 Арнайы мектеп-интернаты» КММ мен «№3 агротехникалық колледж» КММ ынтымақтастығы мысалында ЕБҚ бар түлектерге кәсіптік бағдар беруде еліміздің мектептері мен колледждерінің өзара іс-әрекет тәжірибесін қарастыруды ұсынамыз. Мектеп директоры О.В. Бурдинскаяның және мектептің педагог-психологы С.В. Трофимованың жүргізген талдауына сәйкес арнайы мектеп түлектері үшін кәсіптік бағдар беру жолдары ашық, бірақ олар ақыл-ой бұзушылықтары бар балалардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты шектелген.

Кәсіби өзін-өзі анықтау ақыл-ой бұзушылықтары бар жасөспірімдердің өмірлік тәжірибесінің аздығына, өзін-өзі бағалай алмауына және мүдделерінің піспеуіне ғана байланысты емес, сонымен қатар олардың еңбек етуі мүмкін кәсіптер туралы ақпаратты, қандай да бір еңбек түріне қатысты өздерінің кәсіби жарамдылығы жөнінде білмеуінде.

Өзінің жеке қабілеттерін, кәсіби жарамдылығын бағалау және олардың мамандық талаптарымен арақатынасы арнайы мектеп түлектері үшін өте күрделі және қиын міндет болып табылады. Сондықтан педагогтардың пікірінше, түлектерге кәсіптік бағдар беру мектеп, отбасы, қоғам жетекшілігімен жүзеге асырылуы тиіс.

Басқа да даму мүмкіндігі шектеулі балалар секілді арнайы мектеп білім алушылары үшін де мамандық таңдау қолжетімді мамандықтар тізімінің аз болуына байланысты жұмыспен қамтуға дейін тарылады.

Қазіргі уақытта №1 арнайы мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру келесі профильдер бойынша жүзеге асырылады: тігін ісі, слесарлық, ағаш ұстасы ісі, омарта шаруашылығы, ауыл шаруашылық еңбегі және қол еңбегі.

Жоғары буын білім алушыларының контингенті – жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар балалар, мұндайда орташа ақыл-ой кемістігі бар балалар саны артып келетінін ескеру қажет. Бұл мектеп жүзеге асыратын профильдердің көбінің (слесарлық, ұсталық және тігін ісі) орташа ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін, олардың интеллектуалдық және психомоторлық даму ерекшеліктеріне байланысты кәсіптік оқытудың көптеген бейіндері қолжетімсіз болатынын білдіреді.

Сондықтан мектептің оқу-өндірістік бөлімі оқытудың жаңа бейіндерін енгізу мәселесімен айналысуда: сырлау ісі және ПИК (пәтер иелері кооперативі) қызметкері, олар балалар үшін қызмет ерекшелігін игеруде қолжетімді және еңбек нарығында өте маңызды. Қазіргі уақытта мектепте осы профильдер бойынша авторлық оқыту бағдарламалары әзірленуде.

2010 жылы мектеп базасында кәсіптік-техникалық білім беретін арнайы мекемелер қызметкерлерінің облыстық семинары өтті. Ол жерде арнайы мектеп түлектерін оқыту қиындықтары мен мәселелері сөз болды. Ол уақытта білім алушыларды қабылдау өте шектеулі болды.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының нәтижесі ретінде 2016 жылғы оқу жылында болашақ түлектерге кәсіптік бағдар беру бағдарламасының жобасы іске қосылды. Оны жүзеге асыру барысында ата-аналарға, оқушыларға ақпарат және консультациялық көмек беру жүзеге асырылды, кәсіптік-техникалық колледждерге бару бойынша экскурсиялар ұйымдастырылды.

Қазіргі уақытта облыстың әртүрлі кәсіптік-техникалық колледждерінде №1 арнайы мектеп-интернаттың 17 оқушысы білім алуда.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, олар қай жаста болмаса да, бірқатар ерекшеліктерге ие. Мұндай балаларды оқыту, оның ішінде кәсіптік оқыту барлық оқу-тәрбие процесін өзге де ұйымдастыруды талап етеді және бұл, әрине, осы кәсіптік-техникалық мекемелердің мамандарында белгілі бір мәселелерді тудырады. Мектеп өз кезегінде өз түлектерінің кәсіби дамуын одан әрі жалғастыруға мүдделі.

Сондықтан да мектепте, еңбек оқыту сабақтарында, олардың қандай бейінде жүзеге асатынына, түлектер болашақта қандай мамандық таңдайтынына қарамастан, еңбекке баулитын мұғалімдер болашақ кәсіби оқытуға қажетті негізгі, базалық еңбек дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға тырысады.

2017 жылдың наурыз айында №3 агротехникалық колледж бен №1 арнайы мектеп арасында оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бағытында жан-жақты қолдау көрсету мақсатында өзара іс-әрекет туралы меморандумға қол қойылды.

Дәстүрге айналған экскурсия барысында болашақ түлектер қандай мамандықтарды таңдауға болатынын, оқудан кейін уақытты қалай қызықты өткізуге болатынын, тұрмыс т.б. қалай ұйымдастырылатыны туралы толыққанды ақпарат алады.

Кез-келген кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі мақсаты оқушыларға оқу бейінін, сондай-ақ одан әрі кәсіби қызметін таңдауға көмек көрсету болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін, сондай-ақ балалар: колледж базасында оқуды жалғастыратындар және түлектер арасында дөңгелек үстелдер ұйымдастыру да дәстүрге айналып отыр.

Нәтижесінде оқу жылының соңында 23 түлектің 12-сі агротехникалық колледжге түсуге ниет білдірді.

Меморандум аясында өзара іс-әрекет пен ынтымақтастықтың тағы бір бағыты мектеп базасында өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігі болып табылады. Мұғалімдердің пікірінше, біріншіден, олар өз түлектерін жақсы біледі, екіншіден, жұмысшы мамандықтарының штаттық бірлігі әрдайым жетіспейді, мектеп өз түлектерінің мектеп қабырғасында тәжірибеден өтуіне мүдделі.

Осылайша, кәсіби өзін-өзі анықтау, жүйелі аргументтерге сүйенген, еркін, бірақ саналы таңдау мектеп пен колледж арасындағы ынтымақтастық шешуге мүмкіндік беретін негізгі міндет болып табылады.

Білім беру ұйымдарының ЕБҚ бар білім алушыларды әлеуметтендіру мәселелері бойынша тиімді өзара іс-әрекетінің тағы бір мысалын келтірсек.

Жоғарыда аталған Өскемен қаласындағы облыстық «Ақ ниет» мектеп-интернаты жалпы білім беретін мектептің инклюзивті ортасында ЕБҚ бар балалардың сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Арнайы білім беру ұйымы бола отырып (бастауыш білім беру интернатта ұйымдастырылған), инклюзивті ортада сапалы жалпы және кәсіби білім алу үшін жағдай жасау бойынша қызметті жүзеге асырады: 5 сыныптан бастап тәрбиеленушілер интернатта тұрып, №15 жалпы білім беретін тірек мектепте, интернатқа жақын жерде негізгі және орта білім алады. 9 сыныпты бітірген тәрбиеленушілер үшін техникалық және кәсіптік білім Өскемен қаласының колледждерінде интернатта тұрумен жүзеге асырылады.

Қазақстан-Американдық еркін университетінің (бұдан әрі – ҚАЕУ) колледжімен және қосымша 4 колледжбен келісім-шарт бойынша мектеп-интернат базасында ерте кәсіптік бағдар беру және болашақтағы мамандықты таңдау үшін «Іс жүргізу және мұрағаттану», «Аударма ісі», «Есептеу техникасы», «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандықтары бойынша 9-10 сынып оқушыларына арналған кәсікке дейінгі және курстық дайындық ұйымдастырылған.

«Ақ ниет» мектеп-интернатының алғашқы күнінен бастап ҚАЕУ колледжі инклюзивті білім беруді дамыту шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды табысты әлеуметтендіру үшін жағдай жасау бойынша бірлескен қызметті жүзеге асырады.

Интернатта курстық және кәсіпке дейінгі дайындық кабинеті жабдықталған. Курс аяқталғаннан кейін оқушыларға тиісті дайындық бағыты бойынша сертификаттар мен куәліктер беріледі. Курстық дайындықтан өткен барлық оқушылар таңдаған мамандықтары бойынша колледждерге табысты оқуға түсті.

Осылайша, ҚАЕУ колледжінің оқытушылары 2017 жылы жүргізген курстар аяқталғаннан кейін 6 тәрбиеленуші бағдарламаны сәтті аяқтап, сертификат алды. Қазіргі уақытта 2 тәрбиеленуші – «Аударма ісі» мамандығының 2 курс студенттері.

Сонымен қатар колледжмен бірлесіп, тірек-қимыл аппараты бұзушылықтары бар балалардың оқитынын ескере келе, кедергісіз орта құру үшін оқу аудиториялары анықталды. Интернат тәрбиеленушілері болуды жалғастыратын мектеп түлектері оқитын топтың сабақ кестесі келісіледі; оқушылар үшін бос сенбі күнінің босатылуын есепке ала отырып, оқытудың икемді кестесі жасалады; кейбір оқушылар үшін оқу жылын ерте аяқтау мақсатында оқу процесінің кестесі түзетіледі.

Бұл жұмыс жергілікті атқарушы органдардың, атап айтқанда ШҚО әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқанын атап өту қажет. Жыл сайын мұндай санаттағы балалар үшін білім гранттары бөлінеді. 2017-2018 оқу жылынан бастап білім гранттары есебінен 9-сыныптан кейін мектеп-интернаттың 9 тәрбиеленушісі 6 мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білім алды, соның ішінде ҚАЕУ колледжінде – «Аударма ісі» мамандығы бойынша, ҚАЕУ құрамына кіретін Экономика және қаржы колледжінде – «Есептеу техникасы және бағдарламалау негіздері» мамандығы бойынша.

Сонымен қатар қосымшаларда Нұр-Сұлтан қаласындағы №65 мектеп-гимназия мен №2 арнайы-мектеп интернатының тәжірибелері берілген (7, 8 қосымша).

Осылайша, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша бірлескен қызмет бағыты ерекше қажеттіліктері бар балалардың табысты әлеуметтенуіне, ертеңгі күнге өздерін сенімді сезінуіне және дербес ересек өмірге дайындалуына нақты мүмкіндік береді.

Қазіргі заманда сандық технологияларды кеңінен пайдалануды осы ғасырдың жарқын белгісі деп атауға болады. Мысалға, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығында электрондық еңбек биржасына сілтеме (https://www.enbek.kz/ru/barret/welcome) берілген. Ол жерде «Профориентация» бөлімінде И.В. Гуслованың модификациясында Джим Барреттің кәсіптік бағдар беру сынағынан өтуге болады. Аталмыш тест кәсіптік бағдар беру тестілеуінен тез өтуге, нәтиже алуға және кез келген адамға ең жақын кәсіптерді анықтауға мүмкіндік береді.

Әрбір тест блогында қатысушыға қызметтің үш түрі ұсынылады; нәтижеге қол жеткізу үшін қызметтің үш түрін қатысушыға ұнауына қарай орын-орынмен орналастыру қажет.

Тест өткеннен кейін қатысушы белгілі бір қызметке пайыздық қатынасы көрсетілген тестілеу нәтижелерін сақтай алады.

Сөздер – %;

Өнер – %;

Физикалық еңбек – %;

Эксперименттік қызмет – %;

Ұйымдастыру қызметі – %;

Бизнес – %;

Әлеуметтік жұмыс – %.

Жоғарыда аталған тақырыпшалардың біреуінің 70%-дан астам нәтиже көрсетуі адамның осы бағытта кәсіби бейімділігін көрсетеді. Егер тест қатысушысы тек бір тақырыпша бойынша жоғары көрсеткішке ие болса, сол бағытта максималды бейімділігін білдіреді. Сонымен қатар ең төменгі көрсеткіштерге де назар аудару қажет. Себебі оларда аз да болса, маңызды.

Нәтижесінде тест қатысушысы үшін:

- ең қолайлы мамандықтар;
- лайықты мамандықтар;
- түсініктемелер көрсетіледі.

Кәсіби өзін-өзі анықтау – мамандықты саналы және дербес таңдау процесі мен оның нәтижесі.

Мектептің, отбасының, ТжКБ ұйымдарының және әлеуметтік серіктестердің жүйелі ұйымдастырылған қызметі арқылы білім алушылардың, оның ішінде ЕБҚ бар балалардың ықтимал кәсіби жолын құра білу қажет. Жолдың басы үш құрамдастан тұрады: қалаймын, қолымнан келеді және қажет (сурет 2).

Сурет 2 – ЕБҚ бар баланың кәсіби жолының құрамдастары

«Қалаймын» – бұл тұлғаның мүдделері мен бейімділігі («білгім келеді», «жасағым келеді»). Адамның жеке қабілеттерінің болуы, әркім өз қабілеттерін дамытуға әлеуетті мүмкіндіктерге ие: өзіме қызықты қосымша бағытпен айналысамын, өзім бірдеңе жасауға тырысамын, ғылым, өндіріс жаңалықтарымен танысқанды жақсы көремін.

«Қолымнан келеді» – адами мүмкіндіктер проблемасы («мен істей аламын»), шешім шығаруға көмектесетін неғұрлым көп ақпарат жинау қажет: бейімділік, мамандық негіздерін меңгеру үшін қажетті білім деңгейі, денсаулық деңгейі, мінез-құлық ерекшеліктері, мүмкіндіктер, өзіндік тәртіп.

«Қажет» – еңбек нарығының қажеттілігі, жұмыс табу мүмкіндігі немесе таңдалған бейін бойынша жұмысқа орналасуға негізделген ой.

Бұл сұрақтарға жауап бере отырып, диагностика, кәсіби сынақтардан өтіп, өз мүмкіндіктерін зерделей келе білім алушы негізгі құрамдастарды анықтайды: қызығушылықтары, бейімділігі мен қабілеті, мамандықтың қоғам үшін маңыздылығы. Өзінің кәсіби жолын құру үшін ЕБҚ бар балаға түрлі әдістемелер (тесттер, сауалнамалар және т.б.) көмектесе алады. Олар 1, 2, 3, 4, 5, 6, 9 қосымшаларда берілген [52, 53, 54, 55].

Сонымен қатар, педагогтар мен ата-аналар білім алушылардың, оның ішінде ЕБҚ бар балалардың кәсіби өзін-өзі анықтау процесінде пайда болуы мүмкін проблемалар мен қиындықтарды ескеру қажет. Осыған байланысты осы проблемаларды шешудің әртүрлі жолдарын қарастыруды ұсынамыз.

Мамандық таңдау кезіндегі әдепкі қателер мен қиындықтар:

- кәсіптің кемшіліктерін ескермей, сыртқы жағынан ғана әуестенуі;
- жоғары еңбекақыға негізделген таңдау;
- мамандықтың беделді болу-болмауына қатысты теріс түсінік. Мамандықты қоғамдағы беделділік (танымалдылық) тұрғысынан таңдау;
- өзінің ерекше ықыласынсыз туған-туыстардың, басқа да маңызды адамдардың қысымына бағыну;
- оқу пәнін кәсіппен бірдей деп санау;
- адамға (осы кәсіп өкіліне) қарым-қатынасты мамандықтың өзіне ауыстыру;
- мамандықты достармен «компания үшін» таңдау;
- өзінің жеке қасиеттерін, қабілеттерін, бейімділігін, таңдау уәждерін түсінбеуі (жеке ерекшеліктерін ескермей);
- мамандық таңдауда маңызды болып табылатын өзінің физикалық ерекшеліктерін, шектеулерін, кемшіліктерін білмеу немесе жете бағаламау;
- таңдауда үзілді-кесілді шешім шығару;
- еңбек сипаты, қандай да бір мамандықтың ерекшеліктері туралы ескірген түсініктің болуы;
- қоғам үшін маңызды кейбір кәсіптерге қатысты ой-пікірлер («сатарман», «фотомоделька» және т.б. осы секілді сөздерді жаратпау).

Мамандық таңдауға әсер ететін факторлар:

- ата-аналардың пікірі;
- достарының пікірі;
- басқа да маңызды адамдардың (әжелер, аталар, туыстар, таныстар және т.б. пікірі;
- БАҚ арқылы алынатын ақпарат;
- мамандық беделдігі, қоғамның мамандықты мойындауы;
- мамандық бойынша өз пікірі.

Адам үшін мамандықты қате таңдаудың салдары қандай:

- өзіне деген сенімнің жоғалуы және күйзелістер;
- өзінен және қоршаған адамдардан көңілі қалу;
- стрестер және депрессия; жүйке бұзылыстары;
- мамандыққа, өмірге қанағаттанбаушылық;
- өмірге деген қызығушылықты жоғалту, жас дағдарыстары.

Мамандық таңдау кезіндегі қиындықтар себептері:

- оқу орындары туралы нашар ақпараттану;
- кәсіптер әлемі туралы нашар ақпараттану;
- өз мүмкіндіктерін бағаламау;
- бәрі өз ретімен шешіледі деп ойлау, кәсіби таңдау мәселесіне оңды-солды қарау;
- ұнайтын вариантардың көп болуы;
- қандай да бір қызметке қызығушылықтың болмауы.

Қиындықтарды қалай жеңуге болады:

- оқу орындары бойынша анықтамалықтың соңғы нұсқасымен танысу;
- мамандық таңдау бойынша жеке кеңес алу.

Жеке кеңес алу барысында:

- өз мүдделері мен бейімділігін анықтау;
- оларды бар мамандықтармен салыстыру;
- қызығушылық танытқан кәсіптердің кәсіби маңызды қасиеттерін анықтау;
- тестілеу немесе өзін-өзі бақылау арқылы олар Сізде жеткілікті дәрежеде дамыды ма деген қорытындыға келу;
- өз мүмкіндіктерін, қабілеттерін өлшеу;
- еңбек нарығының талаптарын өлшеу, шамамен болжам жасау – қоғамның 3-5 жылдан кейін осы мамандық мамандарына деген қажеттілігі қандай болмақ?
- тек қызмет саласын ғана емес, сонымен қатар еңбек жағдайларын, оның ерекшеліктерін де анықтаңыз.

Мамандық таңдау кезінде:

- мүмкіндігінше көбірек мамандықты білу керек;
- өз қызығушылықтарын анықтау керек;
- қандай оқу орындарында қандай мамандық алуға болатынын білу керек;
- кәсіптік таңдаудың негізгі және қосалқы нұсқаларының болуы керек (егер ойындағын жүзеге асыру мүмкін болмай қалған жағдайда);
- кәсіптік сынамалардың тәжірибесі болуы керек: немесе ұнайтын мамандық өкілінің жұмыс күнін қадағалау (бір күн бойы бақылау керек) немесе осы салада біраз жұмыс істеуге тырысу керек;
- өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін, сондай-ақ олардың кәсіп қоятын талаптарға сәйкестігін бағалау керек. ЕБҚ бар балаларға кәсіптік бағдар берудің егжей-тегжейлі моделі 2-қосымшада берілген [56, 245 б.].

Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды оқытудың басым бағыттарының бірі – оларды еңбекке даярлаудың шынайы мүмкіндігімен

қамтамасыз ету. Бұл көптеген түлектерді олардың ақыл-ой және физикалық дамуын түзетуге және өтеуге бағытталған еңбекке даярлаудың ғана материалдық өндіріс аясында жұмысқа тұруға мүмкіндік беруімен түсіндіріледі.

Осындай мәселелерді шешуде кәсіптік бағдар беру, кәсіптік іріктеу, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы бойынша ұйымдастыру-әдістемелік және практикалық іс-шаралар жүйесі маңызды рөл атқарады, ол кәсіптер әлемі туралы ақпарат берумен, кәсіптік бағдар беруді негіздеумен шектелмейді, сонымен қатар оқушылардың тұлғалық дамуына, олардың жеке-психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін кәсіп талаптарымен сәйкестендіру қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектепте кәсіби бағдар жұмысының басты мақсаттарының бірі оқушылардың жеке кәсіптік бағдарын құру болып табылады. Жеке білім беру бағыты педагогтардың өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі іске асыруын педагогикалық қолдауды жүзеге асыруы кезінде білім беру бағдарламасын таңдау, әзірлеу және іске асыру субъектісінің ұстанымдарын қамтамасыз ететін мақсатты жобаланатын сараланған білім беру бағдарламасы ретінде айқындалады.

Осыған байланысты био-психо-әлеуметтік модельге негізделген тіршілік-тынысы мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектелуінің халықаралық жіктемесі (бұдан әрі – ҚХЖ) тұрғысынан білім алушыларды әлеуметтендіру мәселелерінің маңыздылығын қарастыру қажет. ҚХЖ адам денсаулығының барлық аспектілерін және денсаулыққа, мысалы, маңызды қарым-қатынастардың болуын және сапалы білім алуды қоса алғанда, әл-ауқаттың құрамдас бөліктерін қамтиды. Ол дискриминация немесе әлеуметтік оқшаулау тек қана әлеуметтік факторлардан туындаған жағдайларды қамтымайды, мысалы, діні, жынысы немесе этникалық қатыстылығы бойынша. Десе де, ол денсаулық пен әл-ауқат контекстінде әмбебап қолданыста бар. ҚХЖ мүмкіндігі шектеулі адамдарға ғана емес, барлық адамдарға қатысты.

ҚХЖ адамдардың өздерін емес, адамдардың жағдайын сипаттайды. ҚХЖ барлық секторларда және барлық жас топтары үшін пайдаланылуы мүмкін, бірақ оны мүмкіндігі шектеулі адамдарға мүмкіндік беру үшін пайдалану қажет. Бүгінгі таңда тіршілік тынысының шектелуі аурудың салдары ретінде тұжырымдалмайды, адам денсаулығының жағдайы, қоршаған ортаның факторлары және жеке факторлар арасындағы динамикалық өзара іс-әрекет ретінде түсініледі.

Тыныс тіршіліктің шектелуі – индивидтің атрибуты емес, шарттардың кешенді үйлесімі, олардың көпшілігі әлеуметтік ортамен қалыптасқан. Демек, жағдайды басқару әлеуметтік шешімдерді талап етеді және көп жағдайда қоғамның қоғамдық өмірдің барлық салаларында мүмкіндігі шектеулі адамдардың толыққанды қатысуы үшін қажетті қоршаған ортаның өзгеруін жүргізу үшін ұжымдық жауапкершілігін болжайды. Сондықтан осы ұстанымның немесе идеологияның нәтижесі әлеуметтік өзгерістер болады, олар саяси деңгейде адам құқықтары мәселесіне айналады.

Контекстілік факторлар сыртқы (орта) және ішкі (нақты өмірлік жағдайларда қызмет етуге ықпал ететін тұлғалық факторлар) болады.

ЕБҚ анықтамасына берілген ресурстық көзқарас білім алушыларды оқыту кезінде туындайтын қиындықтардың әртүрлі спектрімен біріктіреді. Бұдан басқа педагогтарға көптеген елдерде пайдаланылатын категориялық жүйеге қатысты ЭЫДҰ ұсыныстарын ескеру қажет:

1 топ. Психофизикалық даму бұзушылықтары бар балалар: есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты бұзушылықтары бар, психикалық дамуы тежелген және эмоциялық-ерік бұузышылықтары бар;

2 топ. Оқытудағы ерекше қиындықтары, мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балалар. Ерекше қиындықтар интеллекті сақталған білім алушыларда жекелеген оқу дағдыларын меңгеруде байқалады: жазу, оқу немесе есеп (дисграфия, дислексия, дискралькулия т.б.). Бұл қиындықтар, әдетте, уақытша сипатта болады және оларға мамандардың көмегі көрсетілген жағдайда еңсеріледі. Мінез-құлық және эмоциялық проблемалар дамудың ерекше проблемаларының (гипербелсенділік және назардың тапшылығы синдромы, аутистік спектрдің жеңіл бұзушылығы т.б.), сондай-ақ жағымсыз психологиялық факторлардың (отбасындағы тәрбиенің, бала мен ата-ана арасында отбасылық қарым-қатынастың бұзылуы) салдарынан болуы мүмкін, бұл құрдастарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынастың әртүрлі қиындықтарына (жасқаншақтық, пассивтілік, тұйықтылық немесе даулылық, тілазарлық, агрессивтілік) әкеледі;

3 топ. Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени себептерге байланысты ерекше білім берілуіне қажеттілігі туындайтын білім алушылар. Бұл топқа аз қамтылған немесе балаларды тәрбиелеу мен дамытуға тиісті көңіл бөлмейтін отбасыларда, әлеуметтік қатер тобындағы отбасыларда (маскүнемдігі, нашақорлығы бар ата-аналар т.б.) тәрбиеленетін балалардың, сондай-ақ жергілікті социумға (босқындар, көшіп-қонушылар, оралмандар) бейімделуде қиындық көріп жүрген немесе мектепте оқыту тілін нашар түсінетін және сөйлемейтін балалардың микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалуын жатқызуға болады.

Психофизикалық даму бұзушылықтары жоқ екінші және үшінші топтағы оқушылар көбінесе психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жүгінбейді, олармен анықталмайды. Тиісінше, жалпы білім беретін мектеп білім алушылардың осы топтарын өз назарында ұстап, уақытында анықтап, оларға көмек көрсету керек [57, 16 б.].

Осылайша, балаларды оқыту кезінде кездесетін қиындықтардың барлық спектрін ескере отырып, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүзеге асыру үшін келесі негізгі міндеттерді шешу қажет:

- еңбек дағдыларын, сондай-ақ еңбек қасиеттерін дамыту;
- өзін-өзі тану қырларын кеңейту;
- мамандықтар, олардың маңыздылығы, ерекшеліктері және кәсіби дайындық жолдары туралы қолжетімді ақпарат беру;
- еңбекке оң көзқарасты қалыптастыру.

Көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру кезінде жұмысты кезеңдерге сәйкес жүргізу қажет:

1) білім алушылардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес мамандық таңдау алаңын анықтау.

Ол үшін баланың психофизикалық жағдайына мұқият талдау жүргізу керек, сондай-ақ ПМПК ұсыныстарымен танысу қажет, барлық көрсетімдер мен қарсы көрсетімдерді ескеру қажет.

2) білім алушының бейімділігі мен қалауын анықтау. Ол үшін қабілеттер мен жасырын таланттарды анықтауға мүмкіндік беретін арнайы әдістемелердің үлкен арсеналын пайдалану қажет.

3) мамандықтармен танысу. Бұл кезеңде кәсіби диагностика, кәсіби сынамалар арқылы мамандықтармен танысу қажет. Осының негізінде мұғалімдер мен ата-аналармен бірлесіп кәсіби қызметтің ықтимал нұсқаларының тізімі жасалады. Содан кейін кәсіпті меңгеруге қажетті маңызды қасиеттер анықталады, ЕБҚ бар балаларға арналған кәсіби дайындықтың түрлері мен ең тиімді жолдары таңдалады.

4) ЕБҚ бар балалардың жеке кәсіби жоспарын құру. Бұл кезеңде мақсатқа қол жеткізу үшін негізгі қадамдарға қатысты жоспарлар құрылады: білім алу жолдарын, кәсіптік жұмыспен қамту түрлерін, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін анықтау, бұл ретте таңдап алынған кәсіптік қызметке байланысты мамандар мен дәрігерлерге міндетті қосымша кеңес беру жоспарлануда.

ЕБҚ бар балаларға арналған мамандықты дұрыс таңдау бірінші кезекте олардың психофизикалық ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне байланысты болғандықтан, кәсіптік бағдар беру жұмысында олардың ерекшеліктеріне сәйкес ұсынылатын мамандықтардың тізімін ескеру қажет.

Көру қабілеті бұзушылықтары бар балалардың кәсіби өзін-өзі анықтаудың ерекшеліктері:

- көру қабілеті төмен деңгейде болғандықтан, көру қабілеті баяулаумен, шолудың енсіздігімен, айқындық пен жарықтың жеткіліксіздігімен, заттардың жиі бұрмалануымен шектеледі, бұл мамандықтар туралы көру арқылы ақпарат алуды қиындатады;

- айналаны анық емес, тарылған күйде және баяу көргендіктен, көру қабілеті бұзушылықтары бар балаларда есте сақтау қабілетті шектелген және бұрмаланған, ойлау операциялары баяулаған. Кеңістікте бағдарлануы қиындаған;

- көру қабілеті бұзушылықтары бар баланың психикалық жағдайы өзіндік ерекшеліктерге ие, көру бұзушылықтары жалпы білім беретін мектептердегі білім алушыларға арналған ақпарат көздерін (әртүрлі көренкі құралдар, деректі фильмдер т.б.) пайдалану мүмкіндігін қиындатып, шектейді.

Көру бұзушылықтары бар балаларға кәсіптік бағдар беру көру бұзушылықтары бар балаларды оңтайлы және сапалы жұмыспен қамту қағидаттарына негізделген медициналық көрсетімдер мен қарсы көрсетімдер негізінде жүргізіледі. Көру бұзушылықтары бар балалар негізінен зат туралы

көру арқылы қабылданатын ақпаратты негізгі деп қабылдайды және ол көқптеген заттарды қабылдаудың шектелуіне алып келеді. Сол себепті есту, серзу арқылы кеңістіктікте бағдарлануды дамыту маңызды. Осы мақсаттарда білім алушыларға сызу, электро-радиотехника т.б. пәндерді игеру маңызды.

Көру қабілеті бұзушылықтары бар адамдар үшін қолайлы үлгілік мамандықтар:

- байланысқа байланысты кәсіптердің барлық түрлері: Call-орталығының операторы; көлік диспетчері; телемаркетолог т.б.;
- қолмен жұмыс істейтін кәсіптердің барлық түрлері: массажшы; ораушы; радиотехник т.б.;
- өнермен байланысты кәсіптердің барлық түрлері: композитор; музыкант; музыкалық жетекші т.б.

Есту қабілеті бұзушылықтары бар балалардың кәсіби өзін-өзі анықтаудың ерекшеліктері:

- есту қабілеті бұзушылықтары бар балалар (көп жағдайда саңырау) еститін қатарластарымен салыстырғанда жалпы білім беру және политехникалық дайындық деңгейі төмен;
- есту қабілеті бұзушылықтары бар балалардың сөйлеу тілінің жеткіліксіз дамуы мамандықтар туралы ақпарат алуды қиындатады;
- есту анализаторының бұзушылықтары да жалпы білім беретін мектептердегі білім алушыларға арналған ақпарат көздерін (радио, диктор мәтіні бар деректі және ғылыми фильмдер т.б.) пайдалану мүмкіндігін шектейді.

Есту қабілеті бұзушылықтары бар балалар үшін кәсіптік бағдар берудің және өзін-өзі анықтаудың нәтижелі әдісі сюжеттік-рөлдік, іскерлік ойындар болып табылады. Ойындардың негізгі міндеті – ойын, еңбек, спорттық және басқа да қызмет түрлері барысында тұлғаның коммуникативтік қасиеттерін дамыту жаттығулары. Балаларға сабақ тақырыбы мен тілдік минимум шегінде қарапайым қарым-қатынас жасауға үйретететін сөйлеу ойындарына үлкен мән беру керек. Дәстүрлі емес әдістер ішінде арттерапияны қолдану маңызды. Бұл – өзін-өзі тануды, тұлғаның өзін-өзі тереңірек дамытуға ықпал ететін және адамның әлеуметтенуінің нысаны болып табылатын көркем-эстетикалық тәрбие. Көркем шығармашылық нашар еститін балаға бақыт минуттарын, өзінің таланты үшін мақтаныш сезімін, өзінің ерекшеліктерін сезінуге мүмкіндік береді.

Есту қабілеті бұзушылықтары бар адамдар үшін қолайлы үлгілік мамандықтар:

- интернеттегі жұмыспен байланысты кәсіп түрлері: веб-дизайнер; мәтін редакторы т.б.;
- қолмен жасайтын жұмыспен байланысты кәсіп түрлері: массажист; ДК-ны ораушы; құрастырушы; тігінші; тіс технигі; пішуші; қоймашы т.б.; инженер-жобалаушы; іс қағаздар жүргізуші т.б.

Церебралды параличі бар балалардың кәсіби өзін-өзі анықтаудың ерекшеліктері:

- мидың дамымауы қозғалыс бұзушылықтары (сал, тартылу, сөйлеу бұзушылықтары), тепе-теңдік бұзушылықтары, болуы мүмкін зерде бұзушылықтары, эпилепсия. БЦП-да кәсіптік бағдар беру және еңбек ету мүмкіндігі қозғалыс аппаратының функционалдық мүмкіндіктерінің дәрежесіне және балалардың интеллектісінің сақталуына байланысты болады.

Өзін-өзі анықтау мен кәсіптік бағдар берудің ең жоғары нәтижелеріне қол жеткізу үшін еңбек терапиясын пайдалану маңызды. БЦП кезіндегі еңбек терапиясы емдік бағыттағы, емдік гимнастикамен, психотерапиямен, басқа да оңалту әдістерімен тығыз қарым-қатынаста болады. Формалар мен әдістер ақыл-ой дамуының деңгейіне, қозғалыс мүмкіндіктеріне байланысты құрылады. Еңбек терапиясы нәтижелердің нақты маңыздылығы, эмоционалдық қызығушылық, басқа балалармен қарым-қатынас жасаудың арқасында үлкен психотерапиялық әсерге ие. Еңбек таңдауды ортопед-дәрігер, невропатолог, еңбек жөніндегі нұсқаушы аурудың ерекшеліктерін, баланың мүмкіндіктері мен мүдделерін ескере отырып анықтайды.

Тірек-қимыл аппараты бұзушылықтары бар адамдар үшін қолайлы үлгілік мамандықтар:

- интернеттегі жұмыспен байланысты барлық мамандық түрлері: деректер қорының әкімшісі; әлеуметтік желілердегі жарнама жөніндегі маман; мәтін редакторы және т.б.; инженер-радиотехник; социолог; әдіскер; жаңалықтар менеджері; қаржы талдаушысы; программист және т.б.

Психикалық дамудың тежелуі – балалардың психофизикалық дамуында болуы мүмкін барлық бұзушылықтар арасында ең көп таралған ауытқулардың психологиялық-педагогикалық анықтамасы.

Психикалық дамуы тежелген балалардың кәсіби өзін-өзі анықтаудың ерекшеліктері:

- танымдық белсенділіктің төмен деңгейі және ақпаратты өңдеудің баяу қарқыны;
- зейіннің тұрақсыздығы, зейіннің ауысу жылдамдығының бұзылуы, оның көлемі төмен болады;
- жад көлемі шектеулі, ұзақ мерзімдіден қысқа мерзімді басымырақ, логикалықтан механикалық басымдырақ;
- көрнекі-пәрменді ойлау көрнекі-бейнелі және әсіресе сөздік-логикалық ойлауға қарағанда айтарлықтай дамыған;
- сөйлеу қызметінің жеңіл бұзушылықтары бар;
- эмоцияның мен мотивацияның жетілмеуі;
- психикалық тұрақсыздық түрі бойынша ерікті мінез-құлықтың қалыптаспауы, әуестіктердің тежелуі.

ПДТ уақытша сипатқа ие, сондықтан болашақта баланың өзін-өзі табысты анықтау үшін есте сақтау, сезім, қабылдау сияқты психикалық процестердің дамуын ерте бастау, эмоциялық-ерік саласын түзету қажет, ойлау қабілетіне ерекше көңіл бөлу қажет:

- көрнекі-әрекетті, көрнекі-бейнелі және логикалық ойлауды дамыту;

- көрнекілік немесе вербалды негізде талдау, салыстыру, жалпылау, жіктеу, жүйелеу білігін дамыту;

- ең бастысын, маңыздын ерекшелеуге үйрету;

- заттар мен ұғымдар белгілерінің ұқсастығы мен айырмашылықтарын табу;

- анализ бен синтездің ойлау операцияларын дамыту;

- заттарды топтастыруға үйрету;

- оқиғалардың байланысын түсіну және дәйекті ой-пікірлерді құру, себеп-салдарлық байланыстарды орнату білігін дамыту;

- ойлау шығармашылық қызметін жандандыру;

- ойлау сыншылдығын дамыту (басқаларды және өзін объективті бағалау);

- ойлау дербестігін дамыту (қоғамдық тәжірибені пайдалана білу, өз ойының тәуелсіздігі).

Балалардың психикалық дамуының тежелуі уақытша сипатта болғандықтан, олар үшін кәсіптер әлемі толық ашық және ерекше шектеулер жоқ, барлығы баланың кәсіби бейімділігіне байланысты. ЕБҚ бар балаларға кәсіби кеңес беру кезеңінде диагностикалық әдістемелерге ерекше орын бөлу қажет [58, 20 б.].

Кәсіптік бағдар беру жұмысы барысында педагогтарға оқушылардың психофизикалық жағдайына байланысты көптеген факторларды ескеру қажет, өйткені білім алушылардың қиындықтары кең және әртүрлі болуы мүмкін. Білім алушылардың денсаулық ерекшеліктерімен және ұсынылатын мамандықтармен байланысты мамандықты таңдау үшін кейбір шектеуші факторларды мысалға келтіреміз (кесте 2) [59].

Кесте 2 – Денсаулық бойынша қарсы көрсетілімдермен және шектеулермен байланысты ұсынылатын кәсіптер мен мамандықтар

Аурулар	**Білім алушының физиологиялық жай-күйінің ерекшеліктеріне байланысты мамандық таңдау спектрін шектейтін факторлар (қарсы көрсетімдер)**	**Кейбір ұсынылатын кәсіптер мен мамандықтар**
Көру мүшелері	Аса жоғары дәлдіктегі, көру кернеуліктегі жұмыс. Ұсақ бөлшектермен жұмыс істеу; көзілдірік тағуды талап ететін жұмыс; айтарлықтай физикалық кернеу; ауаның тозаңдануы, дененің көлбеу жағдайда болуы.	Сатушы, бармен, құс фабрикаларының операторы, бағбаншы, автомобиль жөндеу слесарі.
Есту мүшелері	Жақсы естуді және адамдармен қарым-қатынасты талап ететін жұмыс. Есту кернеуін, айтарлықтай шуыл мен дірілді талап ететін жұмыс.	Сызушы, кесте тігуші, тігінші, аяқ киім жөндеуші, гүл өсіруші, кондитер, фотограф.

2 – Кестенің жалғасы

Тері	Токсикалық және тітіркендіргіш заттармен жанасу, тозаңдану, қолайсыз микроклимат; тұрақты ылғалдану және ластану, қолды салқындату.	ЭЕМ операторы, жартылай өткізгіштерді құрастырушы, конструктор, сызушы.
Тірек- қимыл аппараты	Ұзақ уақыт жаяу жүру, баспалдақпен көтерілу және түсу. Кернеулі жұмыс позасы; елеулі физикалық кернеу (ауыр заттарды көтеру, тасымалдау); қозғалатын механизмдерде биіктікте жұмыс істеу.	Микросхемаларды құрастырушы, телеграфшы, тігінші.
Тыныс алу мүшелері	Қолайсыз климат; газдану, тозаңдану; уытты заттармен байланыс; елеулі физикалық кернеу, барлық сәулелену түрлері.	Бақылаушы-кассир, гүл өсіруші, киномеханик, пультпен басқарылатын станоктардың операторы.
Жүрек-қантамырлары жүйесі	Елеулі физикалық кернеу; қолайсыз микроклимат; уытты заттармен байланыс, қозғалатын механизмдермен биіктікте жұмыс істеу, шу, діріл.	Радиомеханик, тігінші, хатшы-референт, ара өсіруші.
Ас қорыту жүйесі	Уытты заттармен байланыс; елеулі физикалық және жүйке кернеуі; қоректендіру режимінің бұзылуымен байланысты жұмыс; мәжбүрлі жұмыс позасы.	ЭЕМ операторы, слесарь, декоратор-безендіруші.
Бүйрек және несеп бөлу мүшелері	Қолайсыз микроклимат; уытты заттармен байланыс; мәжбүрлі жұмыс позасы; тамақтану режимінің бұзылуымен байланысты жұмыс; діріл.	ЭЕМ операторы, слесарь, декоратор-безендіруші.
Жүйке жүйесі	Нервтік-эмоциялық кернеу; шу және діріл; қолайсыз микроклимат; уытты заттармен байланыс, әсіресе нерв-паралитикалық әсер.	Ағаш кесуші, пішуші, ағаш шебері.

Қаралған материалдарды негізге ала отырып, білім беру процесіне қатысушылар арасындағы кәсіптік өзін-өзі анықтау, балаларды жұмысқа орналастыру және әлеуметтендіру мақсатында өзара іс-қимыл дағдыларын

жетілдіру қажеттілігі туралы қорытындыға келуге болады. Төменде [58, 28 б.] (кесте 3) өзара қарым-қатынас жағдайында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүзеге асыратын білім беру процесіне қатысушылар орындайтын негізгі міндеттерді сипаттау ұсынылады.

Кесте 3 – ЕБҚ бар білім алушыларды кәсіптік таңдау кезіндегі өзара іс-қимыл жасау мақсатында білім беру процесіне қатысушылардың жүзеге асыратын міндеттері

Білім алушылардың кәсіби таңдауына жәрдемдесу міндеттері:				
ППҚҚ мамандары	**мектеп әкімшілігі**	**сынып жетекшісі**	**мұғалім**	**Ата-ана**
ЕБҚ бар балалардың кәсіби өзін-өзі анықтау бөлігіндегі нақты проблеманы анықтау	ЕБҚ бар білім алушылардың ой-өрісін және жеке мүмкіндіктерін кеңейту үшін жайлы білім беру ортасын ұйымдастыру, жеке білім беру бағыттарын құру	ЕБҚ бар білім алушылардың білім беру ортасына бейімделуіне көмек көрсету	ЕБҚ бар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін көрсету үшін жағдай жасау	ЕБҚ бар баланың әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету
ЕБҚ бар білім алушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін кешенді зерттеу	ЕБҚ білім алушылармен жеке түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастыру (психолог, логопед, дефектолог т.б.)	ЕБҚ бар білім алушыларда оқу және еңбек қызметіне оң уәждемені қалыптастыру	ЕБҚ бар білім алушыларда психикалық функциялардың жеке дамуына ықпал ететін әдістер мен формаларды сабақ өткізу кезінде қолдану	Дөңгелек үстелдерге, ата-аналар тренингтеріне, жиналыстарға қатысу; үй жағдайында ЕБҚ бар баланың дамуына жәрдемдесу
Мамандық әлемі мен таңдаған мамандық бейнесін құзыретті	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды кәсіптік бейімдеу	Заманауи мамандықтар туралы нақты түсініктерді	ЕБҚ бар білім алушыларда қажетті зияткерлік	Баламен әңгімелесу, өмірлік және кәсіби жағдайларды талқылау

3 – Кестенің жалғасы

бейнелеуді қалыптастыру	жүйесін ұйымдастыру	қалыптастыру	және еңбек қабілеттерін дамыту	
Мамандықтың мінсіз және нақты бейнесін салыстыру, кәсіби таңдау қызығушылығын қалыптастыру, өзін-өзі барабар емес бағалауды түзету	Кәсіптік оқу сынамаларын ұйымдастыру арқылы ЕБҚ бар білім алушылардың практикалық тәжірибесін байыту	Нақты еңбек жағдайлары мен танысу мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдарға кәсіптік бағдар беру экскурсияларын ұйымдастыру және өткізу	Технология мұғалімдері мен өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіптік сынақтарын өткізу	Баланың мүмкіндіктері мен қабілетін ескеретін кәсіби таңдауға көмек
Кәсіби таңдауды түзету	ЕБҚ бар білім алушыларды кәсіптік оқытуды ұйымдастыру, жеке кәсіптік бағдарды құру	Ерекше білім беру қажеттіліктерімен білім алушылардың кәсіби таңдауына қанағаттануын зерттеу	Кіріктірілген оқыту, жалпы еңбек дағдыларын дамыту	Баланың денсаулық жағдайын есепке алу

Мектеп бітірушілерді еңбек күндеріне дайындауда қазіргі заманғы мектептің рөлі нарық жағдайына сәйкес өзгеріп отырады. Өткен жылдардың оқыту әдістері ескірген, бүгінгі таңда жаңа әдістерді іздеу ең маңызды болып табылады. Қоғамда болып жатқан экономикалық және әлеуметтік өзгерістер, өндіріс қарқынының өсуі, еңбек саласында инновациялық технологияларды енгізу, жаңа мамандықтардың пайда болуы кәсіптік бағдар беру мәселесі жалпы білім беру ұйымдары үшін басымдыққа алып келеді.

Бүгінгі күні отбасы, мектеп және мемлекет үшін ерекше маңызды болып табылады. Педагогтан оқушылардың кәсіби болашақты таңдауын бағдарлау талап етіледі, сондықтан оның барлық қызметі ақпараттық және кеңес беру жұмысын қоса алғанда, барлық оқу-тәрбие процесінің ажырамас бөлігі, сондай-ақ оқушылардың бейімділігі мен қабілеттерін іс жүзінде дамыту болып табылады.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың табыстылығы, ең алдымен, оқушының ішкі белсенді ұстанымының қалыптасуына байланысты. Осыған байланысты, оқушылардың бойында өзінің кәсіби болашағының бейнесін қалыптастыруға кезең-кезеңмен оқыту өзінің өмірлік мақсатын құрастыруға тең.

Сондықтан мектеп қабырғасынан бастап, білім берудің барлық кезеңдерінде болашақ маманның өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтауына ілесе отырып, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету үшін арнайы ғылыми-практикалық қызметті ұйымдастыру бойынша психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің белсенді жұмысы қажет [60].

Бұл ретте мектеп алдына әлеуметтік маңызды міндеттер қояды:

- ЕБҚ бар оқушылардың түрлі технологиялық құралдарды тез меңгеру қабілетін дамыту;

- әртүрлі қызмет түрлеріне бейімделіп, жеке траекторияны құру процесінде өзінің жеке және кәсіби дамуын жобалау;

-әртүрлі деңгейдегі аймақтың оқу орындарымен (колледж-ЖОО) желілік өзара іс-қимыл жүйесінде мектептің ақпараттық-білім беру кеңістігін құру);

- қазіргі нарықтық қатынастағы еңбек қызметіне оқушыларды әлеуметтік бейімдеу және дайындау, кәсіби бағдардың ресурстық орталығын құру.

Демек, мектеп бітірушілердің кәсіптік бағдары тек жалпы білім беретін мектептің ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік серіктестердің, жұмыспен қамту орталықтарының, кәсіпорындардың қызметіндегі басым бағыт болуы тиіс, өйткені ол ЕБҚ бар оқушы тұлғасының нарықтық экономика және жаһандану жағдайында үйлесімді дамуын қамтамасыз ете алады. Бұл оқу барысында алған білімдерін теориялық білімдерден пәрменге айналдыруға, кәсіби таңдаудың дұрыстығын растаудан, таңдалған мамандық саласында өзін-өзі бекітуден және өзін-өзі жетілдіруден көрінетін тұлектің әлеуметтік бейімделуі мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазіргі уақытта республиканың жалпы білім беретін мектептерінде оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту, барлық оқушылардың, соның ішінде ЕБҚ бар балалардың сұраныстары мен бейімділігіне сәйкес саралап оқытуды ұйымдастыру үшін мүмкіндіктерді кеңейту үшін оқу процесін ұйымдастырудың қажеттілігі неғұрлым өзекті болып отыр. Бұл міндеттер қазіргі жағдайда білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жүйесін инновациялық дамытуға бағыттайды.

ЕБҚ бар білім алушыларды кәсіптік бағдарлау үздіксіз процесс болып табылады және барлық жас кезеңдерінде мақсатты түрде жүзеге асырылады, қазіргі заманғы оқушылардың ерте кәсіптік бейімделуін ерекше назар аударуды талап етеді. ЕБҚ бар білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтау процесі олардың тұлғалық дамуының өте маңызды сәті болып табылады. Қазіргі динамикалық әлеуметтік-экономикалық жағдайларда бейімдік, әлеуметтік-еңбек, зияткерлік, психологиялық-педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерінің жоғары деңгейіне ие жалпы білім беру ұйымдарының кәсіптік бағдарланған түлектеріне сұраныс өсуде. Олар негізгі білім беру құзыреттерінің бір түрі ретінде кәсіби өзін-өзі анықтау арқылы қалыптасады.

Осылайша, кәсіптік бағдар және кәсіптік өзін-өзі анықтау «өмір бойы білім беру» парадигмасын іске асыру үшін қажетті құзыреттілікке ие болудың маңызды шарты болуы тиіс.

Осыған байланысты жалпы педагогикалық принциптерге сүйене отырып, ғылыми-әдіснамалық тәсілдерді, психологиялық әзірлемелерді ескере отырып, кәсіптік бағдар беру бойынша жүйелі педагогикалық қызметті ұйымдастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ООН. Цели в области устойчивого развития (ЦУР). Преобразование нашего мира: повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года (англ. Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development). – Нью-Йорк, 2015. URL: https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/education/

2. Боброва Е.А., Зевакова Н.С, Сечковская Н.В, Шебловинская И. Методические рекомендации по организации деятельности общеобразовательных учреждений по вопросам профориентации, профессионального самоопределения и трудоустройства обучающихся, включая лиц с ОВЗ и инвалидов. – Смоленск, 2018.

3. Назарбаев Н.А. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. – Астана, 2012. URL: https://www.inform.kz/kz/nursultan-nazarbaev-kazakstannyn-aleumettik-zhangyrtyluy-zhalpyga-ortak-enbek-kogamyna-karay-20-kadam_a2478341

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000

5. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319

6. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345

7. «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400

8. Макарьев И.С., Гнездилова С.А., Джумагулова А.Ф., Митрошина Д.Н., Мухаметшина А.В., Минин Д.С. Основы разработки средств выявления особых образовательных потребностей у обучающихся с инвалидностью и ограниченными возможностями здоровья: препринт / под общ. ред. И.С. Макарьева. – СПб. :СПБ ГБ ПОУ «Охтинский колледж», 2018. – 72 с.

9. Степанова О.А. Социальная и педагогическая интеграция лиц с ограниченными возможностями здоровья: российский вектор развития. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnaya-i-pedagogicheskaya-integratsiya-lits-s-ogranichennymi-vozmozhnostyami-zdorovya-rossiyskiy-vektor-razvitiya

10. Зубарева Т.Г. Развитие профессиональной компетентности специалистов в области инклюзивного образования. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-professionalnoy-kompetentnosti-spetsialistov-v-oblasti-inklyuzivnogo-obrazovaniya

11. Огановская Е.Ю. Организация профориентационной работы в школе в условиях перехода на ФГОС ООО: методические рекомендации. – СПб.: СПб АППО, 2016. – 74 с.

12. Аханов Б.ВФ., Исаева К.А., Утебаева А.Т. Соверменные профориентационные технологии. Ученые записки Худжандского государственного университета им. академика Б. Гафурова. Серия гуманитарно-общественных наук. 1 (46) 2016.

13. Мирза Н.В., Валькова Ю. Особенности системы профориентационной работы в школе. URL: http://www.rusnauka.com/5_NITSB_2009/Pedagogica/41379.doc.htm

14. Современные подходы к трудовому и профессиональному ориентированию лиц с инвалидностью и ОВЗ: коллективная монография / под

общ. ред. Е.А. Петровой. – М.: Издательство РГСУ, 2016. – 320 с. URL: https://xn--80aabdcpejeebhqo2afglbd3b9w.xn--p1ai/uploads/umm/document/76/4bfd4b02f6.pdf

15. Пряжникова Е.Ю. Психология труда: учебник для бакалавров / Е.Ю.Пряжникова. - М.: Издательство Юрайт, 2016. – 520 с.

16. Черных А.И. Опыт довузовской подготовки в системе непрерывного образования развиты страна мира. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/opyt-dovuzovskoy-podgotovki-v-sisteme-nepreryvnogo-obrazovaniya-razvityh-stran-mira

17. Соловьёв А.Н. Психологические основы профессиональной ориентации (по материалам современных зарубежных исследований). Вестник ФГОУ ВПО МГАУ № 3'2011. URL: file:///C:/Users/user/Downloads/psihologicheskie-osnov-professionalnoy-orientatsii-po-materialam-sovremenn-h-zarubejn-h-issledovaniy.pdf

18. Сыздыкова К. Развитие системы профориентационной работы в школах РК как фактор расширения доступа к высшему, техническому и профессиональному образованию. Программа для молодых исследователей в области публичной политики Фонда Сорос-Казахстан. – Алматы, 2008. URL: https://www.soros.kz/wpcontent/uploads/2018/09/%D0%A1%D1%8B%D0%B7%D0%B4%D1%8B%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D0%B0_%D0%B2%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%BA%D0%B0_.pdf

19. Абабкова К.Р. Проблема трудоустройства инвалидов в Российской Федерации: причины, последствия, зарубежный опыт ее решения. URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_35383895_47469918.pdf

20. Общеобразовательная школа: новые методики и технологии: коллективная монография / отв. ред. А.Ю. Нагорнова. – Ульяновск: Зебра, 2018. – 226 с. URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_36627073_30717141.pdf

21. Топешкина Н.В. Зарубежный опыт организации профориентационной работы в школе. Научная библиотека Порталус. Экономика в школе, № 1, 2012, С. 34-46. URL: https://portalus.ru/modules/shkola/rus_readme.php?subaction=showfull&id=1409222822&archive=&start_from=&ucat=&

22. Файзрахманова А.Л. Использование зарубежного опыта в профориентационной деятельности. Молодой ученый. Ежемесячный научный журнал. №8(55)/2013. URL: file:///C:/Users/user/Downloads/moluch_55_ch3.pdf

23. Джафар-заде Д.А. Анализ зарубежного опыта профессионального ориентирования, в том числе инвалидов и лиц с ограниченными возможностями здоровья. Ученые записки Российского государственного социального университета. Том 15 № 6 (139) 2016. URL: https://rgsu.net/netcat_files/multifile/5219/UZ_6_2016_V_PEChAT_.pdf

24. Права и поддержка инвалидов в Великобритании. URL: https://centrtruda.com/interestingness/rights-and-support-disabled-in-the-uk/

25. Employers' Forum on Disability (EFD) — поддержка работодателей, нанимающих людей с инвалидностью. URL: http://nko.economy.gov.ru:81/data/files/dictionary/1455/58/%D0%94%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%BD%D1%8B%D0%B9%20%D0%BC%D0%BE%D0%B4%D1%83%D0%BB%D1%8C.pdf

26. Сансызбаева Г.Н., Аширбекова Л.Ж., Алахунова Т. С. Зарубежный опыт трудоустройства и социальной защиты инвалидов. Вестник КазНУ. – Алматы, 2015. URL: https://articlekz.com/article/15276

27. Ткалич Е. Инвалидность как клеймо. URL: http://argumentua.com/stati/invalidnost-kak-kleimo

28. Кичерова М.Н. Социальная реабилитация инвалидов в современных условиях. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnaya-reabilitatsiya-invalidov-v-sovremennyh-usloviyah

29. О трудоустройстве людей с инвалидностью. URL: http://nko.economy.gov.ru:81/data/files/dictionary/1455/58/%D0%94%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%BD%D1%8B%D0%B9%20%D0%BC%D0%BE%D0%B4%D1%83%D0%BB%D1%8C.pdf

30. Зарубежный опыт трудоустройства и занятости инвалидов. URL: https://studbooks.net/1149090/pravo/zarubezhnyy_opyt_trudoustroystva_zanyatosti_invalidov

31. Дополнительное профессиональное образование в условиях модернизации: сборник статей девятой международной научно-практической интернет-конференции / под науч. ред. М. В. Новикова. – Ярославль, 2017. – 334. URL: https://yargcdutt.edu.yar.ru/sbornik_statey_devyataya_konferentsiya.pdf

32. Технология социальной работы за рубежом: социальное обеспечение в Швеции. URL: https://www.work5.ru/gotovye-raboty/122459

33. Международное законодательство и опыт реабилитации. URL: http://vinmse.vn.ua/international/

34. Махмутова М.Р. Трудоустройство инвалидов в России и за рубежом. Новая наука: опыт, традиции, инновации. Том: 3. Номер: 4. – Уфа, 2017. URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_28995278_66338937.pdf

35. Мелконян И.Г., Мизинова А.Е. Трудоустройство людей с ограниченными возможностями: опыт Японии и России. URL: http://japanstudies.ru/index.php?option=com_content&task=view&id=707&Itemid=71

36. Ананьев В.Л. Непрерывное профессиональное образование лиц с особыми потребностями: сб. ст. II Междунар. Науч-практ. Конф. (Республика Беларусь, Минск, 14 – 15 декабря 2017 года) / редкол. В.Г. Назаренко, А.М.Змушко, Т.В. Лисовская. – Минск, 2017.

37. Рамка мониторинга инклюзивного образования в Республике Казахстан / Г. Ногайбаева, С. Жумажанова, Е. Коротких. – Астана: АО ИАЦ, 2017. – 185 с. URL: http://iac.kz/sites/default/files/edinaya_ramka_monitoringa_ inklyuzivnogo_obrazovaniya.pdf

38. Бикбулатова А.А. О реализации проектов в системе образования, направленных на реализацию Конвенции о правах инвалидов. Российский государственный социальный университет. URL: http://new.groteck.ru/images/catalog/52560/a6def03dd485e9a30c819a66fe8b3330.pdf

39. Аналитический отчет по итогам исследования организации сопровождения конкурсов профессионального мастерства среди людей с инвалидностью на основе опыта Международной Федерации Абилимпикс. – Москва, 2016. URL: https://abilympicspro.ru/netcat_files/108/120/Analiticheskiy_otchet_Abilimpix_RGSU.pdf

40. Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana

41.«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңы. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000039_/compare

42. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V ҚРЗ. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000482/compare

43. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 28 тамыздағы № 280 бұйрығы. URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015858/compare

44. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды диагностикалау және анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі № 150 бұйрығына қосымша.

45. В Астане людям с ограниченными возможностями помогают освоить новые профессии. URL: https://24.kz/ru/news/social/item/296057-v-astane-lyudyam-s-ogranichennymi-vozmozhnostyami-pomogayut-osvoit-novye-professii

46. Innovative school of internet technologies. URL: http://isit.kz/index.php?do=feedback

47. Необычное кафе открыли в столице. URL: https://khabar.kz/ru/syuzhety-novosti/item/114856-neobychnoe-kafe-otkryli-v-stolitse

48. Вы когда-нибудь заказывали еду на языке жестов? В Нур-Султане работает необычное кафе. URL: https://tengrinews.kz/article/kogda-nibud-zakazyivali-edu-yazyike-jestov-nur-sultane-1260/

49. О равном доступе к возможностям в образовании. URL: https://nu.edu.kz/ru/news-ru/o-ravnom-dostupe-k-vozmozhnostyam-v-obrazovanii

